

Құлмат  
Өмірәлиев



АБАЙ  
АФОРИЗМІ

**Құлтат  
Өмірәлиев**



**АБАЙ  
АФОРИЗМІ**

**АЛМАТЫ  
“Қазақстан”  
1993**

ББК 84 Қаз 7-5  
Ө 44

Баспаға дайындаған  
филология ғылымдарының докторы  
Мекемтас Мырзахметов.

Ө 44    Өмірәлиев Қ.  
Абай афоризмі — Алматы: “Қазақстан”, 1993.  
128 бет.

ISBN 5-615-01318-4

Абай шығармаларындағы тәрбиелік мән-мағынасы терең адамгершілік мақсат-мұраттарын білдіретін ой толғаныстары арнайы талданып, жаңа қырынан ашылды. Ұлы ақынның эстетикалық, этикалық, психологиялық, имандылық туралы айтқан нақыл, қанатты сөздері, ой айшықтары іріктеліп арнайы берілді. Автордың ақын мұрасын зерттеудегі тың ізденістері мен толғаныстары да оқырман зертсіне ұялайды деп сенеміз.

Көпшілік оқырманға арналған.

Ө 4603020102—37 22—93  
401(05)—93

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 5-615-01318-4

© Өмірәлиев Қ., 1993

## ПЕДАГОГИКА. МОРАЛЬ

Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге,

\* \* \*

Әр елдің, тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік  
пікірлесе алады, аса арсыздана жалынбайды.

\* \* \*

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң арқалан!  
Сен де — бір кірпіш дүниге  
Кетігін тап та, бар, қалай!

\* \* \*

Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.

\* \* \*

Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеңіз!

\* \* \*

Білімдіден шыққан сөз,  
Талаптыға болсын кез.

\* \* \*

Білімсіздік — хайуандық.

\* \* \*

Біреуден біреу артылса,

Өнер өлшеніп тартылса,  
Оқыған,білген — білген-ақ,  
Надан — надан-ақ сан қылса.

\* \* \*

Бір ғылымнан басқаның,  
Кеселі көп асқанға.

\* \* \*

Ғалым болмай немене,  
Балалықты қисаңыз?

\* \* \*

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба.

\* \* \*

Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін  
үйренбек керек.

\* \* \*

Ғылымсыз дүние жоқ.

\* \* \*

Дүние де өзі, мал да өзі.  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

\* \* \*

Дүниенің ғылымын білмей қалмақтық — бір үлкен за-  
рарлы надандық.

\* \* \*

Еждиһатсыз, михнатсыз,  
Табылмас ғылым сарасы.

\* \* \*

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

\* \* \*

Жатқан надан не білер,  
Көңілге сәуле қонбаса.

\* \* \*

Көзінен басқа ойы жоқ  
Адамның надан әуресі.

\* \* \*

Надандық — ғылым-білімнің жоқтығы.

\* \* \*

Орыстың ғылымы — өнері дүниенің кілті, оны білгенге  
дүние арзанға түседі.

\* \* \*

Оқыған білер әр сөзді.  
Надандай болмас ақ көзді.

\* \* \*

Өзің үшін үйренсең,  
Жамандықтан жиренсең,  
Ашыларсың жылма-жыл.  
Біреу үшін үйренсең,  
Біреу білмей, сен білсең,  
Білгеніңнің бәрі — тұл.

\* \* \*

Өзі өнерсіз өмірден тез суынар,  
Ойланған жолаушыдай бос қалғаның.

\* \* \*

Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға  
сөз ұға алмайсың.

\* \* \*

Өнер — өзі де мал, өнерді үйренбек — ихсан.<sup>1</sup>

\* \* \*

Таразы да, қазы да өз бойында,  
Наданның сүйенгені көп пен дүрмек.

\* \* \*

Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.

---

<sup>1</sup> еңбек.

\* \* \*

Талап, ұғым — махаббаттан шығады.

\* \* \*

Шәкіртсіз ғалым — тұл.

Адам баласын бауырым деу — жүрек ісі.

\* \* \*

Адам баласына адам баласының бәрі — дос.

\* \* \*

Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерден озады.

\* \* \*

Адамшылықтың алды — махаббат, ғаделет, сезім. Бұл ғаделет, махаббат, сезім кімде көбірек болса, ол кісі — ғалым.

\* \* \*

Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

\* \* \*

Адамның адамшылығы — ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

\* \* \*

Әкесі ұрысса балаға о да — достық,  
Баласы ұрысса әкеге жараса ма?

\* \* \*

Әкесінің баласы — адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырың.

\* \* \*

Әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл — адамға нұр болады.

\* \* \*

Біреу сенің қамынды жесе, сенің оған қарыздар екеніңе де ұстаздық керек пе?

\* \* \*

Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас.

\* \* \*

Досыңа достық — қарыз іс.  
Дұшпаныңа әділ бол.

\* \* \*

Ер артық сұраса да, азға разы болады; ез аз сұрар,  
артылтып берсең де разы болмас.

\* \* \*

Ер ісі — ақылға ермек, бойды жеңбек.  
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.

\* \* \*

Жаман дос — көлеңке: басыңды күн шалса, қашып  
құтыла алмайсың; басыңды бұлт алса, іздеп таба алмай-  
сың.

\* \* \*

Жаман тату қазады өзіңе ор,  
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.  
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен.  
Өзі зордың болады ығы да зор.

\* \* \*

Жолдастық, сұхбаттастық<sup>1</sup> — бір үлкен іс.

\* \* \*

Жүрегі жұмсақ білген күл,  
Шын дос таппай тыншымас.  
Пайда, мақтан бәрі — түл,  
Доссыз ауыз түшымас.

\* \* \*

Жылмаңы сыртта, іші арам,  
Кез келер кайда сорлыға.

\* \* \*

Залымдық — адам баласының дұшпаны.

<sup>1</sup> Мәжілістестік.



\* \* \*

Кей күрбы бүгін — тату, ертең бату,  
Тілеуі, жақындығы — бәрі сату.

\* \* \*

Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз.

\* \* \*

Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат  
қылмағың қарыз.

\* \* \*

Кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты да жоқ.

\* \* \*

Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға  
қылған болыстық өзі адамды бұзады.

\* \* \*

Қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек — олар  
дүшпандық шақырады.

\* \* \*

Қайғысыздан сақ бол,  
Қайғылыға жақ бол.

\* \* \*

Қолдан достық жасап ем болар-болмас,  
Итмұрындай наданның жыртты бірі.

\* \* \*

Құйрығы шаян, беті адам  
Байқамай сенбе күрбыға.

\* \* \*

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа.

\* \* \*

Малыңды жауға,  
Басыңды дауға,  
Қор қылма, қорға, татулас.

\* \* \*

Махаббатсыз — дүние бос —  
Хайуанға оны қосындар.

\* \* \*

Надан арам ақылды күлаққа ілмек.  
Нысап, ұят — бұл ғаделеттен шығады.

\* \* \*

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның  
бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң,  
алланың сүйген құлының бірі боласың.

\* \* \*

Өзің құрметтемеген нәрсеге өзгеден құрмет күтпе.

\* \* \*

Өсіп-өну жолында адамның талап қылып ізденер  
қарызды ісінің алды — әуелі дос көбейтпек. Кімге до-  
стығың болса, достық — достық шақырады.

\* \* \*

Адал еңбекпен мал іздемек — ол арлы адамның ісі.

\* \* \*

Адалдан тапқан тиынды,  
Сал да сақта қапшыққа.  
Қолдағынды қорғап бақ,  
Мал арзан деп аптықпа.

\* \* \*

Адамға халінше ихсанды болмақ — қарыз іс.

\* \* \*

Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан өнерші — қазақтың  
әулиесі.

\* \* \*

Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық.

\* \* \*

Демеңдер өңбес іске жұбаналық,  
Ақыл тапсақ, мал тапсақ қуаналық.

\* \* \*

Еңбек қылсаң ерінбей,—  
Тояды қарның тіленбей.

\* \* \*

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,  
Қардың суы секілді тез суалар.

\* \* \*

Еңбексіз мал дәметпек — қайыршылық.

\* \* \*

Еріншектік — күллі дүниенің дүшпаны.

\* \* \*

Өз қайратыңа сүйеніп еңбегінді сау; еңбек қылсаң,  
қара жер де береді, күр тастамайды.

\* \* \*

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның  
бірі боласың...

\* \* \*

Қаруыңның барында қайрат қылмай,  
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де жел.

\* \* \*

Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,  
Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.

\* \* \*

Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық,  
Аздырар адам баласын.

\* \* \*

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,  
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

\* \* \*

Ісім өнсін десең — ретін тап.

\* \* \*

Ары бар, ақылы бар, ұяты бар

Ата-ананың қызынан ғапыл калма.

\* \* \*

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме!  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме!

\* \* \*

Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,  
Көз бен көр де, ішпен біл.

\* \* \*

Жас қыз бен жас байтерек — бәрі бірдей,  
Жапырағы тұра ма жылда өзгермей?

\* \* \*

Кәрі, жас дәурені өзге, тату емес,  
Епке көнер ет жүрек сату емес.

\* \* \*

Қызды сүйсең, бір-ақ сүй, тандап тауып,  
Көрсен қызар, күнде асық — диуаналық.

\* \* \*

Ғашықтық, құмарлық пен — ол екі жол,  
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.

\* \* \*

Махаббат, достық қылуға —  
Кім де болса тең емес.  
Қазір дайын тұруға —  
Бес күндік ғашық жөн емес.

\* \* \*

Өзі сүйіп, өзгеден сүю тілеп,  
Таппаған сорлы адамнан сөнер шырақ.

\* \* \*

Тұрлаусыз ғашық — түл.

\* \* \*

Шын көңілімен сүйсе екен, кімді сүйсе,  
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.

## ПСИХОЛОГИЯ. ЭТИКА

Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

\* \* \*

Адамның адамшылығы — ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

\* \* \*

Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

\* \* \*

Ақы беріп тындатқан,  
Сөз көкейге қонар ма.  
Құлағын сатқан тәңірі атқан,  
Оңдырар ма, оңар ма?

\* \* \*

Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас,  
Үйретуден балаға.

\* \* \*

Ақылсыз — шынға сенбей, жоққа сенбек.

\* \* \*

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,  
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.

\* \* \*

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.

\* \* \*

Ақыл сенбей сенбеңіз,  
Бір іске кез келсеңіз.

\* \* \*

Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылықты сүйемектікпен өсер.

Ақыл бітпес дәулетке,  
Дәулет бітпес келбетке.

\* \* \*

Ақыл мен ғылымды күлкі тоздырады.

\* \* \*

Асығыс түбі — өкініш.

\* \* \*

Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,  
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

\* \* \*

Әрбір жинақылықтың түбі — кеніш.<sup>1</sup>

\* \* \*

Әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рақаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл. Ызалы күлкі — өзі де қайғы.

\* \* \*

Әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рақаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл. Әрбір ғибрат алмақтың өзі де мастыққа жібермей, уақытымен тоқтатады.

\* \* \*

Баланың жақсысы — қызық, жаманы — күйік.

\* \* \*

Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық,  
Қартаймастай көрмелік, ойланалық,

\* \* \*

Бойда қайрат, ойда көз  
Болмаған соң айтпа сөз.

\* \* \*

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен-өзің есеп ал.

---

<sup>1</sup> Молшылық.

\* \* \*

Екі кеме күйрығын,  
Ұста, жетсін бұйрығың.

\* \* \*

Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады.

\* \* \*

Жақынның сөзі тәтті деп,  
Жақыным айтты дей көрме.  
Надандықпен кім айтса,  
Ондай түпсіз сөзге ерме.

\* \* \*

Жастықта бір күлгенің — бір қаралық,  
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.

\* \* \*

Жігіттер, ойын — арзан, күлкі — қымбат.  
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

\* \* \*

Керек іс бозбалаға — талаптылық.

\* \* \*

Көп айтса көнді,  
Жұрт айтса болды —  
Әдеті надан адамның.

\* \* \*

Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің,  
Өзіңді-өзің күзет, кел шырағым!

\* \* \*

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек: әуелі — надандық, екінші — еріншектік, үшінші — залымдық-надандық — білім... ғылымның жоқтығы... білімсіздік — хайуандық... еріншектік — күллі дүниедегі өнердің дұшпаны; талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік — бәрі осыдан шығады. Залымдық — адам баласының дұшпаны, адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді. Бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады.

\* \* \*

Кімде кім үйреніп жетпей жатып үйренгенін қойса,  
оны күдай ұрды.

\* \* \*

Қайғы келсе, қарсы түр құлай берме,  
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.  
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде.  
Сонан тапқан — шын асыл, тастай көрме.

\* \* \*

Қайтып келер есікті,  
Қатты серіппе жарқын-ау,  
Жетілсең де, жетсең де,  
Керек күні бір бар ау.

\* \* \*

Қайғы-дертің мейлі мың,  
Саудаға салма, өзіңе ар.

\* \* \*

Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік бол-  
са, сонда ғана оның аты адам болады.

\* \* \*

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,  
Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер.

\* \* \*

Құйрығы шаян, беті адам —  
Байқамай сенбе құрбыға.  
Жылмаңы сыртта, іші арам,  
Кез болар қайда сорлыға.

\* \* \*

Мен боламын демендер,  
Аяқты алшаң басқанға.  
Екі көзің аларып,  
Құр қарайсың аспанға.  
Бір ғылымнан басқаның,  
Бәрі кесел асқанға.  
Үйткен адам жолығар,  
Кешікпей-ақ тосқанға.



\* \* \*

Өзі алданып, өзгеден соққы жеген  
Және өзі біреуді алдай алмас.

\* \* \*

Өзінде бармен көзге ұрып,  
Артылам деме өзгеден.

\* \* \*

Өзінді сенгіштікпен әуре етпе,  
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.  
Жұртпен бірге өзінді қоса алдасып,  
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

\* \* \*

Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Пайданы көрсең бас ұрып,  
Мақтанды іздеп қайғы алма.  
Мініңді ұрлап жасырып,  
Майданға түспей бәйге алма.

\* \* \*

Сөз танымасқа сөз айтқанша, өзінді танитын шошқаны  
бақ.

\* \* \*

Сөзіне қарай кісіні ал,  
Кісіге қарап сөз алма.

\* \* \*

Тез үйреніп, тез жойма,  
Жас уақытта көңіл — гүл.

\* \* \*

Тұрлаусыздың қолынан не келеді,  
Ынтасыз қайтіп өнер үйренеді?

\* \* \*

Уайым-қайғысыздығында уайым-қайғы қыл-дағы, сол  
уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды қарекет тап.  
Әрбір орынды қарекет өзі де уайым-қайғыны азайтады.  
Уайым-қайғынды орынсыз күлкімен азайтпа, орынды  
қарекетпен азайт.

\* \* \*

Уайым — ер қорғаны; есі барлық.

\* \* \*

Уайымсыз салғырттық — дәулеттің, ақылдың, ардың  
дұшпаны.

\* \* \*

Үш-төрт жылғы әдетің,  
Өзіңе болар жендетің.

\* \* \*

Үш-ақ нәрсе — адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

\* \* \*

Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,  
Еріншек ездігінен көпке көнбек.

\* \* \*

Адам өзі тапқан өнерлерін күнде тексерсе, күнде өседі.  
Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің  
жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа  
адам болып кеткенінді білмей қаласың. Жоғалған өнер  
“мен жоғалдым” деп, хабар беріп жоғалмайды. Енді қусаң,  
бағанағы әуелгі табуыңнан қиынырақ тиеді.

\* \* \*

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп,  
ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-  
дағы, сондайда білгені, көргені көп адам білімді болады.

\* \* \*

Адамға ғылым-білімді көбейтуге екі қару керек: бірі —  
пікірлеспек, екіншісі — берік сақтау.

\* \* \*

Адамның білімі қақиқатқа, растыққа құмар болып, әр  
нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен болады.

\* \* \*

Адамның қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең  
қызықты уақыты болып ойында қалады.

Аз ба, көп пе, адам баласының бір түрлі мақтаннан аман болмағы қиын іс.

\* \* \*

Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса — жарамайды. Өлшеуін білмек — бір үлкен іс. Әуелі — ойланбақ жақсы, бірақ іске тіпті салынып кеткен кісінің ойын билей алмай, қияли болып кеткені де болады. Екінші — ішпек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, күшпек, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық — бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады.

\* \* \*

Әрбір нәрсеге қызықпақтықтың өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен... Әрбір құмарлықтың өзі бір дерт: әрбір құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде бір түрлі мастық пайда болады. Ал әрбір мастық — бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, "ананы, ананы" дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе.

\* \* \*

Әрбір қақиқатқа тырысып, еждихатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма. Егер ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, онда ол кімге пұл? Өзің құрметтемеген нәрсеге өзгеден қайтіп құрмет күтесің?

\* \* \*

Басына һәм өзіне өзгешелік бермек — адам ұлын бір бұзатын іс.

\* \* \*

Бахас<sup>1</sup> — өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған ашқарақтану жарамайды.

\* \* \*

Егер дін көңлің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бірақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады.

---

<sup>1</sup> Бәсеке.

\* \* \*

Әуелі — білім-ғылым табылса ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның себебі білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рақат тыныштық пайда болады.

\* \* \*

Біреуді ызаландырмақ — шарифатқа, шаруаға залал, ақылға теріс.

\* \* \*

...ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бақасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңілді пысықтандырмақ үшін залалды емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі — әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас күншілдікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды...

\* \* \*

Көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш.

\* \* \*

Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол — көп жиғаны бар адам. Ондай кісі жаңа естіп, көріп білгендерін сынап, орынды-орынсызын бағанағы жиған нәрселеріне қарай есеп қылады. Бұлай етіп харекет еткен адамды ақылды дейміз.

\* \* \*

Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласына өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар — жүрек ісі. Асықтық та жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, (онда) жалған шықпайды, амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады.

\* \* \*

Үлкендік — адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ.

\* \* \*

Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіңнен өз мойынына салып, сөгіп қылған қысымның аты.

\* \* \*

Ашқарақтық, өзімшіл, менмендік, мақтаншақтық, күлкішілдік бойды жеңсе, ондай кісі бойына қорлық келтіретұғын еңбектен де, өсектен де қашық болмайды.

\* \* \*

Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил (қателік) көп өтетұғынын.

\* \* \*

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші — ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы, күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе — күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

\* \* \*

Күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек.

\* \* \*

Қайратсыз ашу — түл.

\* \* \*

Мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады: біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді; ол — надан да болса адам. Екіншісі өзі елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді; оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я аулына ғана келіп айтпаса өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді; ол — наданның наданы һәм өзі адам емес. Жатқа мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді. Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген өзімді өзім мақтап жетсем дейді.

\* \* \*

Мастық бойдан ағаттық көп шығарып, ақылдың көзін байлайды.

\* \* \*

Мінез — ақыл мен ғылымды сақтайтын сауыт. Көрсек-қызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады.

\* \* \*

Өз дәулетінен артық киінбек не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ — кербездің ісі.

\* \* \*

Өзі өзгеше боламын демектің түбі — мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілдікті бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды.

\* \* \*

Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ — өнерсіз иттің ісі.

\* \* \*

Өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады.

\* \* \*

Уайымсыз салғырттық, ойыншы, күлкішілдік, қайғыға салыну бұлар — ой кеселі.

\* \* \*

Пәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан, арыс келеді; әрбір арыс жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

## ФИЛОСОФИЯ. ЭТИКА

Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват.

\* \* \*

Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісімен сырлас болады.

\* \* \*

Адамзат бүгін адам, ертең топырақ,  
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.  
Ертең өзің қайдасың, білемісің,  
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

\* \* \*

Аспаса ақыл қайраттан,  
Тереңге бармас, үстірттер.

\* \* \*

Адам баласы жылап туады, кейіп өледі.

\* \* \*

Әуелде жас қартаймақ, туған өлмек.  
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.  
Басқан із — көрген қызық, артта қалмақ,  
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

\* \* \*

Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар,  
Өлшеуінен асса жарамайды.

\* \* \*

Биік мансап — биік жартас: ерінбей еңбектеп жылан  
да шығады; екпіндеп ұшып қыран да шығады.

\* \* \*

Ғұмыр — ақиқат.

\* \* \*

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?

\* \* \*

Достық, қастық, бар қызық — жүрек ісі.  
Ар, ұяттың бір ақыл — күзетшісі.

\* \* \*

Дүние бір қалыпты тұрмайды, адамның қуаты, өмірі  
бір қалыпта тұрмайды.

\* \* \*

Дүние — үлкен көл, заман — соққан жел; алдыңғы  
толқын — ағалар; кейінгі толқын — інілер, кезекпенен  
өлінер, баяғыдай көрінер.

\* \* \*

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, (онда) адамдықтың орны болмайды.

\* \* \*

Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды, соңғыға кім азбайды.

\* \* \*

Дүниеде жалғыз қалған адам — адамның өлгені.

\* \* \*

Жалыны қайтар дененің,  
Үнемі тұрмас осы шақ.  
Талайғы кәрі дүниенің  
Бір кетігін ұстап бақ.

\* \* \*

Жамандықты кім көрмейді? Үміт үзбек — қайратсыздық. Дүниеде еш нәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

\* \* \*

Жүрек — адам денесінің патшасы.

\* \* \*

Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас.  
Сол қызықты өмірде жүрек қалмас.  
Жүректен қызу-қызба кете қалса,  
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

\* \* \*

Жүректе қайрат болмаса,  
Ұйықтаған ойды кім түртпек?  
Ақылға сәуле қонбаса,  
Хайуанша жүріп күнелтпек.

\* \* \*

Жүректің ақыл суаты.



\* \* \*

Жүрегі — айна, көңлі ояу

\* \* \*

Замана өзгеруімен қағидалар да өзгермек.

\* \* \*

Замана — шаруа мінез, күнде өзгереді,  
Оларға кез-кезімен нәби келді.

\* \* \*

Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.  
Өлді деуге сия ма, ойландаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

\* \* \*

Көкіректе сәулесі жоқтың көңілде сенімі жоқ.

\* \* \*

Қарашада өмір түр,  
Токтасаң тоқсан көнер ме?  
Арттағы майда көңіл жүр,  
Жалынсаң қайтып келер ме?  
Майдағы жұрттың іші — қар,  
Бәйшешек қарға өнер ме?  
Ішінде кімнің оты бар,  
Қар жауса да, сөнер ме?

\* \* \*

Қартаң тартқан адамнан от азаймақ,  
От азайса, әр істің бәрі тайғақ.

\* \* \*

Лай суға май бітпес қой өткенде.

\* \* \*

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа.

\* \* \*

Мақсат — алыс, өмір — шақ.

\* \* \*

Мұндасып шер тарқатар кісі болмаған соң, ғылымның  
өзі бір тез қартайтатұғын күйік.

\* \* \*

Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тарта-  
сың.

\* \* \*

Өмір, дүние дегенің —  
Ағып жатқан су екен,  
Жақсы, жаман дегенің —  
Ойлай берсең у екен.

\* \* \*

Өмірдің алды ыстық, арты суық,  
Алды ойын, арт жағы мұңға жуық.

\* \* \*

Сағаттың шықылдағы емес ермек,  
Пәммиша өмір өтпек — ол білдірмек.  
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,  
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

\* \* \*

Сағаттың өзі — ұры шықылдаған,  
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.  
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,  
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.

\* \* \*

Токтаулылық, талапты, шыдамдылық  
Бұл — қайраттан шығады, білсең керек.

\* \* \*

Адамзатқа не керек:  
Сүймек, сезбек, киінбек,  
Харекет қылмақ, жүгірмек,  
Ақылмен ойлап сөйлемек.

\* \* \*

Әркімді заман сүйремек,  
Заманды қай жан билемек?

Заманға жаман күйлемек.  
Заманы оны илемек.

\* \* \*

Ұзақ өмір не берер,  
Көрген, білген болмаса.  
Жатқан надан не білер,  
Көңілге сәуле қонбаса?

## ЭСТЕТИКА. ӘДЕБИЕТ

Әннің де естісі бар, есері бар,  
Тыңдаушының құлағын кесері бар.  
Ақылдың сөзіндей ойлы-күйлі,  
Тыңдағанда көңілдің өсері бар.

\* \* \*

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол — ақынның білімсіз бейшарасы.

\* \* \*

Білгенге — маржан, білмеске — арзан.

\* \* \*

Жазған соң, жерде қалмас тесік моншақ  
Біреуден біреу алып, елге тарар.

\* \* \*

Сұлу аттың көркі — жал,  
Адамзаттың көркі — мал.  
Өмір сүрген кісіге  
Дәулет қызық, бала бал.

\* \* \*

Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен  
Өмір — сәуле, көрінер судай тұнық.

\* \* \*

Құлақтан кіріп, бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсен, менше сүй.  
Дүние ойдан шығады,

Өзімді-өзім ұмытып.  
Көңілім әнді ұғады,  
Жүрегім бойды жылытып.

\* \* \*

Құр айқай бақырған  
Құлаққа ән бе екен?  
Өнерсіз шатылған  
Кісіге сән бе екен?

\* \* \*

Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Наданның көзін қойып, көңіл ашпақ.  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

\* \* \*

Мен жазбаймын өленді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

\* \* \*

Өзгеге көңілім, тоярсың,  
Өленді қайтіп қоярсың?  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дертті жоярсың.

\* \* \*

Өзіңе сенбе, жас ойшыл,  
Тіл өнері дертпен тең.

\* \* \*

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы.

\* \* \*

Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі  
Өрнегін сендей сала алмас.  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар баһра ала алмас.

\* \* \*

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең.

\* \* \*

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар.  
Әннің тәтті оралған мәні оятар.

\* \* \*

Жүректің көзі ашылса;  
Хақтың түсер сәулесі,  
Іштегі кірді қашырса,  
Адамның хикмет кеудесі.

\* \* \*

Шырайды қайғы жасырмай,  
Күлкінің ерні кезермес.

\* \* \*

Ызалы күлкі — өзі де қайғы.

## САТИРАЛЫҚ СӨЗДЕР

Ел бұзылса, табады шайтан өрнек.

\* \* \*

Терін сатпай, телміріп көзін сатып.

\* \* \*

Жүз қараға екі жүз аларман бар.

\* \* \*

Бұзыларда ойламас бет берем деп.

\* \* \*

Ала жылан, аш бақа күпілдектер...

\* \* \*

Қоржаң суық келеді кей сасық ми.

\* \* \*

Бірақ секіріп шығам деп,  
Бірақ қарғып түсем деп,  
Мертігеді, жатады.

\* \* \*

Ат-шапаннан кем көрмес,  
Біреу атын қойса “қу”

\* \* \*

Өз үйінде қипаңдап,  
Кісі үйінде күй таңдап.

\* \* \*

Күшік иттей үріп жүр,  
Кісіден кеммін демейді.

\* \* \*

Жат айбынар ісі жоқ.  
Жау айдынар күші жоқ.

\* \* \*

Қалжыңы теріс, сөзі ұрыс.

\* \* \*

Ит көрген ешкі көзденіп.

\* \* \*

Өз үйінде өзендей  
Күркіреді, айтса дау.

\* \* \*

Жайы мәлім шошқаның  
Тұрткенінен жасқанбай.

\* \* \*

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да...

\* \* \*

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да...

\* \* \*

Жүректе айна жоқ болса,  
Сөз болмайды өзгесі.

\* \* \*

Жүректің тілін сөйле, тіл,  
Жалғаны жоқ бояма.

\* \* \*

Жүректе көп қазына бар, бәрі — жақсы.  
Теңіздің түбіндей-ақ қарап бақшы.

\* \* \*

Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бой-  
ды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып  
ағады, я тілден сөз болып ағады.

\* \* \*

Көңіл құсы күйқылжыр шар тарапқа,  
Адам ойы түрленіп ауған шақта.

\* \* \*

Көңілсіз құлақ — ойға олақ.

\* \* \*

Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

\* \* \*

Күн артынан күн туар,  
Бір күн дамыл еткізбес.  
Ой артынан ой туар,  
Желге мінсең, жеткізбес.

\* \* \*

Құрсаған бұлт ашылмай,  
Аспанның жүзі көгермес.  
Үрпиген жүрек басылмай,  
Талапты көңіл елермес.

\* \* \*

Мақтау — жел сөз, жанға қас,  
Қошеметшіл шығарған.

\* \* \*

Тартқан бейнет, өткен жас  
Жүректің отын сөндірмес.  
Махаббат — өмір көркі рас,  
Өлген соң ол да үндемес.

\* \* \*

Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды,  
амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады.

\* \* \*

Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?  
Шымылдық боп көрсетсе шынның жүзін.

\* \* \*

Уайым — аз, үміт — көп,  
Ет ауырмас бейнетке.

\* \* \*

Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда көңілдің  
уанғаны да болады, өшкені де болады.

\* \* \*

Үйден үрген итке ұсап.

\* \* \*

Сиырша тойса мас болып,  
Өреге келіп сүйкенер.

\* \* \*

Тұрлаусыздың қолынан не келеді?  
Ынтасыз қайтіп өнер үйренеді?

\* \* \*

Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста  
Кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста.

\* \* \*

Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар.

\* \* \*

Өзің үлкен, қылығың — бала-шаға,  
Балаша мәз боп жүрсің тамашаға.

\* \* \*

Надан қуанар, арсандар,  
Таңырқап тұра қалсандар.

\* \* \*

Керенеу кердең, бір керім,



Жақпайды маған сол жерің.

\* \* \*

Амалдап қарайды талға жалғап,  
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап,

\* \* \*

Кеселді жалқау, қылжақбас,  
Әзір тамақ, әзір ас.  
Сыртың — пысық, ішің — нас,  
Артын ойлар ұялмас.

### АБАЙ АФОРИЗМДЕРІНІҢ ТУУ НЕГІЗДЕРІ ЖАЙЫНДА

Абай шығармаларында афористік сөздердің болу және мол болу себептері неде?

Әрбір қоғамдық ой өз дәуірінде ғана туа алады. Ал әдебиетте осы ойды беретін тәсіл — белгілі бір жанр да тарихи қажеттіктер негізінде белгілі бір дәуірде ғана туып отырады. Бұл дәуірді халықтардың бәрі бірдей өз басынан бір мезгілде өткізіп отырмайтындықтан, мұның өзі әрбір халықтың әлеуметтік, қоғамдық жағдайларына байланысты ертелі-кеш үздік-создық етіп отыратындықтан, осы қоғамдық жағдайдың әмір-үкімінен туатын ой-пікірді әдебиетте беретін тәсіл — әдеби жанрлардың туып, қалыптасуында да үздік-создықтық бола береді.

Айталық, қайсыбір халық әдебиеттің барынша жетілген, кемеліне келген озық үлгілеріне мұрагер болып отырған кезде, екінші бір халық өзінің әдеби мәдениетін жаңа бастап, әдебиеттің барша халықтар сөзсіз иелік ететін алғашқы үлгілерін ғана тұтынып отырса, мұның өзі табиғи нәрсе.

Сол сияқты жеке бір индивидтың әдебиетті қоғамға қызмет етуге жегуінде де, әдебиеттің қызметін қай мақсатта керек деп біліп, әдебиетте өзіндік мақсат ұстауында да ерекше мән бар. Себебі жеке бір ақын, я жазушы әдебиетті белгілі мақсатқа пайдаланса, осы мақсат жолында әдебиеттің белгілі жанрын, тәсілін іздесе, мұның өзінде де қоғамдық талаптың сол ақынға деген әмір-билігі жатады. Демек, көп жағдайда ақын да, ол қалыптастырған жанр да, шығарма да өзін туғызған ортадан, ортаның талабынан ұзап алға шығып кетпек емес. Демек, ақынның әдебиеттің

қай жанрын тұтынуы мен қай мақсатта шығарма жазуына оның дәуірі үкім айтады.

Олай болса, Абай шығармаларындағы афоризмді, оның бесігі — дидактикалық поэзияны әңгіме еткенде, ең алдыменен оны ақынның әдеби жанр ретінде тұтынуына түрткі болған ең негізгі себепті қоғамдық жағдаймен, қоғамдық қажеттілікпен бірлікте сөз еткенде ғана толық түсінуге болады.

Афоризм — бірінші кезекте дидактикалық поэзияның жемісі. Ал Абай шығармаларындағы афоризмдер де, — жалпы әлем әдебиетіне ортақ заңдылық негізінде, — абайлық өсиет сөздердің, дидактикалық-философиялық, тілдік-стильдік тәсіл.

Ал ұлы ақын шығармаларынан дидактиканың орын алуына себеп болған жай, яғни сол кездегі қазақ өміріне тән қоғамдық жағдайлар қайсы?

Заманымыздың көрнекті ғалымы Мұхтар Әуезов Абай бой алдырмай шыққан дәуірді былай суреттеген еді: "Мәдениет, өнер-білімге кенжелеп, артта қалған ел-жұрт бар. Қыс жұты, жаз індетімен аралас ел шаруасының күтын шайқап, барымта жасап, бақталастан туған әлек, лаң әкеліп, соны қалың ел ортасына пәле ғып жүрген, қанап, тонап, сорлатып жүрген атқамінер шонжар бар. Өздері надан, өздері ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын дүлей, қараңғы тап. Олар бастаған ел көшінің барар беті — қараңғы, екіталай тығырық"<sup>1</sup>.

Міне, табан астынан әріні көрмеген, көруге талпынбаған, осындай күйті де күйбең өмірді місе тұтқан ортаға тап болған Абайды ақындық жолына, — басқаша емес, тіршілігі бастап әкелді.

Абай бұл ақындықты қоғамға азаматтық қарызым деп біліп барып, саналы бастады, өзінің алдына өзгеше зор ақындық міндет программа қойды...

Ол программа қауымды, өз отандастарын тәрбиелеуді мақсат етті. Ақын "Заманды түзетпек болды".

Ал надан, қараңғы қауым үшін тәрбиеші етіп әдебиетті қызметке пайдаланғанда, ұлы ақын өз поэзиясының өзекті бір саласы дидактикалық жанрды таңдады. "Өмірдің барлық саласынан, жұрттың бүгінгісіне де, келешектегісіне де сабақ беруді адамдық борышым деп ұққан"<sup>2</sup> ол "Өсиет

<sup>1</sup> Әуезов М. Әр жылдар ойлары, Алматы, 1959, 33-бет.

<sup>2</sup> Жұмалиев Х. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі, 2-том, Алматы, 1960, 317-бет.

өлең халық дертінің, тарих қайшылықтарының бәрін емдеп, тазартатын өзгеше құрал деп білді”<sup>1</sup>.

Өйткені поэзияның өзге тектерінен гөрі өсиет өлеңнің, дидактикалық поэзияның табиғатында қараңғы қауым түсінігіне жақын келетін өзіндік бір ерекшелік бар еді.

Дидактикалық поэзия — творчестволық бояу шектеліп, таза ақыл, өсиет тілі алға шығатын, өлеңнің көркемдігінен гөрі сөзшеңдігі мен ақылгөйлігі оның ерекшелігі ретінде көрінетін поэзиялық түр.

Міне, Абайдың ақындықты әлеуметтік қызметке жеккен шағында қазақ қауымының мәдениеті әдебиеттен осындай үлгіні біршама керек ететіндей дәрежеде болды.

Сөз жоқ, қазақ халқының сол тұстағы қоғамдық жағдайы Абайдың алдында өткен ақындардан да әдебиетті осы үлгіде жасауды керек етті. Ал қазақтың Бұхар бастаған ауызша әдебиетінің аты белгілі және аты белгісіз көп ақындары әдебиеттің осы қызметіне орай қажетті шығармаларды өз шамаларынша туғызды да. Абайдың өз жеке басының жағдайы бұл дала әдебиетінің көшпелі халық әдебиетінің өкілдерінен гөрі басқаша болды. Қараңғы сахарада етек басты елдің төрінде тұрмыс құрғанына қарамай, Абай сонау Россиядағы озық идеямен — орыстың классикалық әдебиеті өкілдері Крылов пен Пушкин, Лермонтов пен Салтыковтың, Толстойдың, революционер-демократ сыншы жазушылар Белинский, Чернышевский, Добролюбовтың идеяларымен үндес болды. Абайдың осы мектептен ең бірінші алған “түсінігі, үлгісі ақындық халыққа қызмет етудің үлкен бір жолы”, “ақын шығармалары қоғамның тәрбиесіне, өсіп дамуына, дүние тануына жәрдем ететін еңбек”<sup>2</sup>, — деген көзқарас болды.

Осы мектеп бағытымен Абай да қазақ топырағында әдебиетті — өз шығармаларын мешеу тұрмысқа мұрындық, соқыр кеудеге сәуле, надан өмірге өнеге-үлгі, тез деп білді. Бірақ Абай әдебиетті қару еткенде бірыңғай пушкиндік, лермонтовтық, некрасовтық поэзия үлгісімен кете алған жоқ. Қазақ жағдайы ақынды еріксіз өзге тәсілге бұрылуға мәжбүр етті. Халық өміріне еншілес болған қараңғылық, надандық өз тұстарынан бір дәуір ілгері кеткен, кеудесі құдіреттей ақындық талантқа толы Абай қаламын поэзияның көркем үлгілерін жасау жолынан әр кез қақпалай берді. Данышпан ақын осы тарихи шын-

<sup>1</sup> Әуезов М. Әр жылдар ойлары, 102-бет.

<sup>2</sup> Әуезов М. Әр жылдар ойлары, 170-бет.

дықтың шегінен асып кете алмады. Осы тарихи шындық ақынды заманының өрісіне лайық әдеби үлгіні қару етіп, тар өрістіліктің негізгі тамыры — надандылыққа соққы беруге міндеттеді; мәдениетте, ой-санада, жалпы қоғамда артта қалған халықтың түсінігіне қозғау салу үшін, құлақ түбінен дауыстап, таза ақыл күйінде үгітші, насихатшы, өнеге үйретуші болуға бой ұрғыза берді. Осының нәтижесінде көп жағдайда көркем поэзияға тән шығарма бояуының әсерлі жарқылы, шарықтап шалқи атқыған әсем фонтандық тасқыны, ақын қиялының кереметтей құлаш жаюы т. с. с. екінші қатарға шегіндіріліп, оның орнын мысқылдай ұсынып, батпандап жүк артатын өнеге тілі — дидактикалық поэзия басты:

Әуелде жас қартаймақ, туған өлмек,  
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек,  
Басқан із — көрген қызық, артта қалмақ,  
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.  
Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,  
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.  
Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,  
Еріншек ездігінен көпке көнбек.  
Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,  
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.  
Таразы да, қазы да өз бойында  
Наданның сүйенгені көп пен дүрмек.

Әрине, Абай зор ақындық шабыт иесі болғандықтан да мұндай өлеңдеріндегі ақыл сөздеріне көркемдік бояу оның өз ойлағанынан гөрі көбірек еніп, ақылдықты ақындық басып кетіп отырады. Осындай жағдайда Абай “бұл өлең сөздерінің көптен-көбін заманындағы оқушы мен тыңдаушыларына үнемі түсінікті болмайтындай көреді. Онысы анығында солай да еді” (М.Әуезов). Осы жайды ескеріп, Абай дидактикалық поэзияға туыс нақыл сөз үлгісіндегі қарасөзге көшеді. Оны қатар алып отырады. Мұнда Абай өз оқушы, тыңдаушыларымен әңгімелесе отырып, “сол өлеңдерінде айтылатын ойларының бірталайын жаңа сөзбен таратады”<sup>1</sup>.

Сайып келгенде, ақынның қара сөздері де осылайша, өз дәуіріндегі оқушы, тыңдаушы жұрттың ой-өрісі талабынан келіп туған, өз дәуірі жағдайлары қажетінен келіп туған дидактикалық-философиялық шығармалар. Мораль философиясы.

<sup>1</sup> Әуезов М. Әр жылдар ойлары, 170-бет.

Ақынның бұл дидактикалық поэзиясының да, дидактикалық-философиялық қарасөздерінің де негізгі тілдік құралы — афоризмдер. Бұлар бір-екі өлең жолында; я бір-екі сөйлем аясында тұжырымдалып отыратын мақал сипаттас көркем сөздер боп келеді. Осы себепті де оларды ақын өлеңдері мен қара сөздерінің тұтас желісінен үзіп алып қарауға келе береді.

Қараңыз:

Біреуден біреу артылса,  
Өнер өлшеніп тартылса...

Оқыған білген — білген-ақ  
Надан — надан-ақ сан қылса...

Оқыған білер әр сөзді,  
Надандай болмас ақ көзді...

(“Әсетке”)

Махаббатсыз дүние бос  
Хайуанға оны қосындар...

Абайдың ақындық мектебі сөз болғанда, біріншіден, өзіне дейінгі қазақ әдебиетінің бай қазынасы, екіншіден, Таяу Шығыстың орта ғасырда жасаған алыптары мұралары, үшіншіден, орыс әдебиеті классиктерінің еңбектері аталып жүр. Ал ақын афоризмдерін сөз еткен шақта да осы әдебиеттердің әсері болғандығын еске сақтау керек.

Бұл әдеби үлгіні заман талабына орай пайдаланғанда Абай оны дәл осы қалпында өзі ғана жасаған жоқ. Бұл үлгі ақын мектебі болған ауызша әдебиетімізде де, Таяу Шығыс әдебиетінде де болды. Абай бұларда бар осы үлгіні пайдаланды. Бұрыннан бар бұл дидактикалық поэзияны, нақыл өлеңдерді ерекше поэтикалық сипатта жетілтті.

Абай әдебиет майданына әлі келе қоймаған жас шағында Шығыстың, әсіресе орта ғасырлық Таяу Шығыс әдебиетінің шәкірті болды.

Ұлы ойшыл ақындар Фердауси, Низами, Сағди, Жами, Науаи, Хафиз т.б. мектебінен нәр алып өсті. Шығыстың бұлардан басқа көрнекті ақындарын, араб-парсы әдебиетінің діни аядағы хисса дастандарын, “Шығыстың діни ғалымдарының пайымдауындағы логика мен мұсылман право негіздерін” (М.Әуезов) жақсы білді. Тіпті, бертін келе де, дүниеге көзқарасының қалыптасып, творчестволық талантының шарықтап, кең арнаға түскен шағы — ұлы орыс әдебиетінің өкілдері мен революционер-демократтардың идеясына етене бой ұрып, осы өмірге біржола берілген

кезде де, Абай Шығыстың бұл тектес бай әдебиетінен қол үзбеген. Әр кез қайта айналып тілдесіп отырған. Бұл тұста шәкірттік еліктеу емес, заман төрешілерінің мұндастығы, сырластығы аңсата табыстыратын.

Бұл туралы академик Мұхтар Әуезов былай деді: Абай “Масғұт”, “Ескендір”, “Әзім әңгімесі” сияқты терең мағыналы дастандар жазғанда, “Көзімнің қарасы”, “Қор болды жаным” сияқты сыршылдық жырлар жазғанда; “Өлең — сөздің патшасы” сияқты ақындық әсем сөздің қадірін айтқанда Шығыс классик поэзиясының тіл көріктілігін, жалпы ұзын ырғақ, сөз сарынды ала отырды. Бірақ олардың тұсында да ұлы ақын өзінің өзіндік өзгеше бітім бейнесін еліктеуге салынып, жеңілге сайып, өзгертен жоқ. Дүниені, өмір мақсұтты, тартыс бағытты атағанда бар ойы, бар ақындық шабыты өте терең шындықпен қабысып отырды”<sup>1</sup>.

Абай нәр алған Шығыс әдебиетінде дидактикалық шығармалар өте ертеде-ақ дүниеге келді. Біздің заманымызға дейінгі VII—VIII ғасырда жасаған Гесиодтың дидактикалық эпосын атамағанда, бұл үлгіде шығарма жазу орта ғасырлық Шығыс әдебиеті үшін дәстүр болды. VII—IX ғасырда араб, парсы тіліне, кейін көне түркі тіліне аударылған үнділік “Қалила мен Димна” да, XI ғасырда жасаған Кейқабустың атақты “Қабуснамасы” да дидактикалық шығарма еді. “Қабуснама” 44 сөзден тұрады. Бұлар — сауда, аңшылық, мемлекет басқару т.б. әдістері, семья тәрбиесі, нормалары, оқу, білім, өнер түрі, пайдасы т. б. көп-көп мәселелерге байланысты екенін балаға қалдырған өсиеті.

Осы XI ғасырда Насар-и-Хосров (“Әлем кітабы”) пен Санайдың діни-дидактикалық шығармалары (“Шындық бақшасы”) арқылы Шығыс әдебиетінде философиялық-дидактикалық поэма дами түсті. Мұның кейінгі дәуірлердегі әдебиетке елеулі әсері болды. “Әр түрлі секталар мен суфизмге байланысты,— деп жазды А.Е.Бертельс,— XI ғасырда философиялық-дидактикалық поэзия дамыды. Мұның өзі Низами поэмаларының дүниеге келуіне бірден-бір себепші болды”<sup>2</sup>.

Расында да, азербайжанның әрі бүкіл Таяу Шығыстың XII ғасырда жасаған ұлы ақыны Низами Ганджеви поэмалары бұл мұралардың жалғасы ғана болып қойған жоқ.

<sup>1</sup> Әуезов М. Әр жылдар ойлары, 210-бет.

<sup>2</sup> Низами. Сокровищница тайн, М., 1959 (Алғы сөз).

Оның “Күпиялар қазынасы” атты поэмасы арқылы шығыстық дидактикалық-философиялық поэзия өзінің биік шыңына көтерілді.

Низамиден кейін бұл жанрда үлгілі шығармалар жазған ақын Сағди болды. Оның “Бустаны” (“Жемісті бақша”) өз кезіндегі дидактикалық поэзия бақшасының нағыз миуалы жемісі болды. “Гүлстаны” (“Гүл бақша”) өсиет мазмұнға ие афоризмдердің маржан моншақтары тізбегінен тұрады\*.

Адам өмірінің төрт кезеңіне арнап мол лирикалық өлеңдер, ірі-ірі дастандар жазып, ақындық салтанатты ту етіп көтерген Әлішер Науаи да бұл жанрда тамаша шығармаларды дүниеге әкелді. Өмірден алған бар бай тәжірибесі мен әсері, дүниеге көзқарасы қарасөз үлгісінде баяндалатын “Махбубул кулуб” (“Сүйген жүректен”) атты шығармасы өсиет тіліне құрылған. Бұл тамаша кітаптың бірінші, екінші бөлімі әр алуан тақырыпты баян ететін отыз жеті сөзден тұрады. Соңғы бөлімі көлемі жағынан үлкенді-кішілі жүз жиырма афоризм\*\*.

---

\* Қараңыз: “Ғылымды үйреніп қолданбаған — жерін айдап, дәнін сеппеген адамға ұқсас”.

“Қайратсыз ақыл — сиқыршы әрі жалған; ал ақылсыз қайрат — дөрекі әрі топас”.

“Талапсыз оқыған шәкірт — қадірі жоқ махаббат; адасқан жаһанкез — қанатсыз қыран; еңбексіз ғалым — жемісі ауырлық түсірмеген сабдалы ағашы”.

“Ұстамсыз ғалым — шырақ ұстаған соқыр”.

“Өмірде пайдасыз жасаған кісіні адамға санама”

(Сағди)

“Қызғаншақтық ақылдың көзін байлайды, соқыр қызғанып көзсіз етеді”.

“Ай нұры шексіз бақыт әкеледі, қызғаншақ төбет айға үреді”.

“Жер күнмен гүлденеді, жарғанат күннен пәсірленеді”.

“Адам баласына дос іздеу парыз, тапқан досқа достық беркіту — адамдық”.

“Адамды дәреже жеткізбейді, білім жеткізеді”.

(Жами)

\*\* “Ақыл жоқ кәріден ақыл бар жас артық”.

“Химматы аздың құрметі аз”.

“Бұл дүниеге мәңгі қалу мүмкін емес, жақсы ат қалдыру ұлы мұрат”.

“Жаман менен жақсы арасы парықдұр, екі кеме ұшып тұтқан гардұр”.

“Өзіне лайық көрмегені халқыңа рауа көрме”.

“Кісіні тұрмыс тәрбиелейді”.

“Әрбір істің ақыры бар, әрбір қиыншылықтың рахаты бар”.

“Білмегенді сұрап үйренген — ғалым, арланып сұрамаған — өзіне залым”.

“Алдына келгенді жемек — хайуанның ісі, аузына келгенді демек — наданның ісі”.

“Беруші кедей, алушы шаһ болса да, берер қол жоғары, алар қол төмен тұрады”.

Шығыс әдебиетінің шам-шырақтары осы ұлы классик ақындар ғана емес, жалпы Шығыс әдебиеті шешендікте құрылған өнеге тіліне өте бай боп келеді. Оның діни білімі де, заң, право негіздері де т. б. тақырыпта жазылған алуан кітаптары да өсиет, үгіт сарынды шешендік тілге құрылған. Бұл афоризмдердің діни, кияли қабыршағын сыпырып тастаса, ақылды айтылған адамгершілік қағидалары шыға келеді. Тіпті үңіле қарасақ, Шығыс әдебиетінің бір ғана “Мың бір түн” ертегісі, өзі туған дәуірдің бар шындығынан ой тудырып, оқиғасын екінші бір тылсым әлем сахнасында көрсеткеніне қарамай, сахара тұрмысының әлемге даңқы жеткен тамаша қиялдармен қатар, дәл сол қиял сағымның тұрған даналық данышпандықты да жасады. Қысқасы, тақпақтай сөйлеу, өмір сабағы қорытындысын айтып тастайтын үлгіде қанатты сөз айту, шешен сөйлеу — шығыс әдебиетінің табиғи тума қасиеті болатын.

Міне, Абай өзінің дидактикалық поэзиясында осылардың ішінде тәжіктің әрі парсының ұлы классиктері Сағди мен Хафизге жақын болса, қара сөздерінде Науаидің “Махбубул кулубына”, Кейкабустың “Қабуснамасына” ұқсату бар-ды.

Бірақ та осының бәрінде де Абай үшін орта ғасыр әдебиетінің жоғарыда айтылған алыптарына күр еліктеу жат. Ақын өлеңдерінде, қарасөздерінде жанр жағынан үлгі алынғанмен, қозғар тақырыбы өзі өмір сүрген дәуірге тән. Бұл тақырыпты ол жаңа заман, келер күн талабы алға тартқан қажеттік тұрғысынан сөз етеді.

Ал сонау орта ғасыр әдебиетінің осы айтылмаш алыптары мен ХІХ ғасырда өмір сүрген Абай арасындағы творчестволық байланыстың, әдеби үлгіде мұралық тұтынудың тамыры неде? Әрине, бұған әдебиеттің, оның қайсыбір үлгілерінің белгілі бір дәуірде туатын қажеттігі тұрғысынан келіп жауап беру керек болады.

Расында да, бұл ақындар өмір кешкен арасы алшақ замандар тағдырындағы ұқсастық оларды әдебиетте бір тұрғыдан түйістірді. Сағди, Науаи заманындағы халық қараңғылығы, надандық-жауыздық, мәдениеттегі махрүм-мешеулік сияқты жеті ағайынды тарих қырсығы Абай заманында да болды. Осы ақындар екі дәуірдің ортақ күйіне ортақ қарумен қарсы шықты. “Адам баласы қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майданның кісісімен сырлас болады”, — дегенде, Абай өзінде бар осы сипаттас көп



ортақтастықты, оның терең сырын ескере отырып айтса керек.

Көбіне жұрт Абайдағы шығыстық үлгі дегенде, ақынның жастық шағына тән өлеңдерін жиі еске алады, Анығында олай емес. Біз М.Әуезовтің мына сөзіне мол мән береміз: “Абай... шығыс классик поэзиясының тіл көріктілігін, жалпы ұзын ырғақ, сөз сарынын ала отырды”<sup>1</sup>.

“Абайдың орыс классик поэзиясынан алған үлгісін мол бағаламақ болған кейбір “тексерушілер” Абайға Шығыс поэзиясының әсері де болған” деген пікірлерге қытықтанып, шамданып қарайтындар да болған. Ол дұрыс емес. Анығында, Абай жаңағы (Фердауси, Сағди, Жами, Науаи, Физули, Хафиз туралы.— Қ.Ө.)анықталған Таяу Шығыстың кейбір үлгісін (астын сызған біз.— Қ.Ө.)анық пайдаланған. Реалист ақын болып қалыптасқаннан кейін де, сол жаңағы Таяу Шығыс поэзиясында кездесетін толып жатқан сөздіктерді, ақындық лексиканы шығыстық әдебиеттен алған”<sup>2</sup>. “Абай терең сезім, идея, мазмұн жағынан түгелімен шығыс ақындарының ықпалына берілмесе де, өлең кұру шеберлігі, түр жаңалығы жөнінде, бұл кезде де көп нәрсе табады. Сонда әсіресе өзіне ең жақын устаз етіп классик Науаи шығармаларынан үлгі іздейді”<sup>3</sup>.

Міне, осы “кейбір үлгіге” ақынның өсиет өлең үлгісі — дидактикалық поэзиясы да, қара сөздері де жатады.

Абай шығыс әдебиетінің бұл алып ақындары сияқты кесек жанрда сюжетті шығармаларды көп жазған жоқ. Өйткені бүкіл ақындық өнерінің денін ұстаздыққа арнаған, өсиет өлең жазып, надан көңілді оятуды мақсат еткен Абай сөзді қызық үшін тындап, поэзияны көңіл желігінің шөліркеуін басу үшін іздейтін, сезімдік түшіркеуді тілейтін тындаушы үшін жазған жоқ. Осы үшін де ол:

Батырды айтсам, ел, шауып алған талап,  
Қызды айтсам, қызықты айтсам, қыздырмалап,  
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін  
Бір сөзін тындар едің мыңға балап.—

деген болатын.

Осы себепті де Абай өсиет өлең емес, “Масғұт”, “Ескендір” сияқты әңгіме, өлеңдер жазғанның өзінде де

<sup>1</sup> Әуезов М. Әр жылдар ойлары, 210-бет.

<sup>2</sup> Әуезов М. Әр жылдар ойлары, 75-бет.

<sup>3</sup> Сонда, 79-бет.

Мұхтар Әуезов айтқандай: “Ондай әңгіме, өлеңдерден өзі ойлаған өсиеттік адамгершілікті терең тәлім-тәрбие туа қоймайтындай көреді”. Бұл поэмалар тұсында да зор ақындық программа — өсиет тұрғысынан табылып, шығармасын тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні — ұстаздыққа, ақылшылыққа әкеліп саяды.

Міне, Абай шығармаларында дидактикалық поэзияның, нақыл қара сөздердің тууына негізгі себеп болған жағдайлар, ол үлгінің арғы көзі дегенде бірінші кезекте осыларды айтуға болады.

Қазақ топырағында Абайға дейінгі әдебиетте де дидактикалық үлгі болды. Ол — дала философы атанған жыраулар атына, шешендер атына байланысты өсиет нақыл сөз — терме-толғау өлеңдер. Олар Бұқар жыраудың:

Айналасы жер тұтқан,  
Айды батпас деменіз.  
Айнала ішсе азайып,  
Қол суалмас деменіз.  
Құрсағы құшақ байлардан  
Дәулет таймас деменіз.  
Жарлыны жарлы деменіз.  
Жарлы байға текеліп,  
Жайлауға жарыса көшпес деменіз,—

деп келетін өлеңдері сипаттас.

Шешендік үлгідегі бұл толғау сөздер жазба әдебиеті ертеден туып, дамыған шығыс әдебиеттеріндегі дидактикалық-философиялық поэзияның қызметін қазақ сахарасында өз әлінше мольнан өтеді. Тіпті қазақ әдебиеті тарихында азаматтық әдебиеттің өзі алғаш осы жанрда туып дамыды\*. Бірақ бұл әдебиет тақырыбы соншалық тар болғандықтан, қазақтың күнделікті тұрмыс күйінен жоғары тұрғандықтан жалаң, үстірт ақылшылық сипатқа құрылғандықтан, өрелі әдебиет ретінде дамып, өз кезіндегі қазақ өмірінің қат-қабат жақтарын түгел сөз етіп, замана даналығын жасап, қоғамға мұрындық болып, келелі өкім айтарлық дәрежеге толық көтеріле алған жоқ. Осы себепті де бұл терме-толғау өсиет өлеңдер сонау Асанқайғы, Шалкиіз заманынан Бұқарға, одан бергі ХІХ ғасыр ақындарына дейінгі аралықта елеусіз ғана өзгерістерге ұшырады. Шал-

---

\* Бұл жөнінде проф. Қ. Жұмалиев: “Абай алдындағы қазақтың тарихи әдебиетінің сарыны да негізінде ақыл, нақыл сөзге құрылды. Сондықтан оларды негізінде дидактикалық поэзия деп атасақ, артық болмайды”, — деп өте дәл айтқан (“...Абай поэзиясының тілі”, 1960, 316-бет.)

киіз айтты дегенді Махамбет немесе Махамбет өлеңдерін Базар айтты деуге келе беретіні де осыдан.

Әрине, бұл өлең үлгісіне ХІХ ғасырдың орта тұсында өмір сүрген ірі екі ақын Махамбет пен Дулат көп өзгеріс енгізді. Бірақ қазақ әдебиетін күрескер идеяға толы өлеңдермен бір саты ілгерілеткен, әдебиетке шаруашыл-бұқарашыл сипат берген Махамбет те, өз өлеңдері арқылы қазақ әдебиетіне кедейшіл, кедейшіл-бұқарашыл сипатты мол енгізіп, оны қоғамдық қызметке пайдаланған, сөйтіп қазақ әдебиетінің бір кезеңін жасаған Дулат та кей-кейде осы жалпылай айтылар толғау-өсиет өлеңді айтып қалып отырған:

Пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ,  
Көлінде жатып көркеймес,  
Ортайса көлдің қоғасы,  
Аруана мая күңіренер,  
Баурынан өлсе баласы.  
Суда жүзген нән балық  
Шағала құсқа жем болар,  
Үзілсе көлдің сағасы...

(Махамбет).

Асқар таудың сәні жоқ,  
Төрт түліктің қонысы.  
Басылмайтын сонысы,  
Көк майса белі болмаса.  
Өзен судың сәні жоқ,  
Өрлеп, құлап қонатын,  
Жағасы малға толатын  
Аймақты елі болмаса...

(Дулат)

Бірақ осындай сөзшеңдігі, жалаң ақылгөйлігі басымдығына карамай, қалай дегенде де, өсиет-толғау өлеңдердің қазақ әдебиетінде тәрбиелік мәні болды. Тіпті оны туғызған да, басқа емес, осы мәні болды.

Өсиет сөздің түйінді сабақтарын тізген бұл өлеңдер жай толғаудан гөрі терме-толғау формасын тапқан шақта, ой жіктеліп, өлең жолдары ықшамдалып, қанатты сөздер көбірек болып келеді. Егер мұндай формадағы өлең авторының даналығы мол болғанда, жаңағы терме жолдардың көбі-ақ афоризмдік сипатта шығып отырған.

...Жесірдің қамын ойласаң,  
Жетімнің көңілі жұбанар.  
Екі мұңды бас қосса,  
Тарқатып шерін шығарар.

Жабырқап досың қайғыңа,  
Дұшпаның сырттан сығалар.  
Өнбейтін даудың ізінен,  
Өспейтін жігіт қуалар.  
Айбаты кетсе ауылдың,  
Әдепсіз жұртта ажуаның  
Жиналып басы құралар,—

деп тақпақтап, мақалдап, термелеп сөйлеген Базардың осы бір бас-аяғы 10-11 жол өлеңінде афоризм дәрежесінде шыққан бірнеше сөз бар.

Базар емес, сонау Сыпыра, Асанқайғыдан бергі ірі-ірі ақындардың, шешендердің атына байланысты айтылып жүрген өлеңдерде мұндай афоризмдер молынан ұшырасып отырады.

Абай алдындағы әдебиеттің, азаматтық поэзияның жанрлық сипаты негізінен осындай еді.

Сөз жоқ, өзінің негізінде ақыл-тәрбие жатқан бұл өлең үлгілері ақынның өсиет өлеңдеріне жанамалап кеп әсер етті.

Біріншіден, бұл әсер Абайда бар шешендік қасиеттен байқалады<sup>1</sup>. Абай пәленшеге, түгеншеге айтты деген сөздерінде емес, “Қайғы шығар ілімнен”, “Жақсылық ұзақ тұрмайды”, “Берекелі болса ел” сияқты өлеңдерде де анық шешендік толғаудың ақындарынша айтады.

Берекелі болса ел —  
Жағасы жайлау ол бір көл,  
Жапырағы жайқалып,  
Бұлғақтайды соқса жел.  
Жан-жағынан күркіреп,  
Құйып жатса аққан сел.  
Оның малы өзгеден  
Өзгеше боп өсер төл.—  
Берекесі кеткен ел.—  
Суы ашыған батпақ көл...

дегенде, сол өзінің алдындағы шешен ақындарша айтып отыр. Тек ұйқас әсерімен туып кеткен ортаңғы 3-6-жолдар ғана артық.

Терме жолдары арагідік мақал-мәтелдер боп келетін шешендік толғаулар, шұбыртпалы түйдек ұйқастар, тапқыр айтқыштық ақынның үлкен мектебі болды. Абай бұл өнер машығына еркіндеп барып, мол үйренді. Сөйтіп, шешендік оның ақындық қасиетінің бір қыры боп қалыптасады.

<sup>1</sup> Абайда бар осы қасиет жөнінде академик М.Әуезов мол баян еткен. “Әр жылдар ойлары”, 33-36-беттер.

Ақын өлендерінде бар афоризм жолдарға, сөз жоқ, осы бір табыстықтың да әсері болды.

Тегінде біз ұлы ақын төл, туған әдебиеттен молынан сусындады дегенді осыларға орай айтсақ керек.

Ендігі сөз Абайдың осы үйренуі жайлы болмақ.

Жұртқа белгілі, халықтың ауыз әдебиеті көркем жазба әдебиеттің қалыптасу, даму жолында елеулі қызмет етті. Ол әлемге аты белгілі ақын-жазушылар үшін таусылмас мол қазына болды. Тілдік көркемдікті әрбір ақынға, жазушыға өз халықының ауыз әдебиеті берді. Бұл тұрғыда көркем жазба әдебиет ауыз әдебиетіне әр уақытта да борыштар.

Орыс әдебиетінің ұлы классиктері бұл борыштылықты тереңдей сезініп, соншалықты кішілікпен әділ мойындаған да. Л.Н.Толстой: “Біз бәріміз де халықтан үйренеміз. Ломоносов, Державин, Карамзин, Пушкинге, Гогольге дейін, тіпті Чехов пен мен туралы да осыны айту керек”, — десе, М.Горький: “Халықтық ән, халықтық ертегі, халықтық аңыз — жалпы, халықтың барша ауызша шығармалары... — біздің тұрақты материалымыз болып қала береді”. “Сөз искусствосының көзі — фольклорда”, — деген болатын.

Абай да өз халқының ауыз әдебиетінен жоғарғы классиктерше үйренді. Ол осылай үйрене отырып, жазба әдебиеттің шебер зергері, асқақ тіл ұстасы, ғажайып сөз мүсіндеушісі ретінде қазақ әдебиетінің бір биік шыңын жасаған ұлы тұлға дәрежесіне көтерілді.

Ақындық құдіреттің тағына мініп, сөз патшасы болды.

Ол өз халқының тілін соншалық терең игере отырып айтса, “менің сөзім” деп айтатын, тындаса, “маған арнап тұр” дейтін, естісе, “мен туралы айтып отыр” дерлік әркімнің көкейтесті тілегін дәл жеткізе білді...

Абай ауызекі тілдің осы мақалшыл үлгісін, оны терме-толғау өлендерінің негізгі өзегі еткен ақындар салтын аса жоғары бағалады. Халық жасаған осынау бай мұраның көп үлгісі ақын қаламына оралып, көркем тілі аясында қайта туған. Жіксіз, төл жолдар сипаттас бір қалыптан шыққан.

Халық мақалын орыс әдебиетінің классиктері де аса жоғары бағалап, өз шығармаларында көп пайдаланып отырған. Л. Н. Толстой Снегиревтың мақалдар жинағы өзі үшін бірден-бір сүйіп оқитын кітап қана емес, оның үстіне оқи отырып, рақат табатын, құшырлана ләззат алатын да

кітап болғанын айтады<sup>1</sup>. Тіпті халық мақалдары Л. Н. Толстойдың көп шығармаларына тақырып та болған. София Андреевна өзінің естеліктерінде “Бүгін ол ”Бір ұлынды бар деме, екеу болса жартыға теңе, үшеу болса көңілінді деме” (“Один сын не сын, два сына пол сына, а три сына — сын”) деген мақал маған өте ұнады. Бұл менің эпиграфымның басталуы. Менде үш ұлы бар қарт болды..., деді”<sup>2</sup>, — деп жазған.

Ал М. Горький “Мен мақалдан өте көп үйрендім, былайша айтқанда, афоризммен сөйлеуді үйрендім”<sup>3</sup>, — деп, халықтың бұл сөз қазынасын аса жоғары мектеп тұтынған болатын.

Осы үйрену, үлгілену Абайда да бар. Ақынның: “Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да”, “Жайы мәлім шошқаның түрткенінен жасқанба”, “Берерменге бесеусің, аларманға және алтау”, “Сиырша тойса мас болып, өреге келіп сүйкенер”, “Күшік ит бөрі ала ма жабылса да”, “Екі кеме құйрығын ұста жетсін бұйрығын” сияқты көп-көп афоризмдері халық мақалы негізінде қалыптасқан.

Абай, бірлі-жарым болмаса, халық мақалдарын жалаң, сол қалпында қолданған емес. Ақынның бағалауынша, мақалдың қадірі — жарасты тон (жақсы сөз) құшағында болуы, теңдес, тел сөздер қатарында тұруы. Сөз жоқ, бұл талап халық мақалын оның қуатты ойынан тасқындай шығып құралған сан алтын сөздерінен бөліп алғысыз түрде келтіріп отырды.

### Салыстырулар:

Екі кеме құйрығын  
Ұстаған суға кетер.  
Жаман сиыр өрешіл.

Еңбек етсең емерсің.

Жетім қозы түртіншек,  
(Жетім қозы тас бауыр).  
Көптің аузына елек бол-  
массың.

Екі кеме құйрығын  
Ұста жетсін бұйрығын.  
Сиырша тойса мас болып,  
Өреге келіп сүйкенер.  
Еңбек етсең ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей.  
Жетім қозы тас бауыр.  
Түңілер де отығар.  
Көптің аузын күзетсең  
күн көрмейсің.  
Өзіңді өзің күзет, кел шы-  
рағым.

<sup>1</sup> Толстой Л.Н. Полн. произ., т. 8, 1933г., стр 302.

<sup>2</sup> Толстой Л.Н. Из воспоминания современников, 1965 г., стр 150

<sup>3</sup> Горький А.М. Полн. произ., т 24, стр. 403

Қырқын мінсе, қыр артыл-  
мас.

Заман саған бағынбаса,  
сен заманға бағын.

Қыр артылмас болған соң  
мінсе қырқын.

Адамды заман сүйремең,  
Заманды қай жан билемең.  
Заманға жаман күйлемек.  
Замана оны илемек т. с. с.

Әрине, ақынға бұлай өз қажеті үшін керекті мақалды іздеп табу тіпті де жеткіліксіз, әуелі, халық мақалының бойға табиғи азық боп сіңуі керек, екіншіден, халықтың мақал жасампаздық кереметінің күпия тылсымы ақын таланттының бір қыры болуы керек. Абайда осының екеуі де бар.

Қайтып келер есікті,  
Қатты серіппе жарқын-ау,—  
Жетілсең де, жетсең де,  
Керек күні бір бар-ау.

“Жаман дос — көлеңке: басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың, күн шалса, қашып құтыла алмайсың”, “Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек”.

Осындағы “Қайтып келер есікті қатты серіппе”, “Жаман дос — көлеңке”, “Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек” дегендер — өлең ұйқасына келтірілген халық мақалдары. Ал Абай болса, бұл мақалдарды қолдана отырып, оған түсініктеме береді. Немесе өзі айтқан ақыл сөзіне халық мақалы арқылы түсінік береді. Мұнысы-жай бір өлең жолын емес, сол мақалға пара-пар тең, мақалдық үлгіге түскен афоризм: “Арамдықтан жамандық көрмей қалмас (Мың күн сынбас бір күні сынар шөлмек)”.

Міне, біз абайлық афоризмдердің тууына, жасалуында халық мақалдарының азды-көпті әсері болды дегенде, осыларды ескеріп барып айтамыз.

Қысқасы, Абай афоризмдері — ақынның дидактикалық поэзиясы мен өнеге сөздерінің жемісі. Ал олар болса Абайдың еңбекке, өнер білімге, адамгершілікке т.б. үндеген ағартушылық идеяларының жемісі. Сондықтанда ақынның осынау афоризмдері оның осы ағартушылық идеяларының, адамгершілік оқуының кодекстері іспетті.

Кезінде ұлы жазушы Мұхтар Әуезов ақын өлеңдері мен қарасөздерінде “шешен, шебер, тапқыр етіп түйген сөйлемдері афоризм қатарында, оқушы жұртқа ертеден көп тарап кеткен”. Абайдың сол “афоризмдерінің санын көбейту керек” деген еді. Міне, қолдарыңыздағы кітапты

Мұханның ақын мұрасына қатысты талап-міндет түрінде айтқан осы бір ойының өтеуі деп біліңіздер.

## АБАЙДЫ ТАНУДЫҢ ЖАЙЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ<sup>1</sup>

Кезінде Мұхтар Әуезов: “Жай адамның өмір тірлігін біздің халық мүшелмен санайтын. Оның мүшелі он екі жыл еді. Ақындықтың әбілхаят суын ішкен, өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана, даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ”,— деген еді...

Мәңгілік тірлік тапқан ақынның туғанына биыл 140 жыл толады. Бұл жағы өлмес ақынның таусылмас өмір жолының бір кезеңі. Әрине, бұл мүшелдің аталып өтер салтанатты күні әлі алда. Сондықтан қазіргі айтар сөз сол келер күнгі торқалы тойдың жабдығы жайлы болса керек. Есеп беру сөзі болса керек және де ұлы ақын алдында ендігі ұрпақ міндеті айтылса керек.

\* \* \*

Абайтанудың негізін алғаш қалаған және де “абайтану” атты ғылым жүйесінің анық қалыптастырушысы әрі соны жасаушылардың көш басшысы болған М.Әуезов “Абай Құнанбаев” деген монографиясында осы тарихи құбылысты мына тұрғыдан таратып айтып еді: Абайды тану, таныту, біріншіден, ақын шығармаларын әуелде қолжазба күйінде тарату, кейін баспа жүзінде (газет, журнал, арқылы, жеке кітап түрінде) тарату жолымен іске асырылып келді; екіншіден, бастауыш, орта мектептер мен жоғары оқу орындарында пән болып оқытылу негізінде жүргізілді; үшіншіден, көркемөнер (ақындардың арнау өлеңі, Абай туралы пьеса, кино мен “Абай жолы” бастаған шығармалар) көлемінде жүргізілді. Төртіншіден, М.Әуезовтің өз сөзімен айтқанда, “Абайдың ақындығы мен дәуіріне арналған нағыз ғылымдық ойдағыдай толық, мол монография жазылмады демеске те, С.Мұқанов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, Б.Шалабаев сияқты тағы бірталай әдебиет тарихшылары мен жазушылардың зерттеулері мақала, монография, диссертация арқылы “Абайды тану ғылымы” кеңейіп тереңдей түсті. Бұған тарихшылар мен педагогтардың еңбегі де кірмек”.

<sup>1</sup> Бұл мақаланы 1985 жылы ғалым М.Мырзахметовпен бірігіп жазған.



Бұлардың ішінде М.Әуезовтің Абай шығармаларына арналған монографиясын, ұлы ақын мұраларының “ғылымдық дұрыс жол бойынша жазылған жылдарымен, хронологиялық тәртіппен, мол текстологиялық жүйелеумен шыққан басылымдарын” айрықша атауға болады. Бұл екі еңбек абайтану саласында қазақ ғылымы мен әдебиетінде бағасы өлшеусіз мұра боп танылмақ. Және де бұл еңбек қазақ филологиясында абайтанудың бүкіл келер тарихында оның әрбір жаңа биікке көтерілу кезеңінде жетекші күші, сусындаушы нәрі, нысана көрсетер бағыттаушысы болмақшы.

М.Әуезовтің абайтану жайлы еңбегі жазылған мезгілде Н.Сәбитовтың “Абай” атты библиографиялық көрсеткіші шыққан еді де, ғалым осы көрсеткіштегі мол деректер көзіне сүйсіне келіп, бұлар “... ұлы ақын мұрасын біздің советтік жұртшылығымыздың, социалистік мәдениетіміздің берген бейілі, қастерлеген құрмет бағасы қандай екенін танытады”,— деген еді.

Ал содан бергі екі жиырма жыл ішінде Абайды тану мен танытуда елімізде мол жұмыстар жасалды. Осы аралықта ақынның толық жинағы 7 рет басылып шықты. Сұрыптап алынған поэмалары мен өлеңдері, қарасөздері мектеп пен жоғарғы оқу орындарына арналған хрестоматияларға үздіксіз кіргізіліп келеді. Ұлы орыс халқының тілінде ақынның өлеңдер жинағы 8 рет, қарасөздері екі рет жарық көрді. Және Абай шығармалары бұрынғы Одақтағы халықтар тілінде әм көптеген шет ел тілдерінде басылып келеді.

Ал “Абай туралы әдебиеттерге” келсек, бұл жылдар ішінде олардың қатары едәуір молықты. Елуінші жылдардан бергі жерде ақын творчествосына арналған жиырмадан астам монографиялар мен кітапшалар, екі мыңға тарта мақала жарияланды. Бұл жылдар аралығында мыңнан астам кісі ақын мұрасы төңірегінде пікір қозғады.

Егер біз Ұлы Октябрь алдына бір-ақ рет жинағы шыққан, бірді екілі көшірушілер мен ауызша айтушылар арқылы ғана өлеңдері “жіңішке жолмен таралған”, тіпті көп мұрасы ұмытылып та бара жатқан мүшкіл жағдайдағы Абайды көрсек, ал Ұлы Октябрьден бергі алтыс—жыл ішінде енді біз “қазақ халқының мәдениет тарихындағы ұлы мұнарадай қадірлі классик” дәрежесіне көтерілген ұлы ақынды көреміз.

Әрине, аталмыш шаралардың жалпы көлеміне, ұзын санына қарап барып Абайға қатысты қыруар жұмыс жасалыпты-ау десек те және де соншалық мол зерттеулерде көтерілген мәселелерге, шешім тапқан жайларға қарап барып, Абайды таныдық десек те, әбден жарасады. “Біткен істің міні жоқ”. Қазақ филологиясында ұлы ақын мұрасын тануда, танытуда, сөз жоқ, өте көп жұмыс жасалды. Бұлар біздің жетістігіміз.

Бірақ сол мол зерттеулерді тақырып-тақырыпқа бөлсек, оларда шешілген мәселелерді есепке алсақ, сөйтіп барып бұларды М.Әуезовтің ұлы ақынға арналған монографиясының программалық түйіндеулерімен салыстырсақ, “өз заманымыздағы қазақтың заттық, әлеуметтік және рухани тіршілігінің энциклопедиясын берген дана классик” Абайды біздің әлі де жақсы танып үлгірмегенімізді көре түсеміз. Себебі, ғалымның ұлы ақынға қатысты еңбектері ол жайлы жазылған, айтылған күллі ой-пікірдің дәреже-деңгейін анықтаушы ғана емес және де ақын мұралары жайлы ендігі кезекте зерттелуге тиіс көп-көп мәселелердің бағдарламалық жүйесін белгілеуші де.

Осы сияқты қазақ филологиясында абайтану мәселесінің күн тәртібінде қойылуы мен оның шешілуі өзінің заңды эволюциялық даму жолымен келе жатыр десек те, біз жаңсақ ойлаған болар едік.

Айталық, 1945 — 1965 жылдарда Абай мұрасынан 3 докторлық, 16 кандидаттық диссертациялар қорғалды. Осы жылдарда әдебиетші ғалымдардың көпшілігі ақын шығармаларын зерттеумен тұрақты шұғылданып келді. Жоғарыда аталған еңбектер мен мақалалардың негізгі бөлігі де осы жылдарда жазылды. Ақынның толық жинақтары бұл аралық кезеңде әртүрлі баспаларда 8 рет жарық көріп үлгірді.

Ал кейінгі жиырма жылда ақын мұрасын зерттеудің дәрежесі мүлде басқаша сипат алып отыр. Бұл жылдарда ақынның поэмасы, лирикасы және де Абай эстетикасы, реализмі төңірегінде бары-жоғы 4 ғана кандидаттық диссертация қорғалды. Ақынның эстетикалық танымна қатысты Қ. Қалмырзаевтің, этикалық танымдары жайлы Б. Ғабдуллиннің орысша жазылған кітаптары жарық көрді.

Бір назар аударарлық жай мынау. Осы жылдардың ішінде, Қ. Мұқаметханов, тағы бірлі-екілі ғана зерттеуші Абай мұрасы төңірегінде үзбей еңбектеніп келеді. Ал

кейбір ғалымдардың ақын мұрасына қатысты зерттеуі өздерінің диссертация қорғауымен аяқталды десе де болғандай...

Әрине, бұл аралық кезеңде қазақ тілшілері де Абай мұрасына біршама барды. “Абай тілінің сөздігі” 1968 ж. шықты. Ақын тілінен Рәбиға Сыздықова докторлық диссертация қорғап, “Абай шығармаларының тілі” (1968 ж.), “Абай өлендерінің синтаксистік құрылысы” (1970 ж.), деген монографиялар шығарды. Бірақ одан бәрі де талай уақыт өтті, қазақ тілшілері де Абай шығармалары тіліне қайта орала қойған жоқ. Қазір де солай.

Жұртқа белгілі, Абай қазақтың жаңа сипатты әдеби тілін жасады. Және де мұны біз әдеби тіліміздің тарихындағы зор жетістігіміз деп мақтаныш тұтамыз. Бұл заңды да. Бірақ қазіргі әдеби тіліміздің негізі басталатын, мәдени, ғылыми мәні өте зор осындай ірі тарихи құбылысты бір екі еңбек аясында анық аша аламыз ба? Ал осы соңғы жиырма жыл ішінде ұлы ақын шығармаларының толық жинағы “Ғылым” баспасынан бір-ақ рет шықты. “Жазушы” баспасы ақын шығармаларының жинағын екі-ақ рет шығарып үлгіріпті.

Абай мұрасының орыс тілінде 1958 жылы шыққан таңдамалыларын атамасақ, кейінгі жылдар ішінде ақынның “Қарасөздері” орыс тіліне аударылып, екі-үш рет қана басылған екен.

Ұлы ақын мұрасының жоғары оқу орындарында насихатталу жайы да ауыз тұшырлық дәрежеде емес екен. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық университетінде соңғы бес жыл ішінде оқытушы-профессорлардың ғылыми-теориялық конференциясында ақын творчествосы жайлы бірлі-екілі баяндама тыңдалыпты. Осы жай ЖЕНПИ мен ҚазМУ, ҚарМУ-ге де ортақ.

Бізде мектеп пен жоғары оқу орындарында абайтану әдебиет тарихы ғылымының аса күрделі саласы болып отыр. Оларда ақынның, өмірі мен еңбектері ойдағыдай дәрежеде жақсы танытылған. Бірақ бұл курс материалдарының жүйе-желісі, мазмұн аясы М.Әуезовтің Абай жайлы монографиясы жарыққа шыққанға дейін жасалған еді.

Қазір осы аталмыш монографияның түрғысынан келіп қарағанда, бір кезде, тіпті бүгінгі таңда да, жақсы қызметі болып отырған оқулық материалдарының көп олқы жақтары көзге ұрып тұрады.

Әрине, егер біздің педагогикалық институттарымыз бен университеттерімізде “Абайтану” туралы арнайы курс, арнайы семинар сабағы тұрақты түрде өтілетін болса, оқу бағдарламасы мен оқулықтарға тән бұл олқылықтардың орны толығып та жатар еді. Бірақ амал қанша, ертеректе болған “Абайтану” курсы да соңғы кезде жоғарғы оқу орындарымызда өтілмейтін болып бара жатыр...

Бұларға бір жағынан себеп те бар сияқты. Біздің ең басты ғылыми мекемеміз М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абай мұрасы жайлы соңғы жиырма жыл ішінде бірде бір монографиялық еңбек берген жоқ екен. Және де осы жылдардың ішінде Абай мұрасы институттың зерттеу жоспарына енгізілмепті. Қазірдің өзінде институтта ұлы ақын мұрасымен тікелей айналысатын білікті маман болмай отыр.

Демек, қазіргі таңда қазақ филологиясында абайтану ғылымының басында тұратын, осы ғылымның ендігі даму жолына мұрындық болатын беделді, білікті, ұстаз боларлық ғалым жоқ десек те болады. Бұрынғы М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев т.б. ғалымдар ағасы болған дәстүр қазіргі күнде өз жалғасын таппай отыр...

Бұл жайлардың бәрі-бәрі бізді қайта ойландыруға тиіс. Осы ойланудың, алаңдаудың алғашқы даусын академик М.Қаратаевтың “Қазақ әдебиеті” газетінде шыққан “Абайды қайта оқығанда” (10.VIII.1984 ж.) деген мақаласынан, филология ғылымының докторы Р.Бердібаевтың “Кемеңгерлік ғибраты” (26.X.1984 ж.) деген мақаласынан естідік.

Кешігіп барып айтылса да, бұл екі мақалада біраз шындық сөз болған. М.Қаратаев Абай шығармаларының “... қыры мен сырын әлі қамтып та болған жоқпыз... осынау қадірлі де қастерлі мұрамызды жете игеріп, тәрбиелік мақсаттың болсын, мәдени дамудың эстетикалық дәстүрі ретінде пайдалану жөнінде болсын, әлі де оны толық іске асыра алмай отырмыз”, — деп қатты қынжылыс білдірді. Ал Бердібаев болса Абайды зерттеудің өте баяулап кеткенін айта келіп: “... қандай ұлы ақиқатты да әр қауымның құлағына құйып, санасына сіңіріп, үздіксіз үлгі тұтып, ардақтап, насихаттап отырмаса, мәдени жалғастық баяулап, дәстүріміздің тұтастығына нұқсан келмек”, — деп өте орынды қауіп білдіреді.

Әрине, бір анық шындық бар. Абай өлеңдерін туғызған қоғамдық-әлеуметтік орта — бүгінгі жаңа буынға мүлде

жат, сыры беймәлім бөтен орта. Абай шығармаларын осы орта, оның өзіндік қайталанбас сипаты туғызған. Және де ақынның өлеңдері арналатын әрқилы адамдардың да өзіндік әрекет мінезімен қоса осы орта туғызған. Бұл адамдарда, олардың әрекет-мінезінде жаңағы қат-қабат қайшылығы мол, өзіндік ерекшелігі көп қоғамдық-әлеуметтік ортаның тап-таңбасы жатыр. Абай — қауым мүшесі ретінде осы ортаның өкілі: көп әрекет-мінезімен; тіршілік қажеті таңған, ортасы мәжбүр еткен талап-тілегімен оларға олдағы сол қауымның өзге мүшелерімен бір. Міне, осы ортақтың ақын шығармаларында бір сала әсер ізі жатыр. Ал өзінің көзқарасы, дүниетанымы, мақсат-мұраты, арман-тілегі, нысанасы т.б. жағынан Абай бұл ортадан мүлде басқа, бөлек бір жаңа ортаның да өкілі. Өкілі ғана емес, өз идеалы болған жаңа ортаның ұраншы азаматы, ақылғөй данасы, тәлімші ұстазы. Ол бұл жаңа ортаны бір жағы қазақ халқының замандар бойында қалыптасқан табиғи қалпынан екшеп шығарған ең сапалы қасиеттеріне күрсе, бір жағы өз заманының қоғамдық жағдайлары алға тарта бастаған, бірақ данышпандар ғана көре алатын талап-міндеттерге күрды, бір жағы Көне Шығыс пен ояңған Европаның дүниелік әдебиетінен, әсіресе, ұлы орыс халқының бұқарашыл-революционер ойшылдары еңбектерінен тапқан және соларға сүйеніп өз ойында қайта қорытып шығарған өрнек үлгіге күрды. Бұл орта — надандық пен әділетсіздік, зорлық-зомбылық т.б. жеңіліп, ізгі білім жарығы, әділет, нұрлы ақыл, адамшылық сияқты қасиеттер жеңген орта, ырысты, ынтымақты орта. Бұл — Абай гуманизмі тапқан орта. Міне, өзі тапқан осы ортасымен ұлы ақын біздің замандасымыз болып отыр және де келер неше буынмен де осылай замандас бола бермекші.

Ал осынау әрі қат-қабатты жатқан тегі бар, әрі тіл асты мазмұнға, терең де астарлы ойға құрылған, әрі шешу бермес жұмбағы, сырлы сыры мол және де бұлардың баршасы соншалықты көркем түр, шебер тіл тапқан шығармалардың кілтін таба қою да, ішіне бойлай кіре қою да қиын. Ол үшін Абайдың қолы жетіп, ақылы табысқан, сырлас болған арғы-бергі дәуірдің барша ой иелерінің дүниелерімен танысып барып, содан соң ақынның өзіне келу керек болады және Абайдан сол ой иелеріне қайта жол салу талап етіледі. Бұларсыз Абай бізге, өзі айтқандай “мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла” деген күйінде қала бермек...

Егер соңғы жылдарда Абай мұрасына бару саябыр тартса, оның да себебі бар-ау дейміз. Абайдың шешу бермес, асу бермес осы бір аса қиын да күрделі мұрасына еркін де терең бара алатың бесаспап білімділік бізде жетпей жатқан сияқты.

Қазіргі аға ұстаздардың бірі М.Қаратаев жоғарғы мақаласында: “Абай поэзиясын игеру екінің бірінің қолынан келе бермейді”,— дегенде осы қиын жолды, кілтін қолға оңай ұстатпақ өте терең ақын дүниесін ескерсе керек.

Егер біз Мұхтар Әуезовтің абайтанудағы ғылыми жолына үңілсек, осы жолдың ұшар биігіне дейін үздік-создық боп жатқан 40-30 жылдық уақыт межесін көреміз. Абай мұрасымен айналысқан өзге аға ғалымдардың да осы орайда жүріп өткен жолы аз емес екен. Ал ақын мұрасын зерттеу дәстүрі үзіліп қалып отырған қазіргі жағдайда бұл жолды қайта жалғастыру үшін қанша еңбек, қанша уақыт керек болары өзінен өзі түсінікті болса керек...

Абайды танудың қазіргі халі: “Осы біз ұлы ақынды юбилейлік тәртіпте еске алуға қарай бейімделіп бара жатқан жоқпыз ба екен?” деген күдікті сұрақты еріксіз алға тартады. Айталық, Абайдың туғанына 125 жыл болған қарсаңда (1970 ж.) ақынға арнап біздің баспалар елеулі дүние шығара алмады. Ал енді бүгінде Қазақстанның аса қуатты сегіз баспасы қатар тұрғанда осы жағдай ақынның туғанына 140 жыл толатын жылы қайталана қоймас деп ойлаймыз...

Ұлы сыншы В.Г.Белинский Пушкин туралы ол “мәңгі жасайтын және де мәңгі қозғалыстағы құбылыс” қатарына жатады, қоғамдық санада мәңгі дами беретін құбылыс деген еді. Мұны Абайға да айтса болады.

Бір заман ақын мұрасы төңірегіне топтаныс болды. Қазақтың қоғамдық ойын кұрауға жетекшілік жасаған аға буынның Абай творчествосына бармағаны кемде кем. Бұл топтаныс осылай уақыт өткен сайын әрбір жаңа буынның тұсында қайталап отыруға тиіс. Әрбір келер заманның күн тәртібіне қойып отыратын өз проблемалары болады да, ол проблемалардың өз қажеттіктері Абай сияқты ұлы ақыл иелерін сөзсіз іздетіп тапқызып отырады. Себебі бұл данышпандарда әрбір жаңа келер буынның қажетіне табылып отыратын, олардың өзі алдарына қойған міндеттерін шешуіне көмекке келетін дайын күйіндегі қағидалар, та-

болып, солар тәрізді селолық қауымның бар болмыс, салт-сана, әдет-ғұрыпының мызғымауын қалағанын айтады. Енді біз осы тұрғыдан келіп, Абайға барайықшы. Абай болса керісінше қазақ қауымының тұрмыс тіршілігін, оның күні өткен салт-санасын сынап, ағартушылық жолмен жаңартуды көздеді.

Түзетпек едім заманды,  
Өзімді өзім зор тұтып,—

деген жолдарға тән, соған сарындас ой Абай шығармаларында кездесіп отырады.

Демек, бұл екі ойшылдың түйісер және ажырасар мәселелері анық айтылмағы қажет екен.

Керісінше Абай өзінің ағартушылық ойларында орыстың Белинский бастаған революцияшыл-демократтарының осы саладағы көзқарастарымен табысып жатады. Айталық, ақын бір өлеңінде:

Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім,—

десе, тағы да:

Военный қызмет іздеме,  
Оқалы киім киюге...  
Қызмет қылма оязға,  
Жанбай жатып сөнуге,—

деп, оқуды “я тілмаш, я адвокат” болу үшін оқымау керектігін қадай айтады. Осы жолға түскен жасқа және осы жолға салып отырған оқу орны мен ата-анасына қатты сын сөзін де арнай айтады. Ал Абайдың осы ойлары В.Г.Белинскийдің: “Тәрбие балалардан тек болашақ чиновникті, ақынды, кәсіпшіні ғана көрмей, бірінші кезекте адамды көруге, яғни адам бола алып барып, не ол да, не бұл да бола алатын адамды көруге міндетті”,— деген талабымен ұштасып жатыр емес пе?

Қарастырар болсақ, оның өз заманында өте ілгері кеткен озық идеяларының орыстың Белинский бастаған революцияшыл-демократтары идеяларымен келіп табысар арнасын дәл; анық таныған болар едік.

\* \* \*

Сол сияқты Абайдың философиялық көзқарастарының көбі адамгершілік мәселесіне келіп тіреледі. Ақын “жеке

адамдарды жаманшылықтарынан арылтып сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп, өзгертпек болады”. Сонда оның бұл адамы мейірім, әділет, шапағат, ар-ұят, ұялаған жылы жүректі жан және бұл адам жылы жүрек жетекші болған нұрлы ақыл мен ыстық қайраттың иесі. Ал осы адам “... адамзатты махаббатпен жаратқан алланы сүюі, адамзаттың бәрін бауырым деп сүюі, хақтың жолы әділетті сүюі” тиіс сонда ғана бұл адам толық адам /нравственная личность/ болмақ.

Әрине, Абайдың бұл адамы-әрекеттің иесі, ақылдың иесі. Ал бұл екеуі адамға жеке жеке тұрып, пайда мен залалды, жақсылық пен жамандықты қатар жасата береді. Егер ақыл мен қайратты жүрекке билетсе, адам залалдық пен жамандыққа бармайды. Ақын сөйтті, өзінің идеалы болған осы “толық адамында” — жүректі ең жоғары сатыға қояды да, “жүрек адам денесінің патшасы, билеуші, әмерші”, — дейді. Нұрлы ақыл, ыстық қайрат және оларға әмірі жүретін жылы жүрек бір кісиде табылса, онда ол “табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам,” — деген тұжырымға келеді.

Абайдың осы ойлары әл-Фарабидің: “жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші. Өйткені ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді”, — деген оймен үндесіп жатыр.

Әрине, біз Абайдың жоғарғы ойларын жеңілдетіп алдық. Ал бұлар болса, өз контексінде “діндік мазмұнмен нық байланысты”. Яғни Абай “... мораль философиясының, педагогикалық мұраттарының негізін діндегі негіздермен қабыстырып” (М.Әуезов) беріп отырады. Сөйте тұра дін қағидаларымен қайшы келуі де бәрі-бәрі ақынның адамгершілік жайлы моральдық өсиеттерімен қабыса, қабаттаса жүреді. Сондықтан сырт, үстірт қараған кісіге тереңдеп танымаған кезде ақынның бұл қасиеттері — діни өсиет сияқты көрініп кететіні де бар.

Шынында да, бір кезде Абай мұрасының Шығысқа қатынасын осылай “дін дүниесі” деп қабылдап, үрке қараушылық та болды. Ал мұның өзі екінші кезекте Абайдың әл-Фараби т.б. ұлы ойшылдарға барып тірелетін өрісарнасын — басы сонау IX ғасырдан басталып, үздік-создық келіп XV ғасырда Әлішер Науаиге жалғасатын ренессанспен қабысып жатқан Шығысын тануға қатты кедергі жасады.



Тарих-шежіре бізге мынаны айтады: қазақ даласы байырғы бір аймақ (регион) ішіне кіретін, тарихи тағдыры бір ел болған соң, Орта Азия халықтарымен қатар мұрланады. Ол бұл мәдениеттен сырт қалып көрген емес. Ал бұл мұраның ішіне орта ғасырда Орта Азия мен Таяу Шығыста жасаған рухани дүниенің бәрі де кіреді: діни де, әдебиеті де, ғылымы да кіреді. Осы бәрі араласып, тіпті тұтасып жатқан байырғы мәдениет теңізінен Абай еркін сусындау, рухани нәр алды.

Бұларға Абай шығармаларында мол орын алған "... жақын Шығыс поэзиясында кездесетін толып жатқан сөздіктерді, түр жаңалығын" (М.Әуезов) қосу керек. Біз бұлардың — Шығыстың ұлы классиктері Низамидің, Сағдидің, әсіресе Науаидің тілдік өрнектерін, шеберлік тәсілдерін анық танимыз...

Абай осылайша өзінің адамгершілік жайлы біраз ойларында Шығыс ойшылдарымен көбірек үндесіп жатса, ал қоғамдық-әлеуметтік тақырыптарға жазған шығармаларында, оқу-білімді, еңбекті үндеген сөздерінде, жоғарыда айтқандай көбіне-көп Белинский бастаған революцияшыл-демократтардың идеяларымен, Салтыков-Шедрин сияқты сыншыл суреткерлердің дәстүрімен үндес келеді.

Әрине, бұл табысулар, тіпті ауысулар Абайды аласартып немесе кемітіп көрсетпесе керек. Қайта бұл: "... жәй — Абайдың ақындық нәр, қор алған тектері, іздеу өрісі, жалпы ойшылдық, ақындық диапазоны кең болғанын көрсетеді. Мысалы, грузиндердің атақты классигі Шота Руставелидің идеялық, позициялық, философиялық негіз қорларын айтқанда, барлық зерттеушілер оның араб, иран мәдениетінен және орта ғасырдағы батыс мәдениетінен екі жақты үлгі-өнегелер алғанын жасырмайды, ашып айтады. Тіпті соны Руставелидің өз заманынан бойы озған ерекше қасиет деп атайды. Өз тұсындағы дүниежүзілік мәдениетке бұның кең күлаш жайып еркін пайдаланғанын мақтан етеді" (М.Әуезов).

Абайдың осы екі жақты нәр алған тектерін, яғни "Дүниені көздеп, ғылымды іздеп, Екі жаққа үңілген жақтарын, жалпылап айтумен шектелмей, тереңдеп зерттеп барып, нақты түрде таныту келер күннің міндетіне ауысып отыр. Міне, сол кезде біз ұлы ақынның, ағарту мекемелері жоқ, университеті мен академиясы жоқ қазақ сахарасында — Шыңғыс тауында отырып-ақ адамзат жа-

саған ұлы рухани қазынасының қай тереңіне еркін бойлап; қай асқарына қарыштап барып қол артқанын анық, дәл танитын боламыз. Сол кезде Абай біздің қазіргі көріп жүрген деңгейімізден тіпті биіктеп барып көрінбек. Сол кезде Абай өзінше жасаған дүниелер мен жаңағы қол артқан, нәр тартқан арна көздерінен анық бөлектеніп, дараланып көрінбек.

\* \* \*

Әдетте, Абай нәр алған үш арнаның бірі ретінде қазақтың бай әдеби қазынасы аталады. Бірақ ақынның творчествосын жан-жақты зерттегеннің өзінде оның осы төл рухани қазынаға қатысы дұрыс сөз болмай жүр. Бұған бір жағы Абайдың творчествосы да кінәлі: ол қазақтың әдебиет көгінде күндей жарқырап, алтын шапағын шашып жіберді де, осы жарығымен өзге ақындар творчествосын тасалап тастады. Ол осыншалық озық ойға, идеяға, мазмұнға, терең сезімге, кереметтей көркемдік түрге, аса бай шебер оралымды тілге құрылған шығармаларымен — мүлде жаңа әдебиет жасауымен өзіне дейінгі әдеби ортадан өте үздік суырылып шығып, сондайлық биіктеп көтеріліп кетті.

Ал абайлық осы классикалық әдебиеттің тұрғысынан қарағанда, бұрынғы Бұқар бастаған әдебиеттің көтерген тақырыбы да, идеясы да, ой шеңбері де, көркемдік түр аясы да өте жадағай, кедей көрінді. Және де дәуірлері басқа-басқа бұл екі әдебиеттің өз дәуірі, қоғамдық әдеуметтік жағдайлары күн тәртібіне қойғызған мәселелерінде де мүлде айқын сезіліп тұратын қарама-қайшылықтар болды. Ал біз бұларға солай болуының заңдылығы тұрғысынан қарамай әлгі көрініп тұрған қайшылықтың жалаң өз тұрғысынан қарадық та, Абай мұрасы арқылы бұл әдебиет өкілдерінің сана-түсінігін көбіне бірыңғай терістеп келдік.

Міне, бұлар болса өз кезегінде ұлы классик ақын Абай мұрасы одан бұрынғы әдебиет арнасынан байланыс іздеуге аяқ басқызбады. Мұның өзі бір мағынасыздықтай сезілетін болды.

Бұл арада Державин, Жуковский, Батюшков шығармаларының Пушкин шығармаларына қатынасы жайлы айтқан В.Г.Белинскийдің сөзін еске алуға керек. Ол “Орыс поэзиясының тууына сондайлық ұлы қызметі сіңген бұл ақындар оның осылай тууына мүмкіндік жасады, бірақ оны туғызған жоқ, олар нағыз ақынның өзінен гөрі оның

алдындағыларға көбірек ұқсады. Пушкинмен салыстырмағанда бұлардың әрқайсысы да — кәдімгі ақын, бірақ оларды мұнымен салыстырсақ, онда Пушкин мен ол ақындардың ара қатынасы үлкен өзенмен, тіпті салыстыруға келмейтін үлкен дария мен оның құралуына себепші болған, бірақ өзі жұтып қойған тарам-тарам сулардың ара қатынасы сияқты болар еді”, — деп жазды.

Егер біз Абайдың ұлы ақындық дариясына оның құралуына себеп болған, бірақ өзі жұтып қойған тарам-тарам ақындық сулардың өз қалпындағы бөлек тұрғысынан келіп қарасақ, Абай дариясынан дәмінен жаңағы ақындық суларды қалай десе де көруге болады.

М.Әуезов жас талапкер ақын Абайды айтқан тұста: “Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұқар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен есітіп, танып, жаттап өскенін сезуге болады”, — деген еді. Осы ақындардың, жалпы қазақ поэзиясының ақындық сезімде, идеяда, мазмұнда, болмағанымен, ақындық лексика, тілдік өрнекте, тіпті өлең түрінде Абай мұрасына ауыс-түйіс болды. Абай мен ол ақындар арасындағы қарым-қатынас жайында С.Торайғыров та пікір қозғап, ұлы ақын бойындағы білімділік пен ойшылдықты аса жоғары бағалап:

Абайды қоя алмаймыз олармен тең,  
Себебі оқымаған білімі кем, — деген болатын.

Абайдан бұрынғы қазақ поэзиясы әрекет үстіндегі адам образын жасауға және ол әрекетті жағымсыз жанды образдың болмысына айналдыруда жалпы өте шорқақ келеді. Ал Абай болса осы орайда да жаңашылдық танытқан. Әсіресе, ел әкімдерінің жағымсыз бейнесін жасауда өте үздік ілгері кеткен. Айталық, ол ел әкімдерінің бір жағынан таптық қанаушылығын, екінші жағынан отаршыл мекемеге, оның менмендікпен көкірек өнімдеріне деген әрі жалтақ, әрі қорқақ, жағымпаз қалпын, екі түрлі болымсыздығын тамаша суреткерлікпен өте өткір ажуа түріне түсіріп бейнелеген.

Абай “Болыс болдым, мінеки” деген өленде болысты оның “... неше алуан қорлық маскара шындықтарын өз тілімен сөйлетеді”.

Күштілерім сөз айтса,  
Бас ізеймін шыбындап.

Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап...  
Оязға жетсін деген боп,  
Боқтап жүрмін барқылдап...  
Ояз бардағы қылықты  
Ояз жоқта етпеймін.

Немесе осындай өзге өлендерінде:

Жау жағадан алған күн  
Өздері иттей тақымдар...  
Ұрысса орыс,  
Елде болыс,  
Үйден үрген итке ұсап",—

деп, олардың сорақы сиқын, сүм құлқынын, екі жүзді бет бейнесін әшкере етеді.

Ал осы ел әкімдерінің әжуа образы қазақ поэзиясында Абайға дейін ең алғаш рет Дулат шығармаларында өте бір тапқыр шеберлікпен берілген еді:

Азған елдің бектері,  
Қан шықса елін жұлмалар.  
Қасқырменен аралас...  
Қазіргі қазақ ұлығы,  
Жаман иттен несі кем.  
Жемтік көрсе, қан көрсе,  
Айрылар мүлде есінен.  
Орыстың көрсе ұлығын,  
Қыздан дағы қылықты.  
Ұлық кетсе қазаққа,  
Қорқау қасқыр құлықты...  
Үй күшіктей үреді,  
Отының басын айналып,—

деген жолдардан Абай суреттеген ел әкімдерінің образын анық көреміз.

Әрине, алдында өткен сөз ұсталарында жоқ бұл артықша ақындық сипатты Дулатқа өз ортасының бір шындығы сыйлауы: сыртқы қанау, ел әкімдерінің осы отырықшылдық мекеме әкімдерімен табысып кетуі, бұқара халықты қосыла талауы астасып кетті де, Дулат қазақтың бұл хан-сұлтанын, би-бегін сол отаршылдық мекеме әкімдерімен қатар қойып қарады. Бұл екі жақты қанау Дулатты өз кезінің саяси-әлеуметтік мәселесіне қазақ шаруасының, тіпті кедей бұқараның көзімен қарауға дейін биіктетті. Бұл бұқарашыл ниеті оны көптің мұңына ортақ етті, бұған дейін әдебиетте бірыңғай мақталумен (сыналса жеке басы міні ғана сыналып) келген “жақсылардың” елге

жасап отырған қиянатын, жаулығын көруге көмектесті, олардың бұл іс-әрекетіне саяси-әлеуметтік астар, мән беру сияқты сыншылдық дәрежесіне көтерілді. Ал бұл көзқарастар Дулаттың ақындық сыншылдығымен, сыншыл суретшілігімен қосылып келіп, үстем тап өкілдерінің іс-әрекетін бұл күнге дейін танымда жоқ өзге бір мазақты түрде, басқа көп ақын байқай алмаған қорлық әрекет бейнесінде көруіне негіз болды. Мұның өзі екінші кезекте әдебиетте әкімдердің жағымсыз әрекетінің образын берудің жаңа тілдік үлгі-моделін ала келді.

Ал Абай заманында ел билеудің “Жаңа низам” аталған жаңа тәртібі енгізілді де, Дулаттың “хан-сұлтаны”, “бек-биі” болыс бастаған “атқамінер” атанған көп ұсақ әкімге айналды. Олардың билігі шектеліп, ұлықтарына барынша тәуелді болды. Сондықтан бұл әкімдер өз әміршілеріне соншалық жалтақ құл мінезді келді. Бірақ олар өз бетімен қазақ даласына көп ылаң әкеліп, бүлік басы, дау басы, партия басы әрекетімен елдің ығырын шығарды, өздері көп айла-тәсіл тауып, аярлыққа салынды. Орыс әдебиетінің реалистік дәстүрін тұтынған Белинскийлер ізімен ақындықты қоғамдық мінді ашушы құрал деп білген Абай өз заманының осы болымсыз әкімдерін барлық жексұрын әрекет-мінезімен тізіп қойып әшкереледі.

Сонда ол өзі тапқан көркемдік тәсілдерімен қатар, бұл әкімдердің Дулат арқылы жасалып қалған, елдің ұғымына қатты сіңіп, әдебиетте дәстүрге еніп үлгірген кескін-кейпін де қоса ескереді, өзінің алдында әдебиетте жасалған сатиралық образдарды әдейі тандайды. Тіпті бұл дәстүрлі үлгіні өзге бір орайда да әдейі қолданып отырады. Айталық, Дулат жыраудың геройы: “Бұзауы өлген сиырдай, Мөңіреп жұртқа ой қатты” десе; Абайдың лирикалық кейіпкері: “Адасқан күшік секілді, Ұлың жұртқа қайтқан ой”,— дейді. Адам жан дүниесінің құлазып қалған бір шағын бірі бұзауы өлген сиырдың жоғын жұрттан іздеп, мөңіреп қайта оралуына теңесе, бірі адасқан күшіктің барар жер, таппай, көшпей жұртқа ұлып қайтып келуіне теңейді. Бір психологиялық процестің екі түрлі суреті бір модельде жасалған шеберлікте таңытады.

Бұл іспеттес үндестік пен жақын келуді, тіпті өлең түрлерінен де анық кездестіреміз.

Егер біз осы үндестікті бірлестіктің ізі, дәстүрдің дами жалғастық табуы деп қарастырар болсақ, Абай мұрасының

өз топырағында да терең тамыры бар мұра екенін таныр едік, танытар едік.

Бұған дейін біз Абайды өзінің үш ұлы арнасында ала отырып таныту міндетін алға тарттық. Ал мұның өзі бірінші кезекте ақын шығармаларының әрі барлық елеулі өзгешеліктерін, қасиеттерін кеңінен қамтып тұтастай әрі терең зерттеуді, жан-жақты талдауды қажет етпек. Яғни академиялық дәрежедегі ғылыми-зерттеу еңбек қажет.

М.Әуезов, жоғарыда айттық, абайтанудың тамаша жүйесін жасап берді. Бірақ Мұхаң ақын шығармаларының барлық сипатын аша жан-жақты талдаған емес. Және де мұны мақсат та тұтпаған. Ол өзінің Абай жайлы монографиясында ақынның “Қансонарда”, “Қақтаған ақ күмістей”, т.б. өлеңін алғашқы туындылары болған соң, өте кең түрде жан-жақты талдап, ақындық шеберлікті де тамаша ашады. Бірақ өзге көп өлеңдер түсында автор ақынның алдыңғы өлеңдерінде жоқ артықшылықтарын ғана теріп сөз еткен. Бұл ақын творчествосын зерттеудегі Мұхаңның өзіндік әдісі еді. Мұны ол алғашқы өлеңдерде жасаған талдаудан кейін: “Сонымен келесі жылдар шығармаларын тексергенде, бұрынғы тақырыптарды қайталаған шығармаларды түгел тексермей, олардың ішінен кейінгі жылдар қосқан жаңалық идея мен көркемдіктің тың сипаттарын айрықша атап отырмыз”,— деп түсіндіреді. Міне, М.Әуезовтің аталмыш өлеңдерге жасаған осы толық талдау үлгісінде ақынның өлең жасау шеберлігін, түрлік, тілдік көркемдік сипаттардың кең түрде ашу ендігі күннің міндеті болмақ.

Абайды жаңа поэзия үлгісін жасады дейміз. Бірақ осы поэзия тіліндегі үлкен лексикалық байлық, ақындық тапқырлық, дәлшілдік, суреткерлік, сол сияқты өлең түрін жасаудағы жаңашылдық, бұрыннан бар өлең түрін жаңғыртып дамытуы, қабылдауы т.с.с. көп көп мәселелер әлі жете анықталған жоқ, танылған емес.

Әлі күнге дейін ұлы ақынның анық толық мәніндегі академиялық жинағын шығара алмай келеміз. Бұл үшін ақын шығармалары әуелі өзінің тақырыбы жүйесімен төтелей келіп барынша терең зерттеліп талдануы керек болады. Сонда ақын лексикасының мәні ашылып, көп ұғымдар мен ойлардың ғылыми түсінігі берілетін болады. Әрі сол кезде ғана барып ақын шығармаларының текстологиясы мінсіз сипатта қалпына келеді. Міне, осындай зерттеу еңбектердің негізінде ғана барып өзінің толық мәніндегі

ғылыми түсініктемесі бар академиялық жинақ шығаруға қол жетпек.

Міне, Абайды осылай жан-жақты терең таныған кезде ғана қоғамдық, ұлттық сананың зор жетістігіне айналған кезде ғана, оның шығармалары өзінің анық шын сипатымен көп ұлтты еліміздің ортақ рухани қазынасын байыта түспек. Абай мұралары төңірегінде жүргізілетін келер күннің қамдары осы бір ұлы мақсатқа арналса керек.

## АБАЙ ЖӘНЕ М.ӘУЕЗОВ

Бірінші ескеретін жай, әрбір ғалым өзі істес ғылымның күн тәртібінде тұрған өте зәру тақырыптарын, барынша актуальды және негізгі проблемаларын көре алуы керек. Себебі ол ғылымның ендігі жердегі қозғаушы күші де, ілгері жылжытушысы да, биіктер жүгі де оның ұзақ жылдық даму эволюциясы негізінде келіп алға тартылып отырған, заңды қажеттікке айналып отырған осы проблемалары мен тақырыптары болмақ. Бұл үшін ғылым майданында жүрген әрбір ғалым, қарастыруды, зерттеуді сөзсіз керек ететін бұл зәру проблемалар мен тақырыптарды көре алуы керек. Көре алудың үстіне оның патриоты, жанашыры да болуы керек. Көруге, тануға, танытуға бастап әкелетін дүниенің өзі де негізінен осы жанашырлықта, патриоттық санада жатыр.

Осы тұрғыдан келгенде қазақ филологиясының ендігі өрісі, жаңа беті тек қазіргі күнді тақырып еткен шығармалардағы, мерзімді баспасөздегі көркемдік, тілдік құбылыстарды сөз ету негізінде ғана көрінеді десек, бұл бір жақтылық болмақ. Әдебиет бүгінгі күн мәселелерін сөз еткен очерктер мен публицистикалық жанрлардан ғана тұрмайды, оның халықтың өткен жолына, тіпті бағы замандарға да барып, оларды бүгінгі күннің талаптары, қажеттіктері тұрғысынан суреттеп беретін жанрлары да болады. Ал, ғылымда да осындай шегіністер — халықтың өткендегі рухани қазыналарын бүгінгі күннің талабы, қажет етуі тұрғысынан келіп сөз етуі болып отырады. Жалпы ғылымның негізгі сипатының өзі де оның осы ерекшелігінде. Ол ол ма, қазақ филологиясы осылай ауық-ауық ілгеріректе әдебиетте, ғылымда жасалған танымдарды, түсініктерді жинақтап, зерттеп, қайта қорытып отырмайынша алға дами алмайды. Шындап келгенде

мұның өзі сол ғылым үшін қажет емес, бүгінгі өмірдің өзі соны талап етеді: Әрбір жаңа буынның өткендер жасаған рухани мұрадан нәр алу, сусындау сияқты заңды қажетсінуі болады. Ал бұл ретте осындай рухани қазыналарды қазіргі күннің қажетіне, мүлкіне, игілігіне айналдырған ұлы суреткерлердің, ғұлама ғалымдардың творчестволық лабораториясының, тәжірибелерінің жетекшілік, үлгілік, танымдық ролі ересен.

Шынық сол, белгілі бір әдебиеттің өзі сол халықтың мәдениет тарихында зор тарихи құбылыс болған ұлы туындылар негізінде жасалатынын сияқты, әдебиеттану ғылымы да оның аса көрнекті қайраткерлерінің дәлірек айтқанда ғылымның ұлы корифейлерінің еңбектері негізінде жасалады және бұл еңбектер сол ғылымның бүкіл былайғы дамуы тарихының негізі болады. Тіпті олар сол ғылымның бүкіл келер тарихы бойында әрбір жаңа биікке көтерілуі кезеңінде жетекші күші, сусындаушы нәрі де боп қала бермек.

Ал өткендер жасаған рухани қазынаға барып, олардың ой-пікірін, танымдарын қайта қарап, жинақтап, қорытып отыру керек екен, сонда бұған қалай бару керек, қалай жинақтап қорыту керек. Сөз жоқ, бұл қайта оралудың қазіргі қазақ филология ғылымын дамытуға бастап әкелетіндей өзіндік жаңа сипаты, қайталанбаған өзіндік ерекшелігі болуы тиіс. Бір сөзбен айтқанда, өзгеше зерттеу әдісі мен жеткізу формасы болуы қажет. Және мұның өзі ғылымның былайғы жолында қолданбалы әдіске, формаға айналуы тиіс.

Міне, жолдастар “Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары” деген үлкен еңбекті оқып шыққан кезде бұл кітаптың объектісі, және ол кітапта күн тәртібіне қойып, сөз етілген проблемалар оларды сөз ету әдісі бізді осы ойға келтірді.

М. Мырзахметов қазақ әдебиеттану ғылымына 60-жылдары “Абай мұрасының зерттелу жайы (абайтану тарихы)” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап барып келді. Міне, содан бері ол Абай мұрасын үзбей зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ филологиясында Абайдың бірден-бір білгіріне айналып отыр.

Ғалымның жаңа бір өрісі ашылуында, сөз жоқ, заңдылық бар. Мекемтас М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалды музейіне келді де, жазушының мұрасымен барынша етене танысуға мүмкіндік тапты. Осынау ұлы жазушыдан мұраға



қалған бай рухани қазынаны тәртіпке келтіру, зерттеу, өзге архивтерден іздеу салу — осылардың бәрі-бәрі негізінде қазақ әдебиеттану ғылымына беймәлім деректердің көзін табу, сөйтіп М.Әуезовтің жазушылық және ғалымдық лабораториясының қат-қабат сырларына еркін қану Мекемтасқа Мұхандай құпиясы мол жазушы-ғалымға өзі бұрын маманданған саладан — абайтану тұрғысынан келіп, төтеден қарауға мүмкіндік берген.

Мекемтастың бұған дейін Абай мұрасынан өздігінен ізерлеп тапқандары, ал білімі, алымы жетпей, еріксіз түйыққа тіреген мәселесі, яғни ақын ойының құпия сырлары, оны ала алмаудан, аша алмаудан туған сан сұрақтары т.с.с.— баршасы, М.Әуезовтің ғылыми лабораториясына кіргенде, оның абайтану саласындағы ой қазынасына психологтар тілімен айтқанда, ассоциация берген, ғылыми жүйедегі заңды байланыс туған. Сөйтіп ол М.Әуезовтің Абайды таныту саласында жасаған еңбегіне өзі бұрын бастаған табиғи жолымен келіп кірген, өз жолымен өз соқпағымен келіп кірген. Бұл да ғалымға қажет, ғалымға керек негізгі әрі басты сипат.

Сөйтіп Мекемтастың абайтану саласынан бұрын бар білім қоры және М.Әуезовтің абайтану саласында жасаған өте күрделі еңбегі — осы екеуі екі жақтап “Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары” деген проблеманы игеруге және оны шапшаң аяқтап шығуға мүмкіндік берген.

Ұлы ақын Әлішер Науаи өзінен көп бұрын өткен ұлы Низами ізімен “Хамсаны” және бір тақырыпта “Фарһад ва Ширин” дастанын жазып отырып,

Оңай емес бу майдан ішінде тұрмақ,  
Низами панжасына панжа ұрмақ,—

дейтіні бар. Сол сияқты Мекемтас та өзінің бұл зерттеуінде әрі М.Әуезовтің абайтану саласындағы зерттеушісі ретінде, әрі абайтанудың авторы ретінде көрінеді. Және бұған оның толық құқы да бар. Оның сыртында автор барынша кішіпейіл: осы еңбекте ол абайтанудан өзіндік жаңа бетін көрсетсе де, және қазақ филологиясы үшін тың, соны ой-пікірлерді молынан айтып отырса да, бірде-бір жерде “... ал біз былай айтамыз” дейтінге саятын мінез көрсетпеген. Мұхандай үлкен ғалымды алға салып, өзі соңынан еріп отырып та көп нәрсе айтып тастаған,

Абай әлемінің сыр бүгіп, көмескі тартқан көп құпиясына жол тапқан.

\* \* \*

Жұртқа белгілі, XIX ғасырдың соңғы 20 жылы мен XX ғасырдың басы Абайдың ақындық құрған дәуірі болды. Және Абаймен қазақтың жаңа әдебиетінің дәуірі басталды. Ал Октябрьдің алғашқы екі он жылдығындағы әдебиет өзін тануды осы Абайды танудан бастады да, Абай мұрасы жайлы таным стихиялы түрде қазақ әдебиеттану ғылымының басына, бастау негізіне айналды.

Ал бір жарасымдысы сол: Абай мұрасы жайлы осы ғылыми танымның — қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы сөзінің авторы кейін ақын жайлы ұлы шығарма жазып, зор ғылыми еңбек жаратқан Мұхтар Әуезов болды.

М.Әуезов ұлы ақын мұрасы жайлы сонау 20-жылда бастаған зерттеу жұмысын бергі кезде үш салада — Абайдың өмірін зерттеп, ғылыми өмірбаянын жасау үлгісінде, шығармаларын зерттеп, ғылыми монография жасау үлгісінде, ақынның өмірі мен творчествосы ішіне кіретін “Абай жолы” атты эпопея жарату үлгісінде — жүргізіп, кешегі 60-жылдың басына дейін алып келді.

Демек, абайтану қазақ әдебиеттану ғылымының басы ғана емес, оның былайғы дамуы тарихына негізгі, өзекті ірі сала да боп кірді, әрі ол қазақ әдебиеті тарихы деген ғылымның өзін құрады.

Олай болса, М.Әуезовтің көркем шығармалары мен ғылыми еңбектерінде жасалып, қалыптасқан абайтану проблемасы — “қазақ әдебиеттану ғылымы” деген ғылымның проблемасы, қазақ әдебиеттану ғылымының өзі, ең өзекті, ең күрделі және ең өміршең саласы.

Олай болса М.Мырзахметовтің бұл еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымының өзі жайлы зерттеу монография.

Сөз еткелі отырған монографияға кіріспес бұрын айтылуға тиіс бір жай бар. Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихының М.Әуезов бастаған бір саласы оның өзімен аяқталады, дәлірек айтқанда, қазақ филологиясының абайтану саласын М.Әуезов өзі бастап, дамытып, және негізгі-негізгі проблемаларын айқындап, ендігі зерттеу бағыттарының қай түрғыда болуы керектігін белгілеп берді. Бұған М.Әуезов ұлы ақын мұрасын ғылыми түрғыда зерттеп, көркемдік аяда айтып беру арқылы — бір дүниені екі үлкен әдіспен, екі үлкен формада айтып беру арқылы жетті. Әрі ол а б а й т а н у д ы ң ғ ы л ы м ы ж ү -

йесін анық және берік, өзгермейтін қалыпта жасап берді. Әсіресе мұны М.Әуезов “Абай жолы” эпопеясында көркемдік форма аясында барынша тыңғылықты, барынша шашаусыз түгендеп, жетер жеріне жеткізе орындап шықты.

Міне, басқа емес, дәл осындай зор жұмыс нәтижесінде барып қазақ әдебиеттану ғылымында Мұхтар Әуезов танытуындағы абайтану сияқты жеке ғылым саласы жасалды.

М.Мырзахметовтің бірінші табысы — қазақ әдебиеттану ғылымындағы осы жаңа ғылым саласын көре білуі.

Автор М.Әуезов танытуындағы абайтану сияқты ғылым саласының қалай басталып, қалай дамуын, оның қалай дараланып қалыптасып шығуын сөз етіп, М.Әуезов танымындағы абайтану тарихын жасаған. Бұл — автордың екінші табысы.

Абай сияқты данышпан сыншыл ақынның, ойшыл, ағартушының, күрескер қоғам қайраткерінің өз ортасынан оқшау дараланып шығуына және мәңгі тірлік табуына, сөйтіп уақыт өткен сайын, ұрпақ ауысқан сайын өзінің артықша мәнімен, бар болмысымен соншалық жоғары биіктеп, барынша айқын көрінуіне өзі жаратқан дүниеліктері себепші болса, оның осы ұлылығы негізінде ақыл дариясының жер асты көздеріндей болып жатқан нәр арналарының да мол үлесі бар еді. М.Әуезов айтқандай, ол нәрлердің “баршасын да Абай өзінің үлкен ой, терең толғауы, ірі ақындық ерекшелігі арқылы үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайнар жүрегінен шыққан бұйым-табысы етіп ала білген. Сондықтан да оның өзіндік дүниесі мен әсер-ықпалдың аражігін айрып тану қиынның қиыны. Сондықтан да Абайдың “Ақыл кемесі” мұхит айсбергіне көп ұқсайды: оның су асты бөлегін мұхит астына сүңгімей көре де, шамалай да алмайсың; ал оларды көре алмасаң, Абайдың “Ақыл айсбергінің” көзге ұрып тұрған көріністегі тұлғасын анық түсіне де, анық тани да қою қиын.

Осы себепті де М.Әуезов танытуындағы абайтану ұлы ақын қазынасының сарқа түгенделіп барып айтылған соңғы сөзі емес. Ол — абайтануда толық қарастырылған және қарастырылуға тиіс проблемалардың ғылыми жүйесі, ұлы сарайы. Мұхаң мұның көп тұстарын түгел аяқтап соғып шықты, ал біраз тұсының ұлы діңгектерін ғана қойып үлгерді... Айтуға уақыт жеткізбеген, жағдай ерік бермеген

көп ойларын — абайтанудың алғышарттарын тезис түрінде қолжазбаларына ғана түсіріп кетті.

М.Мырзахметовтің үшінші табысы сол: ол — Мұханның ендігі өмір жолында іске асырар ұлы ойларының кіші жоспарларын тауып, осы “жол- жоспар” негізінде “Абай мұрасының Шығысқа қатысы” деген үлкен бір тарау (104-бет) еңбек жазған. Бұл — автордың анық табысы, елеулі табысы.

\* \* \*

Автордың бұдан өзге де табыстарын атау үшін оны да осылай даралап, жіктеп шығаруға келеді. Әрине, мұны біз автордың жағдайына керек бір дүние болғаны үшін осылай көрсетейік деп отырған жоқпыз. Автор еңбек жазды, кітап шығарды, өз міндетін орындады. Сол үшін оған рақмет. Ал ендігі кезек оқырманның осы еңбекті қабылдауы, таңуы болмақ.

Әрине, жаңа шыққан еңбекті оқырманға жай ғана таныстыру өз алдына да, ол еңбекті оқушы қауымға баяндап жеткізу, оқырманның бұл саладан жете маман емес бөлегіне еңбекті түсіндіре сөз ету, автордың комментаторы болу екінші мәселе.

Сөз етіліп отырған өте күрделі монография үшін осы соңғы үлгідегі сыни мақала әсіресе керек. «Кітап оқушыларының өзіне керек. Түптеп келгенде, мұның өзі қазақ филология ғылымының міндетті жұмысы. Тіпті жаңа еңбектерге арналған осындай түсініктеме (комментарий) мақалалар арқылы бұл ғылым өзінің сергектігін ғана көрсетіп қоймайды, әрі өзінің өресін де танытады.

\* \* \*

Жалпы алғанда қазір бізде Абай мұрасымен төрт салада — әдебиеттану, тіл білімі, педагогика, философия саласында айналысу бар да, осылардан әдебиеттануда ғана абайтану жеке предмет дәрежесіне жеткізіле зерттелді. Абайтану жоғары оқу орындарында жеке пән ретінде оқытылатындай дәрежеде зерттеу жұмыстары жасалды. Бұл — біздің әдебиеттану ғылымының зор табысы.

Байқасақ, “ақын мұрасы жөнінде қалам тербетіп, пікір білдірген қаламгерлердің жалпы саны мыңнан асып, абайтану саласында жазылған ірілі-ұсақты деректер саны төрт мыңға жетеді” екен. (Біз бұдан былай, тек М.М.— деп қысқартып алып отырамыз. М.Мырзахметовтің аталмыш кітабы, 289-б.).

Міне, абайтану осы еңбектер негізінде туды. Мекемтас осы бір тұтас дүниені екіге — “Абай мұрасы өзгелер танымында” және “Абай мұрасы — М. Әуезов танымында” деп бөледі де, соңғысын өз зерттеу объектісіне алады. Және бұл таңдауын былай дәлелдейді: “Абайтану саласында жазылған осындай ұланғайыр еңбектердің ортасында Мұхтар Әуезовтің Абай творчествосын зерттеудегі ғылыми еңбектері мен көркем туындыларының орны ерекше бөлек. Өйткені М.Әуезовтің ақын мұрасы жайында ширек ғасырдан астам уақытқа созылған ғылыми-творчестволық зерттеулері жалпы әдебиет тарихындағы ұлы классиктердің мұрасын ғылыми әрі көркем туындылар арқылы бірлікте танытып, меңгерудің талассыз үлгі-өнегесіне айналып отыр. Мұны ғылыми тұрғыдан танып, меңгерудің ғылыми әрі практикалық мәні мейлінше үлкен” (М.М., 289-б.).

Әрине, біздің ғылымдағы жалпы абайтануды зерттеп жүйелеу, анықтау, қорытындылау күн тәртібінде тұрған зәру мәселе. Осы істі “ұлы классиктердің мұрасын... танытып, меңгерудің талассыз үлгі-өнегесіне” айналған М.Әуезов танытуынан бастап, Мекемтас ғылыми тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да дұрыс жол тапқан. Өйткені М.Әуезов қазақ әдебиетінде абайтанудың ғылыми жүйесін жасаған ғалым. Абайтанудың осы жүйесін ғылымда анықтау, таныту, қорыту — жалпы абайтануға үлгі-жүйе болмақ. Мекемтас осы игі істі бек жақсы тындырып, қазақ әдебиеттану ғылымының жалпы абайтанудағы өрісіне жол ашып отыр, бізге мұхтарлық абайтанудың үлгі-жүйесін ұсынып отыр.

\* \* \*

Жұртқа белгілі, мұқтарлық абайтану екі салада жасалды: бірі — ғылыми жүйеде де, екіншісі — көркемдік формада “Абай жолында” жасалды.

М.Әуезов өзінің эпопеядағы Абайы жөнінде жұртқа мәлім тарихи романдардың геройларынан өзгешелігін айтып, былай деген: “Менің романдарым батыр емес, ақын туралы, менің геройым — творчестволық тұлға,... ол өз искусствосында өз кезіндегі қоғам мен халық өмірінің тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларын шыншылдықпен дұрыс сәулелендіре отырып, бұл да өзін күрескер есебінде танытады, бірақ өзінше танытады. Бұл бұқаралық қозғалысты бастамайды, халықпен бірге жүреді, жалпы күреске өз үлесін қимыл-

күшімен емес, творчестволық ісімен қосады... мен героимның сырын, ішкі творчестволық бұраландарын, творчестволық психологиясын, оның өмірді тікелей түйіндеулерінің, сезіну-толғануларының нәтижесінде көрінген шындық құбылыстың сырларын, тіпті ақын шығармаларының тамыр тартқан тереңін аша көрсетуге көп күш жұмсадым” (М.Әуезов. Шығ., 12-том. 107-б.) — деген.

“XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірі мен тұрмысының нағыз энциклопедиясы” (Қ.Сәтбаев) болған бұл “Абай жолында”, біріншіден, Абайды тудырған дәуірі, тарихи ортасы, сол кездегі қоғамдық қарым-қатынас — қазақ халқының жарты ғасырлық тарихы күдіреттей суреткерлікпен және терең ғылыми негізінде бейнеленген; екіншіден, қазақ халқының ғасырлар бойы туып қалыптасқан, тұрмысқа енген салт-санасы, әдет-ғұрпы мольнан жинақталған, барынша екшеліп өте дәлдікпен өзінің сахналық көрінісімен сөз суретіне түскен; үшіншіден, өзінің сурет-кейпімен, мінез-құлық қалпымен, ой-санасымен, ақыл-парасатымен, іс-әрекетімен бәрі-бәрімен өз дәуірінің салт-сана, әдет-ғұрпы, тартыс-күресі, шаруа қамы жөргегінде тұтас халық, оның өкілдері тамаша образды үлгіде тірішілік жасап жүр. Абай осы көп образдың ішінде, ортасында тұрған ұлы тұлға; төртіншіден, қоғамдық-әлеуметтік қайраткер, күрескер Абай эпопеяға әрі ақын, әрі ағартушы, әрі ойшыл қалпымен — бүкіл творчествосымен кірген.

“Абай жолы” эпопеясындағы бірінші сала бойынша Л.М.Әуезова зерттеу жүргізіп, “М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары” (1977) тақырыпта үлкен еңбек берді. “Абай жолындағы” екінші сала бізде әлі қарастырылмаған көп проблемалардың бірі. Ал үшінші сала бойынша қазақ әдебиеттану ғылымының қазіргі ақсақалы академик М.Қаратаев бастаған біздің белгілі-белгілі әдебиетшілеріміз өте мол жұмыс жасады. Эпопеядағы төртінші сала проблема М.Мырзахметовтің үлесіне тиіп отыр.

Бұл проблема жайлы біздің ой түйіміз және автор еңбегінің шындық қалпы мына бір жайға оқырман назарын тағы да бір аударуды керек етеді. Бұл проблеманы сөз ету үшін автордың алдында төрт саладан келіп түйісетін міндет тұрды деп білеміз: біріншіден, эпопеядан абайлық реңктерді жіті көру, білу, тану; екіншіден, мұхтарлық абайтанудың жетік білгірі болу; үшіншіден, Абайдың өзін,

творчествосын терең танып білу; төртінші жазушының Абай ойларының сарынын ғана алып, оларды көркемдік әдіс-тәсілмен өзгеше бір формада беруін аңғара, тани алатындай білгірлік тағы керек. Осы төрт сала үлкен-үлкен күрделі проблемаларды бір талап тұрғысынан аста-стыра, қабыстыра білгенде ғана автор бұл міндетті орындап шыға алар еді. Біз сөз етіп отырған монографияның авторы мұны жақсы білген. Сондықтан да ол: “Бұл еңбектің алдына қояр негізгі мақсаты — Мұхтар Әуезовтің абайтану саласында көтерген проблемалары мен оларды шешу жолындағы ғылыми ізденістерін, ... осыған қоса жазушының “Абай жолы” эпопеясындағы Абай мұрасы жөніндегі өзіндік ерекшелігі бар зерттеулерін де көркемдік баяндауларын да бірге” қарастыру (М.М., 9-б.),— деп еңбектің мақсатын өте анық көрсеткен.

Әрине, эпопеядағы біз жоғарыда атаған “үшінші сала проблема” бойынша өте көп еңбек жазылды. Бірақ ол еңбектер М.Әуезовтің эпопеясындағы образды Абайды көріп, соны сөз етті, эпопеядағы абайтануды, өз шығармасымен келген ақынды көрген емес.

Оқушы назарын тағы бір маңызды жайға аудара кетейік: мұқтарлық абайтану проблемасы — өте үлкен проблема. Бұл — ұлы ақын мұрасын тұтас сөз ету. Мекемтас бұл проблемалардың көгенді желісінен сөз болуы, я сөз болмауы жағынан бір-біріне қарама қарсы екі түрлі сипаттағы пробелмаларды бөліп алған, яғни “бұл проблемалардың” әлі күнге дейін жұртшылыққа беймәлім немесе қызу пікір таласына түскен буынын, өзекті жақтарын” (М.М) ғана алған. Пәлі! Бірі — оқушыға беймәлім жайлар да, екіншісі — бір кезде әдебиет тарихында қызу пікірталасын туғызған жайлар (!) Біріншісінде автор бізге беймәлім жайға барып, М.Әуезовтің абайтанудағы бұл күнге дейін ғылымға белгісіз еңбектерін жалғанның жарығына шығаруы керек. Екіншісінде бір кезде М.Әуезов танымымен тікелей иықтасып не шаужайласып шыққан, бірақ “мұраға ауысқан” пікірлер бар, солармен пікір майданына түспек керек; олардың қайсыбірін құптай, жақтай отырып ілгері шығару керек те, ал қайсыбірін — кезінде кездейсоқ жағдайлар қолдан жасаған “пікірлерді”, бірақ ғылымның анық, дәл бағасы, жауабы айтылмай қалған пікірсымақтарды “қызметтен алу” керек. Өзіне керегі болар қолайлы жағдай туа қалса-ақ, өзінің жеке мүддесінің пайдасы таразыға түскенде ұпай әперер сәт бола қалса-ақ,

оп-оңай “жоқшы” боп, “мен мұндалап” шыға келетін тоғышарлардан жақтаушылары тағы да тумастай етіп, ғылымның соңғы сөзін айту керек. Өз пікірінді ендігі күннің керегіне айналар сипатқа келтіріп барып айта алу керек.

М.Мырзахметов бұл соңғы мәселеге монографияның “М.Әуезов және Абайдың әдеби ортасы” деген шағын тарауын және “Абай мұрасының шығысқа қатысы М.Әуезов зерттеулерінде” деген үшінші тараудың біраз бөлегін арнаған. Ал бұл үшінші тарау да, “Абай өмірбаяны — абайтанудың іргелі саласы” және “М.Әуезов — Абай шығармаларын жинаушы әрі текстолог” деген алғашқы екі тарауы да бізге бүгінге дейін беймәлім немесе өте күңгірт жайды сөз еткен. Біз енді осы тарауларға жеке-жеке тоқталамыз.

Монографияның бірінші тарауы — “Абай өмірбаяны — абайтанудың негізгі саласы”. Бұл тарауды түсіну үшін және “Абай өмірбаяны” деген үлкен ғылыми еңбекті М.Әуезовтің қалай жасап шыққанын анық түсіну үшін, әуелі мына бір шындыққа назар аудару керек болады. Қазақ әдебиетінің Абайға дейінгі, тіпті Абаймен тұстас ірі-ірі өкілдері: Бұқар мен Дулаттың, Шортанбайдың, Махамбет пен Шернияздың, Сүйінбайдың, Жанак, Түбек, Шөже бастаған күллі айтыс ақындарының, Майлықожа, Базар бастаған өзге бір топ ақындардың бірде-бірінің ғылыми өмірбаяны жасалған емес. Бұлардың бәрі де әдебиеттік өмірбаяны жоқ өкілдері. Ең мықтағанда аңыз түрінде сақталып жеткен не өлең-толғауларына қосақтасып жүретін бір-екі ауыз анықтама-деректер ғана үзік-үзік жеткен. Тіпті Махамбет ақынның өзін біз тек 1836—38 жылдары Бөкей ордасында болған шаруалар көтерілісі тұсында ғана біршама анық көреміз. Қазақ ақындарының өмірбаяны — олардың өз өлең-жырлары ғана. Мұның себебі: бұл ақындар жайлы дерек кезінде жазуға түспей қалды. Арада екі-үш буын ауысып үлгірді де, мұраға ауысқан тарихи деректердің нақты ізі көмескі тартып қалды, көп нәрсе жұрт жадынан шығып кетті.

Біле білсек Ұлы Қазан алдында қазақ халқының Абай сияқты ұлы ақынның да өлеңдері біршама ұмытылып, өмірі жайлы факт-дерек азайып, көмескілене бастаған еді. Өмірі жайлы деректің көбі, фольклорлық сипатқа айналып үлгірген болатын. Аз уақыт өтсе, Абай да халық жадында



Бұқар мен Дулаттар сияқты дәрежеде ғана сақталып қалар жағдайға жақын келіп еді.

Осы қауіптен Ұлы Қазан аман-сақтап қалды, құтқарып қалды. Бостандық алған қазақ халқының өткендегі рухани қазынасына жоқшы болар, қарауыл-қамқоршы болар жаңа заман туды. Бұл заманның өз әдебиетін, өз ғылымын жасар жаңа интеллигенция өсіп шықты. Солардың алдындағы сапында, онда да Абай шыққан жерде өскен М.Әуезов болды.

Шынын айту керек, әдебиет оқырмандары, тіпті Абай творчествосын және М.Әуезов жасаған “Абайдың өмірбаяны” /М.Әуезов. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер, 1967,33-89-беттер/ деген еңбекті жақсы білетін әдебиетшілер, М.Мырзахметовтің сөз болып отырған кітабына дейін бұл ғылыми еңбектің қалай келіп туғанынан, оның жасалу сырынан, ең бастысы бұл ғылыми еңбекті осылай бізге таныс формада жасап шығудың қаншалықты қиындыққа түскенінен мүлде хабарсыз еді.

М.Мырзахметов қазақ әдебиеттану ғылымында бұл күнге дейін беймәлім осы жайдың кілтін ашқан, “Абайдың өмірбаяны” деген еңбектің қалай жасалып шығуының тарихын, оның ғылыми жүйесін бізге шешіп берген. Сөйтіп ол бізді өте тың, барынша мол жана танымға кенелтіп отыр. Бұлар ғана емес, ең бастысы өзінің өмір жолы жазушының күнделіктеріне, замандастарымен жазысқан хаттарына, әр түрлі документтер мен ол жайлы материалдарға, естелік-жазбаларға түскен Европа әдебиеті өкілдеріне мүлде қарама-қарсы ақынның — өмірі, күресі, ақындық жолы т.б. жайлы “ешқандай мемуар да, күнделік те, не сол кезде жарияланған деректі еңбек те жоқ” ақынның ғылыми өмірбаянын жазып шығудың ғылыми әдіс-тәсілін біздің алдымызға жайып салып отыр.

Бақсақ, мұхтарлық абайтанудың негізі бірінші рет 20-шы жылдардың басында Абайдың өміріне қатысты еңбектерде қаланған екен. Ал оның архиві, бірінші, сол дәуірдің өмір шындығы, екінші, бұл өмір шындығының ақын шығармасында суреттелуі, үшінші, “Тірі архив” Абай ортасының естелігі болыпты.

Әрине, сол дәуір оқиғалары жайлы, Абай өлеңдерінің жазылу дерегі жайлы, тіпті ақынның өз басына, іс-әрекетіне қатысты жиналған естеліктердің, әңгімелердің көбі-ақ ғылыми таным түгіл шындықтан алыс жатыр еді. Мұханның өз сөзімен айтқанда, “Олар алыс өткенді

аныздай әсерлеп, сырланқырап, өзгерте өсіріп айтатын. Кейде бір нәрсе туралы бірінің айтқаны екіншісінің сөзіне қайшы келіп жататын” (М.Әуезов. Шығ., 12-том, 109-б.).

Мұхтар Әуезов осылардың баршасын ізерлей зерттеп салыстыра отырып, сарапқа салыпты, терең ұғынып, ой елегінен өткізіпті, сын көзімен қайта қорытыпты. Тіпті зерттеген кісіге осы “Өмірбаянның” өзінде Мұханның таным эволюциясы ізі сайрап жатыр екен. Ақын дәуірінің қоғамдық-саяси жағдайлары сырын анықтай түскен сайын, өмірі жайлы жаңа деректері молыққан сайын Мұхан ақын өміріне қайта, қайта оралып, ол деректердің туу себептерін, өлеңдердегі өмір шындығы із-табын анығырақ, тереңірек, дәлірек көре түседі, ғылыми тұрғыдан дәл тұжырым-бағасын бере түседі. Демек, М.Әуезовтің Абайды өз ортасында, өз уақытында, өз жағдайында алып тануының да, “Өмірбаянын” жасауының да бөлек-бөлек кезеңдері бар екен.

Осылай түптен тартып сүзе әрі салыстыра зерттеу негізінде М.Мырзахметов ақын өмірбаянының М.Әуезов жасаған төрт нұсқасы бар екенін анықтаған және олар 1924-27, 1940, 1945, 1950 жылдары жазылған.

Осы тараудан зерттеушінің табысы ретінде нелерді атауға болар еді?

Автор “Өмірбаянның” төрт нұсқасын өзара салыстыра отырып және бұл “Өмірбаянды” “Абай жолы” эпопеясымен мұқият салыстыра отырып, М.Әуезовтің ақын өмірбаянын жасауда ұстанған бірнеше принциптерін ашады, оқырманды ғалым лабораториясының ішіне кіргізеді. Ең негізгісі “Өмірбаян” мен “Абай жолының” желісінде жатқан ортақ бірлікті ашады.

Сонда “Өмірбаянда” тарихи деректер, кісі аттары, ру аттары, билік атаулары және жер аттары, ақын өлеңдері келуінің себебі бұлардың берілуіндегі бірізділік және бұларды бір нұсқада қосып толықтырып, екінші нұсқада қысқартып жаңалап отыруының сыры — баршасы кең түрде жан-жақты дәлелдеулермен сөз болады. Автор “Өмірбаяндағы” осы жүйені, оның заңды бірлігін жазушының “Абай жолына” түп-тұтас ауыстырғанын тамаша ұқыптылықпен нақты цифрлар келтіре отырып кең сөз етеді. Осылардың әрқайсысының тұсында автордың шегініс жасап, тарихқа барып, “Өмірбаян” мен “Абай жолында” бұл тарихи фактілердің алыну сырын өз пайымдауы, та-

нымы тұрғысынан ашып, келесі ой таратуын, мұндағы шеберлігін айрықша атап өтер едік.

Айталық, “билік атауы” тұсында автор көп ой тарата келіп, “Абайдың бүкіл өмірі осы билік жүйесінің шеңберінде өткендіктен, биограф үшін жаңа биліктің мәні мен мағынасын, саяси астарын барынша жетік білуі шарт еді”. Ал мұның өзі — “билік атауларын, оның пайда болу, өмірге ену жолдарын жете біліп, меңгерудің қажеттігі соныра “Абай жолын” жазу үстінде тағы да алға қойылды” (Аталмыш кітап, 37-б.) — деп, тарихшы ғалым тұрғысынан пікір тастайды.

Сөз жоқ қазақ ішіндегі билік-мансап, олардың иелері, бұл әкімдердің патшалық-отаршылдық мекеме системасындағы орны, дәрежесі, анық танылуы керек еді. Сонда ол билік иелерінің әрекеті шеңбері, жоғарғы-төменгі билік орны арасындағы қатынас түрі, сараланып көрініп, жергілікті әкімдердің осыдан келіп туған жаңа амал-айла-сы, “саясаты” ашылмақ, заманға сай тапқан мінездерінің төркіні танылмақ.

Майырдың алса бұйрығын,  
Борбайға қысып құйрығын,  
Ел пысығы жортады.  
Өзі елді қорқытып,  
Одан өзі қорқады,

— деген ақын өлеңіндегі жаңа мінезімен эпопеяға түспек. Жаңа жағдайдағы ел әкімінің типтік образы жасалмақ. Осындай тарихи негізге құрылған әрекет, мінез “тауып берілгендігі” үшін де эпопея геройлары барынша тарихи адамдар. Эпопея оқиғасы да тарихи.

Міне, “Өмірбаян” мен “Абай жолына” тән осындай көп-көп творчестволық ішкі байланысты ашу негізінде автор бізге мұхтарлық абайтанудың жұрт назары ауа бермейтін тағы бір қырын танытып отыр.

Әрине, М.Мырзахметов өз еңбегінде М.Әуезовтің ой желісі, пікір түйіні, көркемдік шешімі ізімен ғана жүріп отырса, онда ол, сөз жоқ, мұхтарлық бұл қиын жолдың бұлтарысында адасып та кетер еді. Ол, біріншіден, Абай дәуірінің тарихын терең меңгерген, екіншіден, өздігінен барып ақын шығармаларының осы бетін мол зерттеп, таныған. Осы екі сала еңбек қана авторға М.Әуезовтің абайтанудағы екі сала мұрасына — ғылыми әрі творчестволық мұрасына еркін әрі біліп баруға мүмкіндік беріп отыр.

Қысқасы, М.Әуезов жасаған “Өмірбаянды” “Абай жолымен” бірлікте алып, оны таза ғылыми жүйеде ашып, автор мұхтарлық абайтанудың тарихын сөз етіп қана қойған жоқ, ол әрі Абай мұрасына қатысты тұрғыдан мұхтартанудың жаңа бір бетін де ашып отыр.

Қайтып оралып жатпау үшін, бұл тарауға қатысты сынды осы тұста айта да кетейік. Автор математиканы (цифрларды) жақсы қолданған. Салыстырмалы цифрлар белгілі бір құбылыс жайлы оқушының төтеден келіп салыстыру жасауына, ол құбылысты нақты көруіне жағдай жасайды. Ал автор “Өмірбаянның” төрт нұсқасында және эпопеяда қамтылатын тарихи деректер, кісі аттары, ру, жер-су аттары, билік атаулары, Абай оқыды деген кітаптар, халық ауыз әдебиеті үлгілері, рухани бұлақтар т.с.с.— баршасының ұзын санын беріп отырады да, олардың өздерін (атауларын) келтірмейді. Бұларды білу үшін біз М.Әуезов шығармаларын өздігімізден оқуымызға тура келеді. Демек, цифрларды қолдану әдісі толық емес. Олай болса бұл құбылыстар жайлы оқушының түсінігі де толық емес.

Екінші, “Өмірбаянның: ұзын-ырғасы оқушыға анық көрінуі керек те, оның төрт нұсқасындағы негізгі-негізгі өзгерістер (алып тастау я қосу түріндегі өзгерістер)” М.Әуезовтен цитаттар келтіріле отырып көрсетілуі керек еді. Сонда оқушы автордың монографиясына ғана емес, Мұхаң еңбегіне де анығырақ көріп кіре алар еді.

Екінші тарау — “М.Әуезов — Абай шығармаларын жинаушы және текстологі”. Алдын ала айтып қояйық, бұл тарауда да автор бізді М.Әуезов жайлы — абайтану жайлы жаңа танымдармен кенелтеді. Мұхаң тағы да бір жаңа қырымен көрінеді.

Жұртқа белгілі; бізде Абайдың оқушыға танымал мұралары 1909 жылғы басылымы және Мүрсейіт Бүкеұлының қолжазбалары (1905, 1907, 1910 жж.) арқылы жетті деген түсінік берік қалыптасқан. Біз бұл күнге дейін Абай текстологиясы дегенде осы нұсқалар арасындағы алалықты, ауытқуды, т.б. ғана білеміз. Қаншалықты тар түсінік! ол ғана емес, Абай мұралары осы жұрт білетін көлемде сақталып жетуі біз үшін заңдылықтай көрінеді. Бұлардың осы көлемде бізге жетпеуі мүмкін еді-ау деген күдікті біз әсте ойламаймыз. Бақсақ, тіпті де бұлай емес екен. “Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ, біреуден біреу алып елге тарар”— деп Абайдың өзі айтқандай, сол кез-

де-ақ ел ішіне ауызша тарап, ауызша сақталып, халықтық дүниелікке айналып бара жатқан байлық мұраның ендігі тағдыры өзіне дейінгі ұлы ақындар сөзінің тағдырына — көбі ұмытылып, азы сақталған сөз тағдырына ұқсауға бет алған екен. Мұны ойға алу — болмай қалған, бірақ болуы толық мүмкін қауіпті ойға алу бізді қазірдің өзінде қатты шошындырады.

Біз осыларды ойлап, осы тұрғыдан ойлап барып М.Әуезов еңбегіне көз тастасақ, Абай сөздерінің — асыл мұрамыздың біздік дүниеге айналуы үшін игілігімізге, таусылмас, сарқылмас рухани қазынамызға толық айналуы үшін сіңірген еңбегінің өлшеусіздігін, баға жетпестігін анық сезіне, көре түсеміз. Және осыны бізге танытып отырған авторға ризашылдық білдіреміз.

Автор былай дейді: “Абай шығармаларын бастапқы асыл түпнұсқа қалпына келтіріп жариялауға негіз ретінде ұстанып келген Мүрсейіт көшірмелерінің өзі (1905, 1907, 1910 жж.) көптеген текстологиялық ауытқуларға жол беріп алған. Мұнда, біріншіден, Абай шығармалары толық қамтылмаған, екіншіден, кейбір өлеңдері орынсыз біріктіріліп, кейбіреулері ретсіз бөлек өлең ретінде берілген, үшіншіден, қолжазбада Абай қаламынан тумаған беймәлім өлеңдер бар, төртіншіден, Абай шығармаларының мерзімі, жылдары көрсетілмеген” (Аталмыш кітап, 72-б.)

М.Әуезов ғылым аренасына шығып, Абай мұраларын зерттеуге кіріскен кез — ақын тірлік жасаған ортада көз көрген буын ауысуы басталып, ақын өлеңдерінің біразы осы ілгергі буынмен бірге біржола кетуге айналған кез болатын.

М.Әуезов ақын мұрасын зерттеу, таныту үшін әуелгі міндет оларды тездетіп мұқият түгел жинап алу, куәгер ақын шәкірттерінің талқысына, сынына салып алу, текстологиялық жұмыс жүргізу деп білген. Ал монография авторы ғалымның осы үш сала еңбегінің тарихын жасаған... Біз осыларға дара-дара тоқталамыз.

Біріншіден, М.Әуезов ақынның 20-шы жылдарда көзі тірі шәкірт достары аузынан 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларында жоқ 45 шығарманы немесе 1086 жол өлеңді хатқа түсіріп, қайта тірілткен (Мұның өзі Махамбеттің күллі мұрасымен тең) екен.

Екіншіден, М.Мырзахметов Мүрсейіт қолжазбаларына және 1909 жылғы жинаққа текстологиялық зерттеу жасап, оларды 1923 жылы Мұхаң шығарған тұңғыш жинақпен

салыстырып, осы екі нұсқаға тән: сөз өзгерісі, жол-шумақ ауысуы, қалып қоюы, өлеңдердің бірігіп кетуі, я бір өлеңнің екі өлеңге айналып кетуі т.с.с. көптеген олқылықтарды М.Әуезов қалай қалпына келтіргенін анықтап берген.

Авторға сөз берейік: “Масғұт” поэмасы Мүрсейітте 124 жолмен (31 шумақ) берілген. Арадағы 11 шумақ қалдырылып, поэманың соңғы екі шумағы өз алдына дербес, жеке өлең ретінде,.. берілген. Ал Мүрсейіт қолжазбасы мен 1909 жылғы жинақта жоқ, кейін Көкбай, Тұрағұл т.б. жәрдемімен табылған 44 жол (11 шумақ) өлеңнің алғаш рет толық жинаққа қосылуы М.Әуезов еңбегінің жемісі болатын-ды” (Аталмыш кітап, 98-б.).

Автор М.Әуезовтің Мүрсейіт т.б. кісілер қолжазбаларына соншалық сын көзімен қарауы сырын, бұл жолда істелген қыруар жұмысты осылай көп текстологиялық салыстырулар негізінде жүйелі түрде жақсы ашып береді. Олай болатын себебі “Бұл қолжазба көшірмелер... асыл түпнұсқаны тұтас күйінде сақтап алуды ерте көздеген биік талап тұрғысынан” /Аталмыш кітап, 75-б./ келіп жасалмаған, ол қолжазбалар ақын шығармаларын үйренуді, таратуды ғана мақсат еткен. Соның өзінде де олар Абай шығармаларын ақынның өз қолжазбасынан емес, кезінде өздері көшіріп, я жаттап алған Көкбай, Ақылбай, Мағауия т.б. сияқты шәкірттерден алып отырған.

Осы тұста екі жайды айрықша айтқан жөн. Бақсак, Мұханның өз басы бала кезінде Абай өлеңдерінің жаттаушы мұрагері болған екен. Автор Мұхан архивінен мынадай дерек келтіреді: “Абайдың сондайлық ұстаздық, үгітшілік әсерін мен кішкентай бала кезімнен өз әкелерімнің қалпынан көруіме болушы еді... Сонымен бір қыс, бір жазда Абайды түгелге жақын жаттап шығып едім.” (Аталмыш кітап, 71-б.). Ал бала Мұхтардың бұл жаттаған өлеңдері кейін Абай мұрасын жинаушы болған ғалым Мұхтар үшін таптырмайтын анық деректің көзі болған. Кейін ақын шығармаларын текстологиялық жағынан қалпына келтіруге осы өзі жасында жаттап, жанында берік сақтаған өлең қалпы жұрт аузында, қолжазбаларда жүрген шығармалардың өзгерген, ұмытылған көп жерлерін орнына келтіруде молынан пайдасы тиген.

Сол сияқты автор біздің Көкбай жөніндегі түсінігімізді өзгертіп, жаңартып отыр. Бұл кісі жайлы Мұхан

қолжазбаларында бүгінгі оқушы сөзсіз білуі тиіс деректер мол екен. Олар: “Көкбай өзінің жадында жүрген, біржола жоғалып кетуге мүмкін болған Абай өлеңдері мен кейбір шумақтарды, жолдарды хатқа түсіріп, ұлы ақынның өзге мұраларының қатарына қосты,” “1927 жылы біз құрастырып жазатын алғашқы толық өмірбаянның көп фактілері Көкбайдың аузынан алынған. Абайдың көп өлеңдеріне кейінгі толық жинақтарда беріліп жүрген қосымша түсінік, деректердің көптен көбі және де сол Көкбайдың аузынан алынған... Міне, Көкбайдың қазақ әдебиеті тарихына келтірген осындай кесек пайдасы бар”.

Демек, Абай мұрасының бізге қазіргі түпнұсқа қалпында жетуінде, жоғалып кетпей тұтас дерлік келіп жетуінде Абайдың ақындық ортасының, осы ортаны құраған шәкірттердің, әсіресе Көкбай сияқты көне ақындық дәстүрдің жаңа өкілінің қызметі, сіңірген еңбегі өлшеусіз. Ал жасында өзі де осы шәкірттерге көп ұқсап, Абайды түгелге жақын жаттап алған, кейін ақын мұрасының жоқшысы болған кезде осы шәкірттерді тапқан, таныған, олардың жадында сақталып, ауызша айтылып жүрген, хатқа түспеген мол өлеңді дер кезінде алып үлгіріп, теңдесі жоқ еңбек еткен адам Мұхтар Әуезов.

Міне, біз сөз етіп отырған монографияның авторы сол бір кезде — буын ауысуының өліарасында және көне мұраға қатынастың өте шікәмшіл қарсаңы кезінде Абайдың қарауылы, жоқшысы, зерттеушісі М.Әуезов болуының артықшылығын, ол сіңірген еңбектерді тереңдеп аша отырып, жақсы айтып шыққан.

Бұлар ғана емес, М.Әуезов ақын шығармаларының жазылу мерзімін анықтап, ғылыми мәні зор өте үлкен еңбек жасапты.

Ақын шығармаларының жазылу мерзімін анықтау жай бір хронологиялық тәртіп үшін ғана керек емес, бұл, біріншіден, ақынның өсу эволюциясы тарихи ізі, баспалдағы үшін керек; екіншіден, ойының, көзқарасының уақытқа, саяси жағдайға қатысын анықтау үшін, бұл ойлардың пісу, туу, қалыптасу кезеңін білу үшін керек; үшіншіден, өмірінің қай кезеңінде қандай-қандай тақырыптарға барды дегенді анықтау үшін керек; төртіншіден қай кезде, қай бағытта болды, қай арнаға қашан барды, бұлармен ақын ойының түйісуі я бөлектенуі қай кезеңге тән т.б.с. анықтау үшін керек еді.

Автор М.Әуезовтің осындай мақсаттар жолындағы мол ізденістерін зерттеу әдістерін тапқан, қосқан табыстарын түгелдеп түйіп, бұлардың абайтануда қаншалықты ілгерілетушілік қызметі болғанын жан-жақты көрсеткен.

Жалпы, М.Мырзахметов Мұхаңның абайтану саласындағы еңбектерін көп зерттеушінің ойына келе бермейтін, көзіне түсе бермейтін жерден келіп барып, төтеннен көп нәрсе тапқан. Соның бірі Абай арнау өлеңдерінің жазылу сыры. Ақынның 35-тей арнау өлеңі бар екен. Бұл да жаңа пікір. Ал осы арнау өлеңдердің кімге арналып, қандай жағдайда жазылғаны ешбір жазба деректе көрсетілмеген екен (Аталмыш кітап, 108-б.). Тіпті 1909 жинақта бұл алуандас өлеңдерді әдейі алып қалған “Абай сынаған адамдардың өзі немесе бала, бауырлары “баспаға шығарушы адамдарға өкпелейді, араздық ұстанады” деп жасқанып қалған”. Ал Мұхаң Абай мұрасының бұл сияқты өте жаңсақ оймен, ескерусіздікпен өшірілген ізін табуға білгірлікпен күш салған. Монографияның авторы ғалымның осы еңбегін оның архивін зерттеу негізінде ғана анықтап отыр. Және ол бізді М.Әуезовтің ғалымдық-жазушылық өзге бір қырына жетелейді де. Ол: “ал соңыра Абай өлең арнаған, тарихта болған кісілердің бірсыпырасы “Абай жолы” эпопеясына еніп, өткен дәуірдің тарихи-әлеуметтік шындығы мен оқиғаларын суреттеуге арқау болғанын да көреміз. Эпопеяда кейбір арнау өлеңдердің жазылу себебі, жан-жақты екшеліп баяндалады, әрі ондағы аты аталған кісілердің көпшілігі шығармада белгілі кейіпкер дәрежесіне дейін көтеріледі” (Аталмыш кітап, 109-б.), — дейді.

Мұхтар Әуезов тарапынан жасалған осылар дәрежелес мәні бар үлкен жұмыстардың бір саласы Абай өлеңдерінің өрнек-үлгілерін қалыптастыру мен сөз өзгерістерін анықтау сияқты зор еңбегі екен.

М.Әуезовтің ақын шығармаларының текстологиясы саласындағы осындай жұмыстарын саралап, жіктеп, өте дәл көрсете отырып, өз тарапынан баға және жаңа ойға өріс бере отырып, автор сөз түйінін “М.Әуезовтің текстологиялық зерттеулері — ақын шығармаларының конондық тексін жасаудың негізі” деген тақырыптағы ойларымен аяқтайды. Және осы салада әліде істелуге тиіс өте мол зерттеу жұмыстарына қарай бізді жетелейді.

Бір-біріне жалғас өзара сабақтас осы екі тарау жайлы тұжырым не болмақ? Бақсақ, “Абайтану” ақын мұрасына



тақырыптық немесе хронологиялық жүйеден келіп ғылыми талдау жасаудан ғана тұрмайды екен. “Абайтану” — Абайдың өзін, өмірін талдаудан, шығармаларын жинаудан, тәртіптеуден, текстология жүзінде қалыпқа келтіруден, “жоғалғанды” орнына келтіруден, т.с.с. көп-көп істен тұрады екен. Ал М.Әуезов осылардың баршасын керек іс істелуі қажет іс деп танып барып, түгелдеп тереңдеп зерттеп шықты, көп дүниені қалпына келтірді, көп нәрсе жайлы жаңа танымдар туғызды. Мұның өзі, түптеп келгенде, “Абайтану” деген бір ғылым саласының жасалуы да болды. Ал Мекемтас Мұхаңа тән, бірақ бұл күнге дейін ғылыми ортада, тіпті Абай, Мұхтар зерттеушілері де көп ескере бермеген осы ерекше мол дүниені ғылыми негізге түсіріп, көп жаңаның бетін ашып отыр.

Бұған жетудің кілті неде? Бұған автордың зерттеу әдісі жеткізіп отыр. Құбылысты көру үшін, оның өзгелерден бөлектенетін, өзінің мәнін белгілейтін ерекше басты қасиеті не екенін тану үшін жалаң білім жеткіліксіздік етпек. Бұл білімге қоса сол құбылысқа деген жүрек қалауы, патриоттық сезім, жетекші көзқарас т.б. керек. М.Мырзахметовте зерттеуші әрі ғалым ретінде осы ерекше дүниелердің біразы тоғысқан.

Монографияның төртінші тарауы — М.Әуезов және Абайдың әдеби ортасы. Үшінші тарауды оқып барып, бұл тарауға түсу оқушының “Абай мұрасының шығысқа қатысынан” алған көңіл әсерін, сезінуіне нұсқан келтіреді. Сол сияқты бұл соңғы тарау автордың зерттеуші ретінде келіп тоқтайтын ақырғы нүктесі де емес. Біз автордың анық зерттеушілік, ғылымдық ауқым-өрісін де, қазір келіп жеткен жерін және келер күнде сөз болар тақырыптардың жалғастық заңдылығын да үшінші тараудан көреміз. Ал “Абайдың өмірбаянын” жасау мен “Абайдың мұраларын жинауда” Мұханның тікелей қатысы болған және осы екі тақырып материалы үшін көп қызметі болған “Әдеби ортаның” өзара іргелес, қатар тұруы заңды. Осындай ойларымен біз үшінші тарауды осы тараудан кейін қойып барып сөз етеміз.

Біле білсек, Абайды тану ХІХ ғасырдың 80-90 жылдарында Абайдың осы әдеби ортасынан басталады. Сондықтан да автордың осы тарауды монографияға кіргізуі толық орынды әрі заңды да.

Бұл әдеби орта әрі ұлы ақын мұрасының көпшілікке таратушысы, танытушысы да болды. Ал тыңдаушы

қарапайым көптен, халықтан бөлек бұл шоғыр топ, өнерлі топтың өзі де іштей бөлінулі болды. Олардың ішінде Абай жасаған әдебиет пен қоғамдық ойдағы бағытты қабылдаушы дәстүрленуші ақындық орта да болды. Абай дәстүріндегі ақындық топ құрылды. Және олар ұстаз ақын алдында немесе Абай мектебінде, әдебиет мектебінде, тәрбиеленіп жатқан шәкірт ақындар болды.

Міне, Абайдың өзі қолдан жасаған ортасы — әдеби ортасы оның іні-достары, балалары — ақын, әнші, күйші, әңгімеші боп, топ жасайды.

Бұлардың ішіндегі Абай дәстүріндегі ақындық топты танудың анық үлгісі М.Әуезовтің Абай жайлы монографиясының жалғасы, “IX. Ақылбай шығармалары туралы,” “X. Мағауияның шығармалары” деген бөлімдер болады. Бірақ М. Әуезов Абайдың бұл “әдебиет мектебі” жайлы “сол күнде баспа жүзіне шығып, сол күнде оқушы тауып аларлық жайға жетсе”, “Абайдың ізін баса шыққан үлкен әдебиет ағымын көрсете алатын ақындар тобы жайлы сонау 20-жылдың басында-ақ анық айтқан.

Автор бұл тарауда М.Әуезовтің осы тақырыпты өзінің ғылыми мақалаларында әсіресе “Абай жолы” эпопеясында қандайлық сипатта сөз еткенін, суреттегенін өте ықшам үлгіде жеткізеді. Соның ішінде автор Абай мектебі мен шәкірттері турасында бір кезде болған қызу айтыстардың өзі М.Әуезовтің осы саладағы ғылыми тұжырымдары төңірегінде болмай, “Ақын аға” романында Көкбайдың” шығармасының сөз етілуі” төңірегінде болып, “Сабалақ” атты дастандағы Көкбай пікірлері “айтыс” үшін ілік етіп көтерілгенін жақсы айтып жеткізеді. “Бір ғажабы пікір таласының өзегі Абайдың әдеби ортасы мен Абай дәстүрінің дамытылуы жайы сияқты аса күрделі мәселе болмай, осы саладағы үлкен танымдық мәні бар тақырыптар көтерілмей, жеке нәрсеге, атап айтқанда, Абайдың ақын шәкірттері ретінде аталған Көкбай ақын жайы ғана болып кетті”. (Аталмыш кітап, 265-б.)— деп, ашына еске алар болымсыз жайды, бірақ кейбір демагогтарға әлі күнге дейін азық болып жүрген пікірді, танымдағы шолақтықты оқушыға ап-анық айтып береді. Бірақ автор ғылымдағы демагог атаулының кәсібі ғылымдық мәні зор күрделі проблемалардың күн тәртібіне қойылуы, шешілуі төңірегінде болмай, ғылыми таным, теориялар жайында болмай, өзінің тоғышарлық есеп-мүддесі іздеп табатын “ілгешектер” төңірегінде ғана болатынын басымы-

рақ айтып, қазіргі күні мәні біржола жойылған, бірақ кезінде М.Әуезовтің “Бұл мәселеге тереңдеп бармай, тартына соғуына” мәжбүр етіп, ғылымға, танымға көп зиян келтірген бұл “белсенді пікірлерді” өрістете тарата айтқан мақұл еді.

Сол сияқты автор бұл тарауда М.Әуезовтің “Абайдың өзі алған нәрі”, “Абайдың өзгеге берген нәрі” деген үлкен анықтамалық тұжырым-пікіріне сүйене отырып, кезінде әр түрлі және көп вариантпен айтылып келген әдеби орта мәселесін жақсы жіктеп көрсеткен. Бірақ бұл тарау барынша қысқа, барынша тезистік түрде жазылған. Тегінде “Абайдың өзі алған нәрлері” деген бөлімде М.Әуезов өз монографиясында кең таратып сөз ететін орыс классиктерімен қарым қатынасты, ағартушылық идеялары өзектестікті, ал “өзгеге берген нәрі” деген бөлімде Мұхаметпай айтатын әдеби мектептің шәкірттерін, ауысқан ұстаз үлгісін, олардың өздеріне тән ерекше белгілерді таратып айтып, үлкен ғалымның осы тұстағы зерттеу әдістері мен ой түйю тәсілдерінен оқушыға хабар беруі бек керек еді.

Монографияның үшінші тарауы — “Абай мұрасының шығысқа қатысы М.Әуезов зерттеулерінде”. Жұртқа белгілі, М.Әуезов әдебиетке әрі суреткер, әрі ғалым боп келді де, осы екі саланың да шырқау биігіне бірдей көтерілді. Сонда М.Әуезов көтерілген бұл көп тұғырлардың ішінде ең биігі “Абай жолы” эпопеясы мен ақын шығармалары жайлы монографиясы болды: ол осы қос еңбегінде Абай сияқты данышпан адамның ақыл-ой дүниесінің “тамыр тартқан тереңін аша көрсетіп”, яғни оның танымы мен білімінің негізінде жатқан қайнар көздерді дәл көрсетіп, әрі сол қайнарлардан бөлекше боп туып, өзінше қалыптасқан абайлық дүниені тереңдеп танытып, қазақ әдебиетінде Абай шығармалары арқылы келіп туған ақыл-ой қазынасының тарихын жасады. Ал абайлық бұл ой дүниенің бір арнасы шығыс әдебиеті болатын.

Міне, Мекемтас бұл үшінші тарауды Абай мұрасының осы қайнар көзіне арнаған. Және автор дәл осы тарауда М.Әуезов еңбектеріне өте тереңдеп барады. Ғалымның пікірлерін негізге ала отырып, ақын шығысы жайлы өте тың, қызық топшылаулар жасайды. Бұл тараудың алғашқы бөлімінде автор тағы да өзінше шешім тапқан. М.Әуезовтің ақын шығармаларындағы шығыстық белгілер жайлы зерттеуіне кіріспес бұрын, ол әуелі бізге Мұхаметпайдың ғылымға

келу, ірі ғалым боп қалыптасу жолынан, әсіресе Шығыс әдебиетінің зор ғұлама ғалымы боп қалыптасу жолынан мол дерек береді. Автор “Абай шығармаларындағы шығыстық арналы белгілерді анықтау мәселесі зерттеуші атаулыдан жалпы мұсылман шығысы мәдениетін, философиясы тарихы мен ұлы классиктер мұрасын өз дәрежесінде түпнұсқадан оқып меңгеруді талап ететін” (Аталмыш кітап, 139-б.) — деп, бізді Абайтанудың өте бір қиын да, жауапты да, әрі міндетті де, шартына тұқырта бой ұсындырып алады да, Мұханның осы салада шын білгір боп шығу жолын, сөйтіп Абайды қапысыз тануының негізі қайда жатқанын жеткізе айтады. Сөйтіп бұл тарауға әрі ғылым жолындағы Мұхтарды таныту сияқты зор міндет жүктелген. Шындап келгенде, бұл тарау да М.Әуезовтің ғылыми өмірбаянының бір саласы боп әдебиеттану ғылымына кіріп отыр.

Автор М.Әуезовтің ақын шығысын тану жайлы пайымдауларына үш саладан — ғылыми-зерттеу еңбектер, архивтік қолжазба дүниелер, “Абай жолы” эпопеясы арқылы еркін барып, Абай шығысы жайлы проблеманы ірі-ірі төрт тақырып (“Абайдың ақындық кітапханасы”, “Абай және шығыс классиктері”, “Абайдың исламиятқа қатысы”, “Абайдың мораль философиясына қатысы”) аясында сөз еткен.

Осы арада автордың мына ескертуін оқушының білуі анық керек болады: Ол былай дейді: “Абай шығармаларын ғұмыр бойы қол үзбей үніле зерттеген М.Әуезов қаламынан туған ұлы ақын мұрасының шығысқа қатысы жайлы ізденістерінің бәрі де осы төрт сала проблема маңына үйірілген. Бірақ әр сала жайындағы ой-пікірлері жеке дара өз алдына дербес зерттелмей, көбінесе, Абай шығармаларын хронологиялық жүйе тұрғысынан қарастыруы (Бұл жерде Абай шығармалары жайлы монография ескеріліп отыр.— К.Ө.) себепті, ұлы ақын туындыларындағы шығыстық арналы белгілерді кезеңіне қарай арнайы сөз еткен тұстарда ғана айтылып отырған. Сондықтан да М.Әуезов зерттеулеріндегі Абай мұрасының шығысқа қатысы жайлы зерттеулерінің тарихымен жете таныс ғалымдар болмаса, оқырман қауым жоғарыда аталған төрт салада ғалым тарапынан айтылған ойлар желісін қармағына оңайлықпен түсіре бермейді де” (Аталмыш кітап, 143-б.). Автордың бұл ескертуінде, тіпті күдігінде, шындық жатыр. М.Әуезовтің Абай жайлы мо-

нографиясымен таныс болмаған кісі жоғарғы проблемалар Мұхаң зерттеулерінде осы жүйе-желіде, жік-жігімен, апанық қалпында айтылған екен деп қалуы сөзсіз. Тіпті де олай емес. Абай мұрасының шығысқа қатысы ғалымның тереңдеп, өрістетіп зерттеген проблемасы болғанмен, оны ғылым тілінде кезінде анық, еркін айтып үлгірмеген де... Абай шығармаларының шығысқа қатысы жөніндегі танымға күмәндану немесе әр кезде де дәлелсіз, негізсіз терістеуге оңай тұрпайы социологиялық әдіске сүйенген әрекеттер абайтану саласында өріс алды да, М.Әуезов кезінде айта алмаған ой-пікірін эпопеяда көркемдік формада жеткізуді өзгеше тәсіл етіпті (М.М., 143-б.).

Айталық, “Абайдың ақындық кітапханасы жайында” бөлімде автор эпопеяда атақты шығыс классиктері, ғұлама хақимдер мен тарихшылар, көптеген шығыстық қисса-дастандар тіпті мектеп-медреседе оқылатын оқулықтар — баршасының аталу, келу, сөз болу реттеріне тоқталған, яғни Абай ойлары мен ғылыми мәнге ие терминдік сөздері негізінде келіп М.Әуезов тапқан абайлық ғалымдар ортасының, ақын кітапханасының эпопеяның ұзына бойында, Абай жолының өсуі, өрлеуі барысына орайластыра отырып сөз болу тәсіліне тоқталған. Бұл да бір ізденудің, табудың авторлық жаңа түрі. Сөз жоқ, егер біз Абайды терең білмесек, Мұхаңа тән бұл “жабық лабораторияға” кіре де алмас едік, бұл лаборатория ескерілмей, ашылмай қала да берер еді. Керісінше, Мұхаңа тән бұл лабораторияны бізге Мекемтас ашып беріп, Абайдың өзін бұрынғыдан да гөрі, тереңірек, молырақ тануымызға жағдай жасап отыр. Сөйтіп Мұханды тану абайтануға тағы да бір кілт беріп отыр. Автор Мұхандық осы кілтті жақсы тауып, Абайдың бізге әлі де беймәлім шығысын аша түскен. “Ақынның біз көз жазып қалған творчестволық лабораториясын, яғни өнер жолындағы дамуы тарихын “Абай жолы” эпопеясынан тапқан.

Мекемтас Мұханның архивіне барып, оның “Алдағы уақытта Абайдың Науаи, Низами, Фзулилерге қарым-қатынасын зерттеуді тарихи принципке құра отырып, бұл қатынастағы екі түрлі кезеңнің, яғни: шығыс классиктеріне еліктеген жастық шағы (1860-1865) мен Абай творчествосының марқайған тұсындағы (1886-1890) негізгі айырмашылықтарды анықтау керек (Аталмыш кітап, 156-б.) — деген сөзін келтіреді. Осы ойын М.Әуезов жариялаған еңбегінде де айтқан: Абайдың орыс классик по-

эзиясынан алған үлгісін мол бағаламақ болған, дұрыс нисттегі кейбір тексерушілер "Абайға шығыс поэзиясының әсері де болған" деген пікірлерге қытықтанып, шамданып аз ізденумен, арзан еліктеу түрінде барған болса, бері келіп, әбден қалыптасып, ұлы реалист, шебер классик, мастер болған шағында да сирек түрде болса да оқта-текте айналып соғып отырады... тек ескерте кететін нәрсе, Абайдың барлық поэзиялық мұрасында шығыстың орны, орыс классик поэзиясы орнынан әлдеқайда аз. Бірақ жалпы алғанда, жаңағыдай анықталған жақын шығыс мәдениетінің әсері болғанын атамауға болмайды. Ол жәй, Абайдың ақындық нәр, қор алған тектері, іздену өрісі, жалпы ойшылдық, ақындық диапазоны кең болғанын көрсетеді" (М.Әуезов, Әр жылдар ойлары, 75-б.)— деп, Абайдың бұл өрісін өз заманынан бойы озған ерекше қасиеті, қараңғы қазақ сахарасынан көтеріліп, әлемдік мәдениетке кең құлаш жаюы ретінде бағалайды.

М. Мырзахметов Абайдың орыс классик әдебиетінен ауысқан ой пікірі жайлы мәселені (оның қазақ әдебиетінде көбірек сөз болуын да ескеріп) келесі кітапқа қалдырған да; бұл жолы оның белгілі бір жағдайларымен кедергі тосқауыл қойылып, өте аз сөз болған шығысына барған. Онда да М.Әуезов ойлары ізімен тереңдеп сөз болмаса, ұлы ақынды тануда жарты жолда тұрып қалатынымызды ескере отырып барған. Және де абайлық шығысты айтуда өзінің де бұл саланы мол білетіндігін, еркіндеп бара алатын қаруы барлығын танытады. Мұнымен ол М.Әуезовтің "Абайдың Науаи, Низами, Фзулилер мен Қожа Ахмет Иассауидің "Хикметі" типтес мистикалық суфизм әдебиетіне қатысын өте қатал түрде ажырату керек" (М. Әуезов архиві, 255-п. с. 23)— деген талабына орай тұстан келіп барып, осы міндетті өз қалінше орындап шыққан.

Жұртқа белгілі, XIX ғасыр Европа үшін Шығыс әсерінің әлдеқашан ықпалы тоқтаған дәуір болса да, қазақ даласы үшін олай болған жоқ. Қазақ даласына классикалық шығыс та, ислам шығысы да басқа емес, дәл осы ғасырда мол енді. Әсіресе соңғы шығысты әкімшілік қазақ даласына жеделдетіп енгізді. Басқа емес дәл осы кезді Шоқан Уәлиханов "Қазақтар арасына мұсылман заңдары өкімет тарапынан тамаша бюрократтық жолмен енгізіліп отыр... Округтік приказдарда молда тағайындап, мешіттер мен татар медреселерін салуды ұйғарып, ұлы Сперанский Мұхаммедтің Сибирь даласындағы апостолы болып отыр"

(Шығ., 1-том, 521-б.)— деп, өткір сынады. “Қазақ дала-сына адам нанғысыз фантазия, зәредей ақиқат ой жоқ өлі схоластика” ислам дінін, татар оқуын тарату арқылы халықтың санасын топастандыру, “күдай жолына адалдық” дегенмен дін қызмет етіп отырған әкімдікке қарсы шықпайтын дін қызметшілер дайындап шығару шаралары жүргізіліп жатқан бұл ортадан Абай шықты. Ол да жаңағы медреседе оқыды. Ал кейін өздігінен молынан ізденіп, көне Шығыс пен жаңа Батыстан қатар нәр алып, үлкен ойшылдық, ұстаздық қалпына көтерілген кезінде де жалпы дін жолын ұстанушы болып қала берді. Осы Абайды М.Әуезов былай бағалаған: “Шығыс жағынан алған нәрдің бәрін Абай өз ақылымен, сыншы, ойшы ақылымен, бірақ, әрине, санашылдық жолымен өзінше қорытып алады. Бұған кірген бұйымдардың басы ислам діні, онан соң Шығыс поэзиясы және мұсылман ғылымының ілгері-соңғы ғұлама философиялық сөздері болды” (М. Әуезов. Абай Құнанбаев..., 236-б.).

Абай Шоқандай ислам дінін, оның таратушыларымен қоса сынамағанмен де, әлеуметтік мәселеде қазақ ішіндегі, бүкіл мұсылманшылық ғылымындағы дін ұстаздарына қатты сын айтады, соққы береді. Бірақ Абай бүкіл Батыс ағартушыларының дін жолында болғаны сияқты өзін ол діннің ішінде көреді. Мұхаң сөзімен айқанда, “көп діндер көп мұсылманның бірі” боп қала береді. Бірақ Абайдың дінін және оның дінге қатынасын осылай екі жағынан көрсете келіп, “жалпы айтатын бір жәй — қай кезде болса да, Абай дінсіз емес, қайта дінді тұтынушы, иланушы адам болды... Дінді түсінудің, тұтынудың және бағалаудың жайындай, әрине, заманындағы исламшіл дін басылардың, апологеттердің ұғымынан сан рет аулақ, алыс кететін пікірді Абай өлең сөздері мен қарасөздерінде көптен-көп танытады. Кейде оның діні шартты түрдегі тек адамгершілік мақсатына ғана арналған дін болатыны бар” (М.Әуезов. Абай Құнанбаев, 154-б.)— дейді.

Абайдың ағартушылық идеясы және осы жолдағы күресі оны өзі ортасында жүрген адамдардың санасын оятуды, оларға ақыл беруді, ізгілікке, түзу жолға — адалдық, адамгершілік, еңбек, білім жолына түсіруді ілгері шығарады. Ал надан, тәрбиесіз ортаның әсерімен адам бойында пайда болған нешеме жамандық: дұшпандық мінез-әрекеттер бұған кедергі болды. Ал өздерінің реакциялық қараңғы нанымдарымен халықтың санасын уландырып, шырмап келген дін иелерінің күнде іске асырып

отырған “үгіті”, “оқуы”, әрекеті халықтың өз надандығы тапқан нанымын, мінезін, әрекетін түзетуден гөрі де ауыр жүк болды. Сөйтіп Абайдың алдында екі жақты күрес тұрды. Сонда өзіндік тапқан бір құралы дін болды. “Моральдық философияның, педагогикалық мұраттардың негізін діндегі негіздермен қабыстырып беруді” (М.Әуезов) мақсат етті.

Әрине, бұл Абайдың бұл жолы ғылымда жаңа жол емес еді. Батыс Европа ағартушылары үшін басып өткен жол болатын...

Міне, Абай мұрасының кезінде кей жұрт “қытықтанып, шамданып” қараған, бірақ біздің жоғарғы оқу орындарымыздың программасы деңгейінде алған білімімен келіп қазақ оқушылары тіпті ала алмайтын терең тамырларының бірі жайлы М.Әуезов тезистік түрде, бірақ соншалық анықтамалық формада пікір айтқан. Ал М.Мырзахметов болса Мұханның осы пікірлерін өзекті желі ете отырып Абайдың шығармаларына өзінше, бұл күнге дейін жұрт ойына келе бермеген жолмен барып кіреді. Ал бұл жолда автордың тапқаны да мол. Оқырманға ұсынғаны да көп. Өзіміз күнде болмаса да күнінде оқып, бірақ өзімізде ол саладан білім, таным болмаған соң көңілімізде ассоциация тумай, сәулесі ойға, көңілге түспей, тасада қала беретін көп сөздердің, неше алуан пікірлердің астарын ашып, оқушыны Абайдың ой әлеміне жаңа бір жағынан кіргізіп отыр. Және де осы ой әлемін жай көзбен көре алмайтын, жадағай біліммен ала алмайтын оқушының қолына жан-жақты талданған еңбек ұсынады, арғы-бергіден дәлелді пікірлер келтірген, жақсы таратып баяндаған еңбек ұсынады.

Бұлардың ішінен “Абай танымындағы хауас мәселесі”, “Абайдың жауанмәрттікке қатынасы”, “Абай шығармаларындағы ”адам болу” шарттары”, “Абайдың жүрек культі”, “Абай ойының өзекті желісі —”толық адам” (187-258-беттер) деп тақырыптар қойып барып, сонау әл-Фараби, Жүсіп Баласағуни, Абу Хамид әл-Газали, Науаи т.б. тартып мұсылман философиясында бұл мәселелердің қойылысы, сөз етілу жайын, ал бұлардың Абайда қалай айтылу, түсінілу, баяндалу, мағына берілу жайын сөз еткен тұстарды бөліп атар еді. Бұлар осы монографияның абайтануға алып келген өзіндік олжасы. Басқа емес, монографияның дәл осы тұстары арқылы біз бірінші рет:”мен” мен “менікі”, “тән”, “тән қуаты”, “тән



кұмары”, “жан”, “хаиуан жаны”, “адам жаны”, “жан сыры”, “жан қуаты”, “жанның жарығы”, “жанның кәсіби қуаты”, “жанның тамағы”, “хауас”, “хауас сәлим”, “хауаси хамса заһири”, “сөз суреті”, “өз суреті”, “үш сүю (иманигүл)”, “нақылия дәлел”, “ғақылия дәлел”, “мутақәлимин”, “мантик”, “адам болу”, “толық адам”, “жарым адам”, “бенделіктің кәмалаттығы” т.с.с. көп-көп терминдерді өзінің толық түсініктемесімен кездестіріп отырмыз.

Мұның өзі бір жағынан тамыры өте тереңде жатқан ғылыми терминдердің Абай шығармаларында мол екендігін көрсетсе, екінші жағынан, “өз суретімен” біздің түсінігімізге сәулеленбеген “күпия сөздердің”, “Күпия пікірлердің” Абайда қанша екенін біздің әлі күнге дейін білмейтінімізді де көрсетеді.

Мекемтас сондай “күпия сөздердің”, “күпия пікірлердің” біразының сырын ашып, бұл сөздердің жұрт ойлағандай, “таза діни мағынадағы”, “ислам уағызындағы” сөз болмай, Абайдың мораль философиясының, түптеп келгенде, ағартушылық идеяларының мүлкі екенін анықтап беріп отыр.

Егер қазақтың қоғамдық ойы тарихының тұрғысынан, қазақтың ағартушылық әдебиеті тарихы тұрғысынан қарайтын болсақ-ақ, біз бұл сөздердің Абайда болуының тарихи мәнін анығырақ шамалаймыз. Және ол сөздерді (терминдерді) ғылымның бүгінгі мүлкіне айналдырып, оны “діни сипатынан” аршып алған М.Мырзахметовтің сіңірген еңбегін анығырақ түсінетін боламыз.

Бұл тараудың тағы бір артықшылығы мынау. Автор М.Әуезовтің “Абайдың діни сыншыл ақылдың, адамгершіліктің діні” деген тезисінен шығарып барып, Абайдың ағартушылық идеяларын насихиттауда бір күрес тәсілі, идея өткізудің бір құралы етіп пайдаланған “дінін” ғылыми жүйеде кеңінен ашып қана қоймайды, ол Абай шығысын, оның М.Әуезов танымындығы сипатын тереңдеп баяндап жеткізе отырып, бір кезде осы саладан келіп, қазақтың бұл екі ұлы данышпанына айтылған “сынсымақтарды” қатты әшкерелейді де. Сөйтіп, өзінің зор ғылыми дәлелдеулерімен қазақ әдебиеттану ғылымының Абайды тану тарихында таңбадай болған өткен күннің еншісі болған бұл мінді түзейді.

Қорытынды сөзді автордың зерттеу жұмысы сипатын айтумен аяқтамақпын.

М.Мырзахметов әуелгі кезекте Абай мұрасын тереңдеп зерттеп, жақсы танып алған, осы жолда ол ақын мұрасының өзіне ғана барып, өзінен ғана қайтпай, абайлық дүниенің тарау-тарау арналарына түсіп, оның бастау көздеріне дейін бойлап өрлеп барып, олардан ақын ой-танымдарының ұқсас сарындарын тауып, қайта оралған. Осылай мол жүкпен келіп, М.Әуезовтің “Абай шығысы” жайлы танымына қол артқан. Осы ұзақ-сонар іздеу жолы ғана Мұхаңдай ірі зерттеушінің, ұлы суреткердің жеңіл-желпі білім қаруымен ала алмас ой дүниесіне еркіндеп баруына мүмкіндік берген.

Автордың еншісіне тиген тағы бір артықшылық, жоғарғы жолды жеңілдеткен артықшылығы — Мұхаң сияқты ғұлама ғалымның өзі оның өз зерттеулерін тануға пайдалануы. Айталық, ғалымның бір мәселеде қорытынды пікір-тұжырымы, таным-түсінігі, байламы бар да, және осыларға келуге дейінгі ізденісі, бағдарламалық жолы, алға қойған мақсаты, тапқан-таянғаны, ашқаны т.б.— күллі лабораториясы бар. Әдетте бұл нәтиже мен лабораториялық тәжірибе процесінің арасында ізі ұштаспайтын алшақтықтар жатады. Міне, өзге жұрт Мұхаңның абайтанудағы нәтиже пікірімен ғана істес болса, Мекемтас әуелі осы нәтиже пікірдің туу процесін — ғалымның лабораториясын зерттеп, біліп барып, оның қорытынды түйіндеулерінің сырын ашқан. Бұл — автордың зерттеуші ретінде Мұхаңнан тапқан өз жаңалығы және өзіндік зерттеу жолы. Демек, автор М.Әуезовтің Абай кемесін шығарған жарқын жағасына өзі де шығып, сол жерден Абай мұраларының келіп түйіскен тарау-тарау жолдарына Мұхаң тұрғысынан барып қарай алған.

Әрине, бұл жолдың өзі әдеттегі дағдылы даңғыл жол да емес, өте қиын жол. Қиын болатыны — Абай сияқты бірінші объектінің өзі өте ауыр жол, ал осы жолды өзге бір әдіспен, өзге бір формамен зерттеп, суреттеп шыққан, біріне бірі байланысты, өзектес, шарттас тағы бір қос жол — Мұхтар Әуезовтей ірі зерттеуші, ұлы суреткер салған екінші жол бар. Мекемтас осы жолдардан еркін, жалықпай өтіп келіп отыр. Осы жолда өзі де абайтану саласынан келіп барып мұхтартану жолын бастаған. Бұл жол дәстүрлі іргелі жол болмақ.

## АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІ СИНТАКСИСІНДЕГІ ЕКІ ЕРЕКШЕЛІК

Ұлы ақын қара сөздері тілін зерттеп қарастырудың әрі практикалық, әрі ғылыми мәні зор: ғылыми мәні — қазақ әдеби тіл тарихын жасауда ақын шығармалары тілінің алатын орнымен өлшенбек; практикалық мәні — ақын қара сөздерін мектепте өткенде оның тілінен мүмкіндігінше толық мәлімет беру қажеттігінен көрінбек.

Осы ретте біз жоғары екі мақсаттың қай-қайсысына болмасын септігі тиеді деп, өте бір шағын нәрсеге — Абайдың қара сөздеріндегі синтаксистік ерекшеліктің бір-екі түріне тоқталмақты лайық көрдік.

Әрине, ақын қара сөздерінің тілі сырттай, тұтас алып қарағанда бір стильдік үлгіде болғанымен, іштей, жіктей оқығанда, осы үлгінің өзінде азды-көпті айырым жайлар байқалады. Ақынның поэзиясындағы талғампаздық, яғни сөз етіп отырған тақырыбына орай әлендік үлгі, форма іздену сияқты талғампаздық қара сөздері тілі тұсында да көрінеді. Қара сөздердің тақырыбындағы әр алуандастық оның лексикасына ғана емес, синтаксисінде де белгілі бір тіркестік орам, сөйлемдік түр табуға, ондай үлгіні әдейі ұстанып отыруға анық итермелеген сияқты.

Абай тегінде поэзиясы сияқты қара сөздерінің де оқушысы кім болмағын көптен-көп ескеріп отырған болса керек. Сондықтан да болар қазақы мінез, бұқара халыққа, көпшілікке арналған адамгершілік мораль, тәлім-тәрбие, т.б. жайлар сөз болған орайда лексикасында араб, парсы сөздерінің барынша сирек ұшырасатыны сияқты, сөйлем жүйесінде де, барынша қарапайымдық, ауызекі әңгімелесу стиліне тән оңай орам, жеңіл оралымдар үстем боп келсе, діни мораль, дін ережелері сөз болған шақта әрі дін иелерімен, ескіше оқығандармен пікір сарабына түсіп кететін реттерде лексикасында араб, парсы сөздері, діни лексика, құран аяттары, түркі кітаптарына тән грамматикалық формалар көп енгізілетіні сияқты, сөйлем құрылысында да өзгеше бір ерекшелік кездеседі. Яғни сол тұстағы түркі тілінде жазылған діни уағыз, құран сөзін трактовка жасаған кітаптарға тән сөйлем түрлері, дәлірек айтқанда, жұрт кітаби тіл деп білетін тілдің өзіне ғана тән өзгешелігін танытатын танымал сөйлем түрлері жиі қайталанып отырады.

Тегінде сонау Әлішер Науайдан тартып ХІХ ғасырға дейінгі түркіше жазылған (тілдік айырымдары барлығын

ескермегенде) әдебиеттердің ішіндегі көптен-көбіне тән грамматикалық формалардың Абай шығармаларына да тәндігін, бұлар арасындағы сабақтастықтың барлығын мойындағанмыз сияқты, осы әдебиеттерге тән сөйлемдік жүйенің де Абай шығармаларына тәндігін мойындау керек. Әрі мұны Абай шығармалары тілін зерттегенде негізгі бір сала ретінде тану керек. Ал осылай тану тек Абай шығармалары тілі үшін ғана емес, жалпы қазақ әдеби тілі тарихы үшін де шарт.

Өйткені ХХ ғасырдың басында соншалық күрт даму жолына түсіп, әр тарап әдеби жанрда өркен жайған қазақ әдебиеті, оның көркем түр тапқан тілі тақырға біткен гүл емес-ті.

Ол тіл — көп ғасырлық тарихы, қалыптасқан тілдік үлгісі бар бай ауыз әдебиетіміздің, XVIII-XIX ғасырдағы тарихи әдебиетімізді жасаушы Бұқар, Мақамбет, Дулат, т.б. ақындар шығармаларының, ұлы Абайдың, озық идеялы орыс әдебиетінің, қала берді түркіше тіл үлгісінде көп тараған қисса-дастандардың бірінің мол, бірісыпырасы жанрлық түр табуда, түрлік, жанрлық модельді жасауда ықпал етсе, қайсыбірі тілдік үлгіде әсер етті. Міне, осының бәрі әдебиетімізді жанрлық жағынан тарихтау негізінде ғана, оның тілін мұралық, дәстүрлік әрі соңғы жасампаздық жемісі тұрғысынан біліп-тану негізінде ғана ашылмақ, көрінбек, айқындалмақ. Бұл үшін әуелі Абай заманына дейінгі дәуірде қазақтың жазба әдеби тілі өз шығармаларын жалпы халықтық тіл негізінде жазған белгілі ақындардың тілі ғана емес, кітаби тіл формасында да болғанын тану керек болды. Әрі осы кітаби тілді арнайы зерттеу керек болады. Басқа емес, дәл осы кітаби тілді зерттеуге мүмкіндік ашылмақ. Мұнсыз Абай қара сөздері тілін зерттеп-қарастырулар тарихи зерттеу сипатын алмақ емес.

Бірақ қазіргі таңда әр жақты осындайлық көлемде жұмыс жүргізу белгілі бір мерзіммен қатар, терең зерттеулерді де керек етер еді. Егер біз “Абай синтаксисіндегі екі ерекшелік” деген өте шағын тақырыпқа ғана тоқталсақ, мұның мәнісі осында жатыр. Әрі мұның өзі сөз еткелі отырған тақырыпқа орай қойылмақ мәселенің жалпы принципін ашып алу үшін де керек болды.

Ал енді Абай қара сөздеріндегі кітаби тілге тән синтаксистік ерекшеліктер қайсы?

1. Абайдың кара сөздерінде ескі түркі әдебиеттерінде бар “ки” (“кім”) жалғаулық шылаулар арқылы жасалатын құрмалас сөйлемнің түрлері жиі кездесіп отырады. Бірақ бұл жалғаулықтар қазақ тілі табиғатына тән болмағандықтан, олар ақын шығармаларында түсіріліп отырады.

Бұлардың өзі баяндауыш формаларына қарай бірнеше топқа бөлінеді. а) Бірінші сөйлем баяндауышы жедел өткен шақ формасында, екінші жай сөйлем бұрынғы өткен шақ формасында тұрады. Мысалы: Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен (2. 163); Енді бұл сөзбен білінді: ұят өзі иманның бір мүшесі екен (2. 191) т.с.с.

ә) Екі жай сөйлемнің баяндауыштары да жедел өткен шақ формасында тұрады. Мысалы, Ғашықтары сол халге жетті: дүниедегі тиерлік пайдасын ұмытты, бәлкі хисапқа алмадылар (2.202) т.с.с.

Салыстырыңыз: Әй оғыл, білгіл-ки Һунар білән фақырланмақ насыб білән фақырланмақдың йахшырақдыр (“Қабус намә”, “Қазан, 1898, 14-бет”); Енді әй оғыл, білдің-ки адамда натқудан артуқ Һунар йоқдыр (сонда, 18-бет); Аввалға қисм улдур-ки, үзимнің ағали ва ахвали ва ашқали Пар нәким бар (А.Навои, Маһбубул кулуб, 1939, 50-бет); Халқ ішітділәр кім, үргәдін йығлаған хатунның авазы чықатурур (Абдул-ғазы, Шежіре түркмен, 1958, 172-бет).

б) Екі жай сөйлемнің де баяндауыштары модальдық мағынадағы сөздер боп келеді. Мысалы: Әрнешік білмек керек: жоғарғы екі түрліден басқа иман жоқ /2,171/; Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек; талаптың өзінің біраз шарты бар (2,187) т.с.с.

Бұл “а” және “б” пункттегі сөйлемдерге тән бір ерекшелік соңғы сөйлем түріне ауысып кетеді.

II. Абай кара сөздерінде кітаби тілге тән осы үлгілес құрмалас сөйлемнің әсерімен, соның моделін қабылдау негізінде жасалған тағы бір ерекше сөйлем үлгісі кездеседі. Бұл сөйлемдерде бірінші жай “сөйлемге” тән баяндауыштар болды да, екінші жай “сөйлемнің” “баяндауышы” табыс септігінде тұрады. Яғни бұлар — тіліміздің қазіргі сөйлемдік жүйесінен ерекше, оған жат үлгіде, баяндауышы өзге тұрлаусыз мүшелердің алдына шығарылған жай сөйлемдер. Қараңыз: Әрбір байқаған кісі білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп

өтетұғынын, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыратұғынын (2,161); Жұрттың бәрі біледі: өлетұғынын және өлім үнемі қартайтып келмейтұғынын, бір алғанды қайта жібермейтұғынын (2, 189); Көзің күнде көреді: намаз оқушы, ораза тұтушылардың не халәтте екендігін (2, 201) т.с.с.

Әрине, бұл сөйлем үлгісі де сол кездегі кітаби тілге тән үлгі болатын. Қараңыз: “бізге ең әуел керегірек іс сол, әуел білмек керек: момын мұсылманның мұсылман арасында жүрумен емес (Балғожа оғыл Ибраһим Шариат-ал-ислам, Қазан, 1884, 4-бет); Көзің күнде көреді: намаз оқушы, ораза тұтушылардың не халәтте екендіктерін, оған дәлел керек емес (Абай, 2,201).

Бұл ғана емес, бүкіл шағатай /ескі түркі/ әдебиетінде жоғарыда бір сөз еткен бірінші (I) сөйлем үлгісі сабақтас сөйлемдегі екі жай сөйлемнің орын тәртібін де өзіне бағындырған, яғни басыңқы сөйлемі бірінші кезекте, бағыныңқы сөйлем екінші орында тұратын жаңа сөйлем үлгісінің жасалуына себепші болған. Қараңыз: Басында зорлықпен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі де іздегендей болғанша (2,193); Өтірік көрмегенің көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындалып қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін (2,2. 160). Салыстырыңыз: Кішінің қайғұсына сүйінмә; эгерчі дүшпанның бұлса да (“Қабус намә”, 19-бет).

Міне, бұлар — қазіргі сөйлеу тілі мен әдеби тіл ғана емес, ХІХ ғасырдың бірінші жартысына дейінгі жалпы ауыз әдебиеті тілінде кездесе бермейтін. Абайдың қара сөздеріне ғана тән, яғни сол кездегі көне түркі әдеби тілі әсері негізінде жасалған ерекше бір синтаксистік үлгі. Ұлы ақынның өзіне ғана тән немесе кезінде ақын хабардар болған көне түркі әдеби тіліне тән ерекшелікті осы тектес сөйлем түрлерінен ғана емес, оны ақын қара сөздері синтаксисінің өзге салаларынан да кездестіруге болар еді. Сөз жоқ, бұларды қарастыру, зерттеу тіліміздің тек қана тарихи грамматикасы үшін ғана бағалы емес, ғылыми әрі практикалық грамматикалар үшін де, қазіргі әдеби тілімізді жетілдіре, байыта түсу үшін де әрі мектепте оқушыларға ақын шығармалары тілінен мәлімет беру үшін де аса қажет.

## ҰЛЫ АҚЫН ТУРАЛЫ БІР-ЕКІ МАҒЛҰМАТ

Көпке дейін Абайдың көзі тірісінде баспа көрген шығармаларынан тек “Дала уәләяты” газетінде жарияланған “Жаз” деген өлеңі мен Жүсіпбек деген кісі өзімдікі деп бастырған “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” өлеңі ғана аталып келген еді. Ал кейінгі кезде ақынның “Болыс болдым, мінеки” өлеңі де осы “Дала уәләяты” газетінде басылғаны мәлім болды. Бірақ аталып өтілгені болмаса, бұл өлеңнің тексті еш жерде жарияланған жоқ, әрі өлең туралы комментарий берілмегендіктен, бұрын белгілі нұсқадан мұның айырымға ие не ие еместігі жайынан оқушы қауым бұл күнге дейін хабардар емес.

Осы ретте біз ұлы ақын туралы екі-ақ деректі сөз етеміз: мұның бірі — ақынның өз көзі тірісінде жарияланған бір өлеңі де, екіншісі — Абай қатысы бар бір “Ереже”.

Біз Қазандағы В.И.Ульянов — Ленин атындағы университеттің кітапханасында болып, “Астраханский вестник” газетіне Алекторов аударып бастырған қазақ әдбиеті нұсқалары ішінен Абайдың “Болыс болдым, мінеки” өлеңін кедестірдік... Қазақ әдеби мұраларын жинап бастыруда тамаша еңбек еткен Алекторов осы газеттің 1893-94 жылғы сандарында “Народная литература киргизов” деген атпен ұзақ зерттеу еңбек жазып қалдырған.

Алекторовтың осы мақаласында “Менде Бөкей орда-сында жиналған бірнеше қазақ жазбалары, атап айтқанда, орта, жоғарғы оқу орындарынан білім алған Уәлиханов, Алтынсарин, Сейдалин, Ғази т.б. кісілердің еңбектері бар” дегеніне қарағанда, Абайды білмеген сияқты. Осы себепті де ақынның жоғары өлеңін “Қазақ халық әдебиеті” деген жалпы бөлімде сөз еткен, ал авторы кім, кімнен қалай жазып алынғаны туралы мәлімет жоқ, тек өлеңнің “қазақша нұсқасы” “Дала уәләяты” газетінің “1889 жылғы 12-санында жарияланған деп қана атап өтеді. Демек, автор ақын өлеңін осы газеттен алған болса керек.

Ал “Дала уәләяты” газетінде жарияланған өлең баяндау тәсілі жағынан ақынның жұртқа белгілі өлеңінен өзгеше.

Болыс болды сан кісі,  
Бар малдарын шығындап,  
Түйеде қом, атта жал,  
Қалмады елге тығындап.  
Сөйтсе дағы елдерін,  
Ұстай алмады мығымдап.

Сыяз бар десе жүрегі,  
Орныкпайды суылдап.  
Күштілерге ұшырамаққа,  
Қайраты жоқ болған соң,  
Бата алмайды шыбындап.  
Әлсіздерге көз салмай,  
Сыртқыларға сыр бермей,  
Күр күледі жымындап...

Әрине, бірінші жақта сөйлеткен бізге бұрын таныс өлең нұсқасында сықақ келемеждік күш-қуат едәуір болғанмен, мұндай тәсілден көпшілік жұрттың негізгі сынды ұға бермейтіндігі анық еді, мұны ескерген ұлы ақын газетке жариялайтын өз өлеңін әдейі осы үлгіде жазса, әбден мүмкін де. Осы себепті де бұл өлеңді ақынның келесі жинақтарына бұрын белгілі өлеңнің нұсқасы ретінде ойланбай-ақ кіргізген мақұл. Ол ғана емес, ақын өлеңінің бұл нұсқасы бұрын белгілі кейбір жолдарды текстология жағынан бір ізге түсіруде де негізгі тірек болмақ:

1. “Құдай қосса, жұртымның,  
Ақтармын осы жол сүтін”  
деп (1957, 1 т., 72-бет).  
“Құдай қоса осы жол,  
Ақтармын елдің сүтін деп.” (“ДУ”).
2. “Қайраттысып, қамқорсып,  
Саймандарым” бүтіндеп” (72-б.).  
“Қайраттысып, мықтысып,  
Саймандарын бүтіндеп” (“ДУ”).
3. “Қайрауы жеткен қатты би  
Қайрылып нетсін көңілді” (72-б.).  
“Қайрауы жеткен мықты би,  
Қалдырып тынсын көңілді” (“ДУ”).
4. “Момындық күшті екенін,  
Көрсем дағы күтпеймін” (73-б.).
5. “Бұзақының бүлігін,  
“Жақсы ақыл” деп жұптайсың (73-б.).  
“Бұзақының бүлігін,  
“Жақсы ақыл” деп “күп деймін” (“ДУ”).
6. “Қолдан келмес қорлыққа,  
Неге болдым мұнша іңкәр.” (74-б.).  
“Қолдан келмес жұмысқа  
Мұнша болдың сен іңкәр” (“ДУ”) т.с.с.

Міне, осы бір өлеңнің өзі-ақ ақынның бізге белгілі әрі белгісіз шығармалары төңірегінде әлі де көп-көп соны деректер табуға болатынын аңғартса керек.



Сол сияқты Абайдың өз қаламынан туды ма, тумады ма деп дәлелсіз күдікке жеңдірмей-ақ, ақын өміріне қатыстығы анық қайсы бір жазба деректерді де Абай шығармаларына байланыстыра зерттеу аса қажет. Мысалы, 1886 жылы Қарамолада өткен съезде Абай болып, сонда бекітілген жаңа заң, ереже ақынның тікелей қатысуымен жазылған. Бұл жөнінде академик М.Әуезов “Ел-елді ақылдастыратын, неше алуан ұлы-кіші дауларын шешетін түйін-түйнектерін, жазатын — сыяз... Дау алуанына қарай заң, ереже тудырып, орамды әділ билік жасау керек. Осы міндетті мойнына алған Абай, бірнеше күн хатқа жазып ереже тізеді. Біздің қолымызға Қарамола сыязы мен кейінірек болатын Семей, Жетісу облыстары бас қосқан Көктума сыязындай ұлы дүбір сыяздың хатқа түскен ережелері тимеді” (“Әр жылдар ойлары”, 50-бет),— дейді. Ал, осы ереже 1886 жылы Қазанда басылып шығады. Біздің қолымызда фотокошірмесі бар бұл “Ережеде” сексенге тарта бап (статья) бар.

“Ереже” — қазақ халықының талай замандар бойында қалыптасқан заң-дәстүрін, әдет-ғұрпын қамтыған өзіндік ерекшелігі мол бай мұра, күнды жазба ескерткіш. “Ережені” бұл жағынан қарастыру — өзіндік бір ізгі іс. Ал, бұл мұрадан ұлы ақын тұтыңған идеяның әсер-ықпалын табу, осы арқылы ақынның қоғамдық еңбегінің шеңберін кеңейту — өз алдына негізгі бір міндет.

Айталық, жесір құқығы баян етілген 42 және 51-бапта “тұл қатын байға тисе, екінші қалың мал алынбайды”... “Байы өлген жесір қатын сүйсе, байының бір туысқан бауырына яки ағайынына тиеді, егер сүймесе, ықтияры өзінде”,— делінген.

Академик М.Әуезов “Ережеге” Абайдың қатыстығы болғанын, Мүсірәлінің куәлігімен растайды да, Абай қосқан екі тың жаңа статьяның бірі осы жесір мәселесі екенін айта келіп, “Бұдан бұрын ері өлген жесір әйелді алатын әменгері жоқ болса, байының ағайыны өзге біреуге сатып беруге болады екен”. Абай :”Бұл әділет емес, ол әйел баста бір сатылған, жасау-мүлкімен көп алғашқы қалың мал орайын төлеткен. Енді екі сатылмақ — зорлық. Алатын әменгері болмаса, еркі өзінде, ол әйел — азат” деген дейді. Міне, осы бір ғана айғақтың өзі-ақ “Ережеде” абайлық ой, абайлық жаңа жолдардың мольнан барлығына куә. Қазақ әйелдерінің еркі жоқ, күндік халіне ара түсу, олардың сүю, ерік ықтияр құқығын қорғау, оны жалпы халыққа міндетті

заңға енгізу — сол заманда Абайдай ұлы гуманист ақынның, халық арасында беделді қайраткердің ғана қолынан келетін үлкен, зор іс еді.

Абай тіпті сол шаққа дейін ері мен қалыңдық жас мөлшеріне шек қоймайтын қазақ рәсімін бұзып, өзінің кейініректегі бір өлеңінде:

Кімде-кім үлкен болса екі мүшел  
Мал беріп алғанменен қатын емес,

деп үкім кесімін айтса, мұның өзі “Ережеге” енгізілген “Қалыңдық бірлән күйеуін айыруға мүмкін болады күйеуі қыздан икірма беш жашы үлкен болса” деген бап идеясының екінші түрде баяндалуы болатын. Демек, “Ережеде” осындай баптың (статьяның) берілуінде де ұлы ақынның қатыстығы бар болуы әбден мүмкін.

Академик М.Әуезовтың айтуында, Абай қостырған екі статьяның енді бірі ұрлық жәйі болған. “Бұрынғы жол бойынша ақы иелері алатын малды төлеуге ұрының өз мүлкі жетпегенде, ағайыны төлейді екен. Абай енді” ағайыны емес, ұрыға ат майын беруші, сүйеуші бай-жуан төлейтін болсын” дейді деп жазады М.Әуезов. Ал “Ереженің ең ірі б1-бабында ұрылар ел байлары мен қызмет иелерінің кепілдігінде болсын, сол кепілдегі ұры ұрлық қылса”, “әуелі /солардың/ өзлері күйсе керек ұғыры учун” делінген. Бұл жоғарыда М.Әуезов ескертіп отырған статья екеніне, әрине, дау болмасқа керек.

Міне, “Ережедегі” бұл баптар да, ақынның жоғарғы екі жол өлеңі де “Абайдың заманы үшін тарихтық бағасы бар” елеулі нәрсе еді.

Екінші, “Ереже” ақынның тілін зерттеуде де негізгі материал ретінде көп септігін тигізбек. Ол өзінің тілі жағынан, Қазан баспасына немесе көшірушіге байланысты кейбір орфографиялық ауытқуларын есептегенде, ақынның қара сөздері стиліне өте жақын келеді. Мысалы, Абайдың қара сөздерінде бар және сол тұстағы кітаби тілге тән грамматикалық формалар мен сөз оралымдары, сойлем жүйесі осы “Ережеде” көптеп кездеседі. Бұл жазба ескерткіштің қазақтың ХІХ ғасыр аяқ шеніндегі жазба тілі ретінде арнайы зерттелуі керектігін атамағанның өзінде, мұның ұлы ақын тілін зерттеп, тануда да үлкен, беделді материал болмағы даусыз. Әрі ақынның үлкен сөздігін жасау тұсында да, яғни Абайда бар сол дәуірге тән сөздердің мағыналық жұмсалысын анықтауда да бұл жаз-

баша ескерткіш көп сөзтігін тигізсе керек. Тіпті біз бұл “Ережеге” кезінде ұлы ақынның тікелей авторлық қатыстығы болғанын ескере отырып, оны қайсы бір түсініктемелермен ақын шығармаларының толық жинағына қосуды да мақұлдар едік.

Қорыта келе айтарымыз: ұлы ақын өміріне, творчествосына байланысты көп-көп ізденіс жасамайынша, осы сипаттас әлі де белгілі болмаған көп-көп жазба деректерді, оның тілін мұқият қарастырмайынша, Абайды толық танауда, ақын шығармаларының тілін түбегейлі зерттеуде кемшілік жақтарымыз бола бермек.

## АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІН ОҚЫТУ<sup>1</sup>

Абайдың қарасөздері ІХ класс оқушылары үшін өзінің жанры жағынан да, тақырыбы мен мазмұны жағынан да барынша жаңа дүние. Олар бұған дейінгі жерде бұл іспеттес стильде туған сөз үлгісін оқыған емес. Тұтас күйінде ой мен пікірге құрылған, философиялық-психологиялық әрі педагогикалық ұғымға толы осындай сөз үлгісінен керегін тауып та, оны талдап та машықтанған емес. Бұлардың сыртында ұлы ақынның терең ой мен күрделі мазмұнға ие әрі діни-философиялық т.б. терминдік мәнге ие сөздері көп бұл шығармаларын ғылыми комментарийсіз жете ұғыну мүмкін емес. Міне, Абай қарасөздерін оқытқанда, мұғалімнен шығарманың осындай-осындай өзіндік жанр әрі мазмұн ерекшелігін бірінші кезекте ескеру, оны оқытудың методикасын оқытушылармен жүргізілетін, олар тарапынан істелетін жұмыс түрлерін осы ерекшеліктер тұрғысынан келіп барып табу, таңдау талап етіледі.

Әрине, қазақ әдебиетінен жалпы білім беретін негізгі пән программасында Абай қарасөздерін оқытуға ІХ класта бір-ақ сағат бөлінген. Ал бұл бір сағаттық мөлшерге шақталып берілген білім Абай қарасөздерін факультативтік сабақта өтуге сүйеніш негіз бола алмайды, оның тек еске алу сипатында ғана мәні бар. Сондықтан Абай қарасөздері факультативтік сабақта оқушыларға барынша жаңа дүниені таныту сипатында өтілуі керек.

“Факультативтік сабақ программасында” (Алматы 1967, 12- бет.) Абай қарасөздерін оқытуға 3 сағат бөлінген. Негізінде бұл сағат көлемін әрі мұғалім өзінің

<sup>1</sup> Мақала М. Мырзахметовпен бірігіп жазылған

осы тақырыпқа байланысты теориялық ғылыми мүмкіндігіне, әрі оқушыларының осы тақырыпқа қызығуынталану дәрежесіне қарай көбейтуіне болады.

Программада “Абай қарасөздерінің тақырып, пікір жақтарынан оның өлеңдерімен тығыз байланыстылығы” дегенді бірінші кезекте ұсынған. Осылай таныстыру сөзсіз керек. Бірақ ақын қарасөздерін факультативтік оқуда да дәл осыдан бастау — факультативтік оқудың табиғатына келмейтін өте кілт бастау. Біз жоғырыда бұл қарасөздер жанр әрі тақырып пен мазмұн, баяндау стилі жағынан IX класс оқушылары үшін барынша жаңа дүние екенін ескерткенбіз. Міне, факультативтік оқу бірінші кезекте осыдан басталуы керек.

Ұлы ақынның қарасөздері мен дидактикалық поэзиясының тууында, осы жанрларда ақынның шығарма жаратуында, өз пікірін айтуға осы жанр түрлерін таңдауында заңды себептер бар. Яғни Абайдың өз шығармаларының біразын әрі дидактикалық поэзия сипатында, әрі өнеге тілі қарасөз сипатында жазуының өзіндік заңды себебі бар. Өйткені жеке бір ақын, я жазушының әдебиетті белгілі бір мақсатқа пайдалануында, осы мақсат жолында әдебиеттің белгілі жанрын, тәсілін іздеп табуында негізгі әмірші болатын күш — қоғамдық талап. Ақын да, ол туғызатын жанр да, шығарма да осы қоғамдық талаптың жемісі.

Заманымыздың көрнекті ғалымы М.Әуезов ұлы ақын жасаған дәуірді былай сипаттайды: “Мәдениет, өнер-білімге кенжелеп, артта қалған ел-жұрт бар. Қыс жұты, жазіндетімен аралас ел шаруасының құтын шайқап, барымта жасап, бақталастан туған әлек, лаң өкеліп, соны қалың ел ортасына пәле ғып тастап, сол арқылы момын еңбекші есесіз көпті жеп жүрген, қанап, тонап, сорлатып жүрген атқамінер шонжар бар. Өздері — надан, өздері — ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын дүлей, қараңғы тап. Олар бастаған ел көшінің барар беті — қараңғы, екіталай тығырық” (“Әр жылдар ойлары”, 1959, 33-бет). Міне, табан астынан әріні көрсетпеген қараңғылық, осы қараңғылықта талауда жүрген момын жұрт, күйті де күйбең тіршілікті місе тұтқан, тіпті соны бір артықшылық көрген қораш мүдде, қораш кам иесі — міне, қазақтың осы жетім тіршілігі Абайды ақындық жолға әкеп салды. Абай бұл жолды — ақындықты — қоғамға азаматтық қарыздарлығын өтеу құралы ретінде таңдады.

Ақындық программасын жасады. Ол программа қауымды, өз отандастарын тәрбиелеуді мақсат етті. Ақын заманды түзетпек болды.

Абай әдебиетті қараңғы қауым үшін тәрбиеші ретінде қызметке пайдаланғанда, ол өз творчествосының өзекті бір саласы етіп өсиет поэзиясы мен қарасөзді таңдады. “Өсиет өлең халық дертінің тарих қайшылықтарының бәрін емдеп, тазартатын өзгеше құралы деп білді”. Өткені сол кезде қазақ халқының көпшілік бұқара қауымының мәдени өресі әдебиет мектебінен осындай үлгідегі сөз сабағын керек ететін дәрежеде болатын. Данышпан ақын осы тарихи шындық шегінен асып кете алмады: осы тарихи шындық ақынды заманының өресіне лайық әдеби үлгіні қару етіп, тар өрістіліктің негізгі тамыры — надандыққа соққы беруге міндеттеді; мәдениетте, ой-санада, жалпы қоғамда артта қалған халықтың түсінігіне қозғау салу үшін, құлақ түбінен дауыстап; таза ақыл күйіндегі үгіт, насихат, өнеге сөзін айтатын ақылгөй азамат болуды талап етті. Осы талаппен көп-көп өлеңдер жазды (Бұл арада ақынның дидактикалық мазмұнды өлеңдері келтірілуі керек).

Бірақ “Абай өзінің сөздерінің көптен-көбін заманындағы оқушы мен тыңдаушыларына үнемі түсінікті болмайтындай көреді. Онысы — анығында да, солай да еді... Кейбір терең өсиет, озғын ойлары мұның тыңдаушыларының санасына жетпеуге мүмкін. Сол себепті де өлең сөздерінде ұзақтап, тереңдеп айтылған кейбір ағартушылық, адамгершілік үлкен ойлары мен қоғамдық тартыстың қайшылықтарын ашатын анық шыншыл және күшті азаматтық сындарын қарасөздерінде оңайлатып айтады” (М.Әуезов. Әр жылдар., 170-бет.).

Осы жайлар мұғалім тарапынан тереңірек, молырақ әңгімеленуі керек. Әрі бұл сипаттас баяндау программадағы: “Абай қарасөздерінің тақырып, пікір жақтарынан оның өлеңдерімен тығыз байланыстылығы” деген пунктті оқушылардың жақсы түсініп әр жақты, кең, ғылыми сипатта зерттеуіне беташар болады.

Басты ескерілетін нәрсе — заманынан, ортасынан озып шығып, сол ортаға: дүлей надандық қоршауында күнделікті тіршілік қамы, жазғы мал өрісі — жайлау үшін, қысқы мал тебіні — қыстау — ықтасын үшін, осы екі қамға тоғысар ел талау құралы — надан, содыр билік-мансап үшін алыс-жұлыспен жүрген; дау-шар, партия бодау-ба-

рымта, ұрлық-зорлық негізгі әрекет — кәсіп болған: ғылымнан ада, озғын көрші елдер тауып отырған еңбек-қарекет түрлерінен, өнер түрінен алған түк үлгісі жоқ, болашақ туралы саналы ой жоқ ортаға “ұлы зарын, үлкен мұңын, қалың арманын” арнап, соларды түзеу үшін күрескен Абайды көріп отыру, осы күресте Абай ақындығының сыншы, тәрбиеші құрал қызметіне жегілуін көріп отыру, ақын сөзінің халық бойындағы неше алуан мін-дертке ем-дару ретінде жұмсалғанын, сондай қызметі көп болғанын көріп отыру — міне, осылардың ескерілуі керек болады. Оқушылар ұлы ақынмен бірге мұнданып дерттенбей, тебіреніп толғанбай, ұлы ақынмен бірге ол өмір кешкен ортаға кіре алмайды. Ал ақын өмір кешкен ортаға етене бойлап кіріп оны көріп танымайынша, оқушыға ақын сөздері күр тақпақ-ақыл сияқты дәрежеде ғана ұғынылады.

Бұлардың сыртында мұғалім тарапынан тағы бір ескерілетін жай: Абай қарасөздері сияқты жанрдың Шығыс және Батыс әдебиетінде туу тарихынан ғылыми-тарихи мәлімет беру болмақ. Өйткені IX класс оқушылары бұған дейін оқыған қазақ ауыз әдебиеті, қазақ әдебиеті курстарынан мұндай стильдегі туындыны кездестірмейді\*.

Мұғалім оқушылармен жұмысты “Абай қарасөздерінің тақырып, пікір жақтарынан оның өлеңдерімен тығыз байланыстылығы” деген тақырып бойынша жұмыс істеуден кілт бастамай, кіріспе есепті ақын творчествосының бөтәшары іспетті өзге тақырыппен бастау керек. Бұл ретте оқушыларға әдебиеттің не үшін керектігін, ақындықтың қандай мақсатпен қызметке жегілгенін (бұл негізгі мақсат) жеткізуді оңайлату есебімен: (1) “Абай және өз өлеңдері туралы”, “Абай және өз қарасөздері туралы” деген тақырыпта оларға өздігінен орындауға жұмыс беру керек.

Бірінші тақырыпты орындату үшін оқушыларға Абайдың өз творчествосы туралы пікір, көзқарасы көрінетін өлеңдерін көрсетіп беру керек болады. Олар: “Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы” (1 том, 66-бет), “Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол” (1, 69), “Білімдіден шыққан сөз” (1, 86), “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” (1, 96), “Келдік талай жерге енді” (1, 117), “Өзгеге, көңілім, тоярсың” (1,119), “Менсінбеуші ем наданды” (1,140), “Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын” (1,173). “Адамның кейбір кездері” (1,204), “Қуатты оттай бұрқырап” (1,221), “Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?” (1,223), “Жүрегім менің қырық жамау” (1,229).

Ал екінші тақырыпты орындау үшін оқушыларға Абайдың “Бірінші сөзін” (түгел, 11том, 157-бет). “Отыз сегізінші сөзінің кіріспе бөлімін” (11,144) беру керек болады. Бұдан кейін үшінші сұрау-тапсырма “Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінің тақырып, пікірі байланыстылығы” деген тақырыппен беріледі.

Ақын өзінің қарасөздерінде әлеуметтік, ағартушылық, адамгершілік жайлы үлкен ойларын бірде кеңірек тарағып айтса, бірде өте қысқартып, қарапайымдатып, жеңілдетіп қана айтады. Міне, осы тұстарда ақын ойының желісін, шығу көздерін т.б. анық байқай қою қиынға түседі. Оқушыларға әрі ақынның бұл сөздеріндегі пікірлері тереңірек жетуі үшін, әрі олардың ақын өлеңдері мен қарасөздері бір тақырыпта, бір мақсатта жазылғанын жете білу үшін мұғалім бұл сабақтастық бар өлеңдер мен қарасөздерді алдын ала анықтап алады. Және осы шығармалар бойынша оқушылардың қай бағытта жұмыс істеуі керектігін (жұмыс түрлерін) белгілеп, нақты ұсыныс, тапсырма-сұрауларын тізеді. Мұның бір үлгісі мынадай болғаны дұрыс: 1) “Үшінші сөз” — “Болыс болдым мінекей”. 2) “Жетінші”, және “Қырық үшінші сөздер” — “Сыналар, ей жігіттер келді кезең”, “Көк тұман — алдындағы келер заман”. 3) “Он жетінші сөз” — “Әуелде бір суық мұз ақыл зерек”. 4) “Он сегізінші сөз” — “Адасқанның алды — жөн, арты соқпақ”. 5) “Он тоғызыншы сөз” — “Бір дәурен кемді күнге бозбалалық”, “Білімдіден шыққан сөз”, “Келдік талай жерге енді”. “Өзгеге, көңілім тоярсың”. 6) “Жиырма екінші сөз” — “Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман”. 7) “Жиырма бесінші сөз” — “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, “Интернатта оқып жүр”, 8) “Отыз бірінші сөз” “Қуаты оттай бұрқырап”, 9) “Қырық екінші сөз” — “Байлар жүр жиған малын қорғалатып”.

Бұл үш тақырыпты оқушылардың өздігінен дайындауы үшін көмекші материал есебінде мұғалім М.Әуезовтің “Әр жылдар ойлары” кітабын ұқыпты түрде оқып, тақырыпқа қатысты жерлерін белгілеп; көрсетіп береді.

Оқушылардың бұл тапсырманы (үшінші) орындауын жеңілдету үшін, яғни оқушылар жасайтын баядаманың ғылыми жүйесіне үлгі көрсету үшін мұғалім ақын өлеңдері мен қарасөздерінде қатар айтылатын бірер пікірді өзі айтып береді. Айталық, “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” деген өлеңінде ағартушы ақын баланы оқытудағы

халықтық мүддені көрсетсе, “Интернатта оқып жүр” өлеңінде жалпы орыс оқуы туралы сөз қозғап, патшалы Россиядағы оқудың жігін ашады, оның екі түрлі бағыт-бағдарына деген өзінің қатынасын ашық аңғартады.

Мысалы:

Военный қызмет іздеме,  
Оқалы киім киюге.  
Қызмет қылма оязға,  
Жанбай жатып сөнуге,—

деп, Россиядағы үстем топқа қызмет етіп отырған мүддесі жат әскери оқу мен саяси билеуші аппараттың басқару жүйесіндегі кеселді де шала оқудан жас ұрпақты безіндіреді әрі сақтандырады.

Алыста болса іздеп тап,  
Кореннойға кіруге,—

деп өзінің армандаған оқуының, халықтық мүдденің қамын жейтін ғылымның соқпағына қарай тартады. Абайдың Россия империясындағы оқудың, ғылымның қай жағымен іштей табысатын жағы да осы сөзінде жатыр. Ал осы ойдың сараланып, нақтылана түсуін оның “Жиырма бесінші сөзіндегі”: “Орысша оқу керек... залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек” (11 том, 179-бет),— дегенінен көреміз.

Абай интернатта оқығандардың өзінде де “кірді, шықты, ілді, қашты, түбегейлеп оқыған бала да жоқ”— деп өзі аңсаған түбегейлі оқуға беттей алмағынына қынжылады, әрі онысын оқыған бала ата-анасының:

Балам закон білді деп,  
Куанар ата-анасы,

— деген тәрізді қысқа тілеудің шылауында қалғанын сынай отырып аңғартады. Ал оқыған балалардың өзі туралы:

Аз білгенін көпсінсе,  
Көп қазаққа епсінсе,  
Кімге тиер панасы,

— деп, орыстың оқуын пайда табудың құралы еткен, қазақтан қарымта қайтаруға ұмтылған жат тілектің арсыз, нәрсіз болмысына жирене қарайды. Ал осы ойы тағы да “Жиырма бесінші сөзде” одан әрі қарай арнайы таратылады: “Бірақ осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен



жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жок, олай ниет керек емес... Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі, ата-анасы, ағайын туғаны бір жағынан бұзып жатыр” (1,179-бет),— деп қатпар-қатпар шындықтың астарлы беттерін аша түседі. Немесе: интернаттан оқып шығып, отаршыл орыс әкімінің жүгіртегі болған қазақтардың өнерсіз қылығын:

Қызмет қылма оязға,  
Жанбай жатып сөнуге...  
Қалай сабыр қыласың,  
Жазықсыз күнде сөуге,

— деп бетіне басып әжуа етсе, осы ойын аталмыш қарасөзінде: “әке шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырынан бір қаққанға сатады. Тек мойордың күлгені керек”,— деп тереңдетіп, таратады. Бұл тұста ақын көңілінде өзінен ілгері өткен Дулат жырау айтқан:

Майордың алса бұйрығын,  
Борбайға қысып құйрығын,  
Ел пысығы жортады,

— деген ашы шындық, мазақы ез қылық көлденең тұрса керек...

Абай өлеңінде баяндалатын оқуға түсудегі мақсат — ел қамын жеу, соған қызмет ету болғандықтан:

Ойында жоқ бірінің,  
Салтыков пен Толстой,

— деп, ел мұны үшін алысқан орыстың ұлы ойшылдарын үлгі ете ұсынады. Осы ой Абайдың “Жиырма бесінші сөзінде” тағы да елеулі талқыға түседі. Абай оқудың түрікше, арабша, орысша түрлерін саралап, орыс оқуының да жігін ашып, бағыт-бағдарын анықтайды. Соның пайдалы жағын алуға үндегендіктен: “... балаңа орыстың ғылымын үйрет... орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті... мына мен айтқан жол мал аяр жол емес” (1, 179-180),— деп ой түйеді.

Бұлардың сыртында мұғалім жоғарғы тапсырмаларды оқушылардың бірмаша жүйеге түсіріп орындауы үшін проблемалық сұраулар қоюы керек болады. Бірақ ақын сөздері өте күрделі ойға құрылғандықтан одан керекті нәрсені таба, тани қою оқушыларға едәуір қиындыққа

түседі. Сондықтан да әлгіндей сұраулар шыжымдап жетектейтін, ол ой-пікірлерді баспалдақтап барып түсінуге бағыттап отыратын сұраулар болуы керек.

Әрі бұл бағытта ситуация тудыру да керек болады. Мұнда мұғалім оқушылар алымы жетпеген ақын ойларының ұшын көрсетіп алып барып, оны оқушылар талқысына салады да, шешуге жетелейді немесе сондай тапсырма-сұрақтар дайындайды.

Айталық, Абайдың “Жетінші” және “Қырық үшінші сөзі” мен “Сыналар ей, жігіттер, келді кезің” деген бір ауыз жұмбақ өлеңінде пікір байланысы бар. Мұғалім осы бір ауыз өлеңнен:

Жан құмары дүниеде немене екен —  
Соны білсең әрнені білгендерің,

— деген сөзді негізге алып, ситуация тудыруды осыған құрып, оқушыларды еліктіруіне болады. Ұлы ақынның ерекше мән беріп, арнайы назар аударып отырған “жан құмары”— табиғи қажеттіліктің баламасы — оқушылар қызығады. Мұғалім оларға бұл үшін алдын ала сөзсіз істелуге тиісті жұмыстарды тапсырады. “Абай тілі сөздігі” деген еңбектен “жан құмары” деген сөзді және сол мағынаға жақын сөздерді теріп, бұл туралы өздерің топшылау жасаңдар, “Жетінші сөзде” айтылғандарға түсініктеме жасаңдар, — деген үлгіде жұмыс тапсырады. Оқушылар сөз жоқ, қиналады. Өйткені ақынның “Жетінші сөзінде” әңгімеленетін жан құмарының сырын, табиғатын Абай таныған дәрежеде ұстаздардың өзі де жете тани бермейді. Сондықтан да олар ІХ класта бұл сөздің жалаң мазмұнын баяндаумен шектеліп жүр. Өйткені олар “Жан құмары”, “тән құмары”, “жан”, “тән”, “адам жаны”, “хайуан жаны”, “жанның тамағы”, “тәннен жан артық” деген сияқты толып жатқан үлкен де елеулі терминдік мәні бар күрделі филологиялық ұғымдардың мәні мен мағынасына не көңіл бөлмейді, не оларды түсіндіруге білім жетпейді.

Абай осы аталмыш қарасөзінде жалпы объективті дүние сырларының танымалдылығы туралы көзқарасты қуаттаушы ойшыл болғандықтан да: “Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды”, — деп қадай жазып отыр. “Жетінші сөздегі” жоғарыдағы көрсетілген аталмыш терминдік сөздердің мән-мағынасы, шын табиғаты негізінде осы айтылған күрделі де салмақты ойдың тұрғысынан

келіп шешілмекші. Ол терминдер мәнін жете түсіну үшін мәселені осы пікірдің маңына үйіріп, осы басты ойды пікірдің түп қазығы ретінде ұстану керек.

Абайдың қолдануындағы “жан құмары” деген сөз — рухани қажеттіліктің, ал “тән құмары” деген сөздің мағынасын ашуға да сәйкес келетін ұғымдар. Абай бұл екі ұғымды бір-бірінен ажыратпай, тығыз байланыстағы құбылыс ретінде қарайды әрі әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктерін саралап, сонымен қатар олардың ішінен рухани қажеттілікті жоғары қоятынын көрсетеді. Абайдың “тәннен жан артық еді” деген ойының шешімі де оның осы аталмыш көзқарасының негізінде туып отырғанын байқау қиын емес.

Егер Абайдың “жан сыры” туралы ұғымға берген мәніне үңіле қарасақ, оны ақынның төрт түрлі салаға бөліп тарататынын аңғарамыз. Бұл жерде мұғалім сол төрт саладың бәріне бірдей тоқтала бермей, негізінен, бір ғана басты саласына тоқталуы керек. Жас өспірімдердің санасына жан-сыры туралы нақтылы материалистік негіздегі ұғымды, көзқарасты сіндіріп, атеистік рухта тәрбиелеуге Абайдың осы “Жетінші” және “Қырық үшінші сөзінің” өзі ғана мол дерек бермек. Мұнда Абайдың танымындағы жан сыры туралы ұғымы негізінен адамның ішкі рухани күші ретінде қаралады. Абайдың түсіндіруінде адам баласы тән қуатымен тұрмыс қажеттілігін қамтамасыз ететін дәулет жиса, жан қуатымен рухани қажеттілігін өтейтін ақыл, білімнің қорын топтастырады. Сол рухани қазынаның басын құрап, топтастырып қорландыруда шешуші орынды Абайдың көзқарасынша, жан құмары атқармақ. Өйткені жан құмары адам баласының бойындағы туа пайда болатын қажеттіліктің бірі болғандықтан, ол тән қуаты арқылы өсіп жетілетіндіктен, содан ғана материалдық негіз тауып, сонымен тығыз бірлікте дамиды. Демек, Абайдың жан сыры туралы арнайы сөз қозғап, таратайын деген басты ойы — біздің санамыздан тыс тәуелсіз өмір сүретін объективті дүние шындығының санамызға сәулеленуінен пайда болатын әрі сол процесс арқылы туындайтын жан қуаты туралы ұғым екендігіне ерекше көңіл бөлуіміз шарт. Өйткені Абайдың бұл айтылмыш нәрсені бізден осы тұрғыдан тануды талап ететіндіктен. “... іштегі жан қуатыменен жиған нәрсенің аты ақыл, ғылым еді ғой” (11, 216),— деп жан ретінде шынында санадағы құбылысты ұғынатындығын қадай жазып отыр.

Абайдың осы “Жетінші сөзінде” ұшырасатын “жанның тамағы” деген күрделі философиялық ұғым бар. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесінде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды. Осы себептен де Абай: “... құмарланып, жиган қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді” (11, 164), — деп қайыра түсінік беріп отыр...

Абайдай ұстаз ақынның бұл “Жетінші сөзде” көздеген мақсаты адамның бойында туа пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіңдіру еді. Міне, Абайдың ағартушылық көзқарасының тамыр алған бір саласының қайнар көзі осы жақта жатыр.

Абай бұл бағыттағы ойларын өзге сөзбен “Ғылым таппай мақтанба” т.б. өлеңдерінде айтқан. Мұнда ол “жанның тамағы туралы” ұғымды өз заманының тұрғысынан келіп, “адам болу” үшін қажет көп керектермен ауыстырады. Ақын толық адам болу туралы өзінің жүйелі де қалыптасқан көзқарасының тезисін ұсынады. Онысы:

Адам болам десеңіз...  
Бес нәрседен қашық бол...—  
Бес нәрсеге асық бол,

деген жолдарда жатыр.

Ақынның бүкіл шығармаларындағы негізгі бір тұтас тақырыпта өзекті идея болған бұл ойын мұғалім оқушыларға осындай сыры терең пікір көздерін аша отырып түсіндіруі, соған жетелеуі керек.

Абайдың:

Жамандық көрсең нәфрәтлі  
Суытып көңіл тисаңыз.  
Жақсылық көрсең ғибратлы,  
Оны ойға жисаңыз.  
Ғалым болмай немене,  
Балалықты қисаңыз?

— дегендегі ой түйіні жас адамның ғалым болу-болмауы, санасының баюы оның өмір сүрген ортасынан алатын жақсылы-жаманды жанның тамағына тікелей байланысты нәрселер екендігін ашық байқатады. Олай болса, Абайдың пікірінше, ішкі рухани қазынамыздың молығуы тікелей өзіміздің қолымыздағы іс. Осы реуішті пікір Абайдың “Он тоғызыншы сөзінде” де қайталанады. Абайдың дүние та-

нымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Сондықтан да Абай “Он тоғызыншы сөзінде”: “Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады”, — деп жоғарыдағы өлең үзіндісіндегі ойын осы сөзінде одан ары кеңіте отырып дамытатынын көруге болады.

Міне, бұлар ситуация туғызу бағытында бір проблемалық мәселенің мұғалім тарапынан баяндалуы. Ал бұлайша баяндау ақынның программада көрсетілген өзге сөздерін талдап зерттеуге баспалдақ болады.

Мекемтас Мырзахметов

## ЕКІ КҮЙМЕК БІР ЖАНҒА ӘДІЛЕТ ПЕ?

*(Мақала Құлмат Өмірәлиевке арналады)*

Абай “Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?” деген атақты өлеңін келер ұрпақ жас буынға қарата:

Сонда жауап бере алман мен бишара,  
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.  
Екі күймек бір жанға әділет пе?  
Қаны қара бір жанмын, жаны жара,

— деп, әрі терең, әрі сирек ашылар көңіл назын арнамай ма?

Бұл өлең Абайтану тарихында Абайдың айрықша бір терең ойлы мұңынан туындаған саналы сыры, ойлы жалғыздың келер буынға шаққан мұңы деп бағаланып келді. Әрі М.Әуезовтің сөзімен айтсақ, “Өз халқының кейінгі ұзақ тарихына өлмейтін із қалдырып отырғанына сенім артады”. Өлеңінде өлімді, күн батарға таялған таусыншық күнді сөз етіп, өлместің сырын жырға қосады. “Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?”, — деп өз мұрасының болашақ тағдырын, танылуын ойлап тебіренгенде, ұрпақтың әділет көзімен бағалауына үміт артады, екі күйгісі келмейді. Өйткені өз заманында қиянатшыл дүниеден, ұғымсыз тыңдаушы, надан қауымнан көңілі суып:

Уәзінге өлшеп тізілген...  
Қайран тіл, қайран сөз —  
Наданға қадірсіз,—

деп күйінген ақын өзінің айтыла бермес жүрекжарды ішкі жан сырын шертеді.

Абайтанудың жүз жылдық ұзақ сонар даму тарихына ой жіберіп, шола қарағанның өзінде ұлы ақын мұрасын бірде жатырқап, артынан қайта табысқанымыз; немесе бірде жалаң танып, артынан тереңдей түскеніміз жасырып қалар сыр емес, кеше ғана көз алдымызда болып өткен тарих сүрлеуі емес пе?

Дәл осылай болмаса да осыған тағдыры ұқсас, бірақ әдеби мұрасы бір күймей екі рет күйген тағдыр тәлкегін Дулат жыраудан көреміз. Ол Абайға дейінгі ауызша айтылып, импровизаторлық дәстүр негізінде дамып, жалғастық тауып келген қазақ поэзиясы мен жаңаша бағыт-бағдармен даму жолына түскен жазбаша әдебиетті ұштастырып, рухани көпірге айналған әдеби мұрасы жартылай танылған “ақтаңдақ” қалпында қалып, аты аталса да әдеби жұртшылық арасында пікірталасына оқтын-оқтын қозғау да салып отырды. Бірақ ол жайында шындықтың толық, тұтас күйінде айтылмай, жартыкеш түрінде орнығуы себепті, тарихи-әлеуметтік өмір болмысына орай туындаған Дулат шығармаларының басты да буынды сарыны, яғни лейтмотиві ғылыми тұрғыдан ашылмай қала берді. Жалпы қазақ әдебиеті тарихында бұл іспеттес “ақтаңдақ” күйін кешіп, түсі түстеліп, мағынасы ашылып, түгелденбей жатқан мұралар қаншама?

Туған әдебиет тарихының ғасырларға созылған қалыптасу, даму жолындағы қай кезеңде де ешқандай “ақтаңдақтар” болмауын, рухани ой-санамыздың өсіп-өркендеу процесі өзінің табиғи болмысын бұзбай-жармай шуақты әм көлеңкелі жақтары тұтас қамтылып, ашылуын уақыт, заман талабы күн тәртібіне қойып отыр.

Ал, біз болсақ, әдебиет тарихын, әсіресе көркем шығармаларда өз көрінісін тапқан қоғамдық ой-санамыздың ұзаққа созылған даму жолын танып-біліп, өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас орны бар Дулат жырау мұрасын жан-жақты терең зерттеп, анықтамай-ақ оған қазақ әдебиетін зерттеуде ұзақ тұрақтаған тұрпайы социологиялық таным тұрғысынан айдар тағып жатырқай қарап келеміз. ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында ақындық

өнердің биік тұғырына көтерілген, замана жыршысы болған Дулат мұрасының бір емес екі күйген себебін танып-анықтайтын кезең жеткен сияқты. Бүкіл адамзат қоғамының ең озық үлгі-өнегесіне айналып отырған біздің қоғамымызда, әдебиеттану ғылымымызда не себепті Дулат мұрасы екінші рет әділетсіз күйіп отыр?

Біріншіден, Дулат мұрасының өзі жасаған заманда баспасөз арқылы теріс танылып, жаңылыс мағлұмат берілу тарихына көз жіберсек, мұның өзі күрделі де қиыншылығы мол мәселе болуы себепті де, біз оның ең буынды да өзекті тұстарын қысқаша сөз етумен шектелмекпіз.

Алдымен Дулат мұрасының басты сарыны мен тақырыбын, жанрлық, стильдік ерекшелігін тудырған сол кезеңнің саяси-әлеуметтік тарихи жағдайын танып барып қана ақын шығармаларының мән-мағынасын аша алмақпыз. Өйткені, В.И.Лениннің “Әлеуметтік мәселенің қандайын болса да талдағанда марксистік теорияның қоятын сөзсіз талабы — оны белгілі бір тарихи шеңберде қою болады” (Шығ., толық жинағы, 20 т. 413-б.).— деп айрықша ескерткен тұжырымын ғылыми-зерттеу жұмыстарымызда методологиялық бағыт-бағдар ретінде ұстанып әрекет ете алсақ қана ісіміз өз жемісін бермек.

Дулат ақындығы XIX ғасырдың алғашқы жартысында дамып, қалыптасып, сол кезеңнің тарихи-әлеуметтік шындығы ақын өлеңдеріне арқау болып өріліп жатты. Дулат творчествосының басты ой сарыны мен өзекті тақырыптары сол кезеңнің саяси-әлеуметтік өмір шындығына тікелей байланысты туындап жатқан құбылыстар болатын-ды. Өйткені отаршылдық мүддені көздей отырып, еріксіз сырттан таңылған аға сұлтандық ел билеу жүйесі өмірге енген тұста, яғни 1822-1868 жылдар аралығында өмір кешкен Дулат ақын шығармаларының тақырыптары да осы шындыққа орай туындап жатты. Өйткені бұл кезең қазақ әдебиеті тарихында аталып жүргеніндей Россия патшалығы тарапынан қазақ даласын отарлау соғысы жүргізіліп жатқан қарбалас шақ болатын-ды. Яғни, XIX ғасырдың алғашқы жарымында қазақ жеріне Россия империясының сұсты да айбарлы зеңбірегі келгенімен, екінші езілуші Россияның Пушкині әлі де жетпей жатқан кезең екендігін әмісе ескермек керек. Тіпті Россияның өз ішіне Герцен “Колоколының” бостандықты көксеген қоңыраулы үні яғни “... бүкіл Россияны оятқан” қастерлі сөзі әлі де айтылмаған, қоғамдық ойдағы қозғалыстың басталмаған

тұсы еді. Міне, Дулат шығармаларының дені осы тұста дүниеге келуі себепті де, XIX ғасырдың 30-40 жылдарындағы патша үкіметі тарапынан ел басына түскен отаршылдық озбырлықты саналы түрде қатты сезінген ақын өлеңдерінің әлеуметтік сарыннан екі жақты қанауға ұшыраған қазақ елінің мұң-наласын, қайғы-қасіретін бейнелеген мүлде жаңа құбылысты ұшыратамыз.

Дулат ақындық құрған заманда қазақтағы хандық құрылыс жойылып, 1822 жыл мен 1867-1868 жылдар аралығында ел билеудің отаршылық негіздегі аға сұлтандық жүйесі орнығып, ел билеудегі жаңа терминдік атаулар дүниеге келді, осыған орай қазақ атқамінерлерінің жаңа тобы қалыптасты. Дулат өлеңдеріндегі өткір сын нысана-сына алынатын қазақ атқамінерлерінің жаңадан пайда болған типтері де дәл аға сұлтандық жүйе тудырған билікке орай туындаған құбылыстар екенін айна-қатесіз танимыз.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы кезеңде ерекше назар аударар жағдаяттың бірі — отарланған қазақ даласына патша үкіметінің ислам дінін үстемелеп орнықтыру саясатын ұстануында жатыр. Осы кертартпа саясаттың нақтылы жүзеге асуын өз көзімен көрген Шоқан Уәлиханов. “Ал, біздің Сібірде үкімет мұсылмандықты бірыңғай қамқорлыққа алды, соның арқасында біздің облыста ислам ауа жайылып етек алып отыр. Бүкіл қырда татардың шала молдасы көбейіп, Орта Азиядан шыққан әулиелер қаптап кетті”, — деп жазуы арқылы осы саясатқа өзінің қарсылығын білдіреді. Өйткені осы дін келімсектерінің арқасында халықтың рухани азып тозып бара жатқанын сезіне отырып: “... біздің жаршыларымыз халықтың батырлар жырының орнына халық өлеңдерінің түріне айналдырып алған мұсылмандық афокриптерді жырлайды”, — деп тіпті халық рухани етене жақын батырлар жырының орнына мұсылмандық рухтағы исламшылдықты таратып, күштеп жоюшы дін батырларын, әулие-қазыларды жырмен, қисса дастандармен насихаттау ісі мендеп бара жатқанын ашына хабарлайды.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында етек ала бастаған патша үкіметінің ислам дінін қазақ даласына жая түсу саясатының нәтижесі тіпті кітаби ақындар тобына қосылатын кейбір діндар ақындардың күлдібадам қиссалары арқылы, баспасөз арқылы насихатталып жатқан кітаптардан да көрінді.



Патша үкіметі Қазақстандағы күштеп отарлауды аяқтап, отарланған жерлердің мемлекеттік шекарасын ресми түрде нықтап алған соң, бұрын жүргізіп келген ислам дінін қолмен тарату, ендіру саясатынан жұрт бас тартып, ХІХ ғасырдың екінші жартысында (1862 ж.) яғни жер отарын жүзеге асыра бастаған тұста қол астындағы отарланған халықтарды христиан дініне шоқындыру, орыстандыру саясатын мықтап ұстанды. Мұның сырын В.И.Ленин: “Россияда халықтың жартысынан көбі, бестен үшке жуығы (дәл айтқанда: 57 проценті) ұлттық езгіге душар болуда, олар тіпті ана тілінің еркіндігімен де пайдаланбайды, оларды күштеп орыстандырып отыр”. (В.И.Ленин. Шығ. толық жинағы. Алматы, 1979. 30 т. 360-б.), — деп ашып көрсеткен еді. Дәл осы мәселеге Ш.Уәлиханов өз заманындағы нақтылы мысалдарды келтіре отырып, өзінің “Сахарадағы мұсылмандық туралы” деген мақаласында баяндап берген болатын.

Үкімет тарапынан ресми түрде күн тәртібіне қойылып, зорлықпен ендіріле бастаған шоқындыру саясаты Сібірдің майда ұлттары тарапынан наразылық тудырса, Орта Азия, Қазақстан, Поволжье өлкелерінде панисламистік идеяның өріс алып кетуіне түрткі салған кезең де жетті. Ұсақ ұлттар буржуазиясы мен дін иелері, әсіресе олардың ішінен діндар молда ақындар Қазан, Уфа, Ташкент, Орынбор, Петрбордың өзінде (Ш.Уәлиханов кезінде ескерткендей), батырлар жырын айтудың орнына мұсылманшылдықты дәріптеген діншіл қисса-дастандардың жариялануы жиілеп кетті. Қазақ елінің жырқұмар психологиясын шебер пайдаланып, діндарлық қисса аңыздарды көптеп таратуды мақсат тұтты.

Қазақ еліне ағылып келе бастаған келімсек шала молдалар мен қиссашыл кәсіпқой ақындар патша үкіметінің жат ниетті шоқындыру саясатына қарсы бұратаналардың наразылығын өз мақсаттарына орай пайдаланып, өз идеяларын барынша насихаттауды көздеген баспа иелері мен діндар қиссашыл ақындар да көбейді. Солардың арасынан қазақ ақындарының діни сарындағы өлеңдерін өз танымна қарай құрап-жамап, текстологиялық жағынан өңін айналдырып, бұрмаланған өлең жинағы да пайда бола бастады. Осы құбылыстың айқын көрінісі ретінде, біреу болса да бірегейі — қиссашыл діндар ақын Мәулеки Сейітұлы Юманчиков (1834 ж. туған) ерекше көзге түсті. Ол сол тұстағы қазақ даласының айтулы жырауы Дулаттың

атағын шебер пайдаланып, өзге ақындардың діни сарындағы өлеңдерін соның атымен 1880 жылы Қазан қаласына “Өсиетнама” деген атпен жариялап жіберді. Сөйтіп, тарихта Дулат мұрасын алғаш рет күйдірген осы Мәулеки болатын.

Бұл іспеттес сол заманның біз тереңдеп біле бермейтін белгілі бір саяси-әлеуметтік себептері болғандығын Мұхтар Әуезовтің: “XIX ғасырдың орта тұсынан бастап... XX ғасыр басында да Қазан, Орынбор, Петрбор баспаларында татардың баспахана иелері, саудагер капиталистері қазақ сахарасы үшін бастырып таратқан аса көп кітаптары болған. Сол кезде басылып, тарап жүрген шала қазақша сексен шамалы кітаптардың көптен-көбі қиссалар болатын. Ол кітаптардың бәрін де қазақтың діншіл, кітапшыл (исламшыл) молда ақындары шығарған. Осы кітаптардың көптен-көбі панисламизмді қазақ сахарасына таратып сіңірудің үгіті еді... мұсылман буржуазиясы мен олардың сыншысы болған әдебетшілер және баспа орындарының редакторлары осы жолда қандай күштерді болса да пайдалануға тырысқан” (20-том, 147-б.),— деп жазған пікірі арқылы шындықтың бүркеулі шымылдығын аша аламыз. Мінеки, дәл осы мақсат тұрғысынан әрекет еткен Мәулеки бірнеше қазақ ақындарының діни сарындағы өлеңдерін Дулат атынан жириялап жіберген. Бірақ Мәулеки “Өсиетнамаға” Дулаттың дінді сынаған “Ишанға” деген атақты өлеңін ендірмей, назардан тыс қалдырған. Мұның себебі: дін иесі ишанды өлтіре сынайтын мұндай өткір сатиралық туынды “Өсиетнамада” көздеген Мәулекидің бағытына қарама-қарсы мақсаттағы шығарма еді.

Мәулеки жазған, аударған немесе құрастырған тоғыз кітаптың 1879-1917 жылдар арасында отыз үш рет басылм көруі М.Әуезовтің жоғарыда айтқан пікірін толығымен айғақтап тұр. Өйткені Мәулекидің өз қаламынан туып, жарияланған “Сәйтбаттал”, “Жүмжұма”, “Салсал”, “Дарига қыз”, “Наршируан”, “Гүлжәмила” қиссаларының бәрі де исламиятты таратып уағыздауға құрылған басылмдар екеніне ешбір талас болмаса керек. Ең діндар қисса “Салсалдың” тоғыз рет, “Жүмжұманың” алты рет қайталанып басылуы да осы ойды айғақтап тұр. Бұл қиссалардың бәрінде де бастан аяқ исламиятты білектің күшімен, найзаның ұшымен зорлап таратушы фанатик діни қаһармандар дәріптелген. Мұхаммед пайғамбардан бастап, оның күйеу баласы Әзірет Әлі, немересі Хасан мен

Хусайн, немесе Сәйтбаттал, Жәнәбіл қазылар бірбеткей мадақталып жатады. Бұны жай құбылыс қана емес, бүкіл мұсылман әлемінде жанданған ислам идеологиясының қазақ арасында көрініс берген бір белгісі деп білмек керек. Себебі белгілі миссионер ғалым Н.П.Остроумов (1870 жылы қазақ тілінде шыққан “Түркістан уәлаяты” газетінің редакторы) “Исламтану” деп аталатын монографиялық еңбегінде (Ташкент, 1914), 1912 жылы бір жыл ішінде ғана шыққан дін тақырыбындағы 178 кітаптың 1.282.240 дана болып таралу дерегін келтіреді. Мұның сол жылы шыққан бүкіл кітаптың, яғни мұсылманша 608 кітаптың төрттен бірі болса да, тиражы жағынан тең жартысы болып шығуында көптеген астарлы сырлар жатыр. Бұл ерекше құбылыстың мән-мағынасын А.Солнцев “Астраханский Епархиальная Ведомость” (1890, №8-11) журналында жарияланған мақаласында: “... молдалардың қазақ еліне еткен әсері біздің үкіметіміз үшін аса пайдалы емес: қазақтардың ойы мен рухына орыс атаулыға деген өшпенділікті ендіруге тырысады. Бірақ ислам діні қазақтардың ақыл-ойына сіңе қойған жоқ. Қазақтардың мұндай жағдайы орыс миссионерлерінің әрекеті үшін өте қажетті айтарлықтай мүмкіндіктер береді”, — деп арнайы түрде ескертуінде де көптеген астарлы ойлар төркіні бүркеулі жатыр.

Дулаттың атынан “Өсиетнаманы” бастырып таратушы Мәулеки әрекетін осылай аталып өткен идеологиялық құбылыспен белгілі бір тарихи шеңберде алып қарау қажеттілігі тағы да алдымыздан көлденендеп тұрады.

Мәулеки жайлы архив деректері табылмай тұр, бірақ оның кім екендігін біз әзірше 1879 жылы Қазанда басылған “Сәйтбаттал” кітабында жазылған бірлі жарым там-тұм мағлұматтардан ғана білеміз.

Мәулекидің айтуынша, ол қазақ арасында 1846 жылдан бастап бала оқытып, тілін сындыруға жалданып келген кірме молда. Басылым көрген кітаптарын тіл жағынан алып қарағанда — шала қазақша. Аталған тұңғыш қиссасы “Сәйтбатталдың” кіріспесіндегі:

Қырық беске келедур менің жасым,  
Тобольскі губерна асыл затым.  
Ялтур уезі туған жерім,  
Семипалатинскі болысдур тұрған жерім,—  
Юмачигүрлы Мәулеки болар атым,— (2-бет.)

деген мағлұматқа қарағанда оның Батыс Сібірдегі Тобольск губерниясына қарасты Жалтыр уезінде туғаны, ал сол кездегі тұрған жерін Семипалат болысы екендігі көрініп тұр.

Семей мен Омбының арасындағы қазақ ауылдарында он екі жыл бойы бала оқытып, молдалық құрып келе жатқан діндар молда екендігі қиссаның соңында берілген өзінің мінежатында көрінеді:

Ақиретті ойласақ, дүние жалған,  
Дүниені жақсы көріп дінің сатпа... (36-бет.).

Ақиретке шафағат бізге қылғын,  
Ғайыбына қарамай үмбетім деп... (28-бет.).

Мұхаммед пайғамбарға бас ұра мінежат етіп салауат айтуына қарағанда, бүкіл дүниетанымының діншілдік сарыны анық байқалып тұр.

Қазақтар арасында кеңінен танылған Дулат жырау шығармаларын Мәулеки қазақ ішіне молдалық етіп жүрген жылдарында жинастырғанға ұқсайды. Осы тұста мұсылмандар арасында панисламистік уағыздың кең өріс алуына орай ол 1880 жылы Шал ақынның, Шортанбайдың және өзінің өлеңдеріндегі ақырет қамы, ақыр заманды жыр еткен туындыларын жамап-құрап, тіпті текстологиялық жағынан өңін айналдырып, бұлар Дулат өлеңдері болмаса да, Дулат атынан “Өсиетнаманы” жариялатып жібереді. “Өсиетнамадағы” діншілдік сарын тіпті патша үкіметінің цензура комитетін сескендіруі себепті, олар кітаптағы көптеген өлең жолдарын алып тастап, кей беттерін қайта тергізіп өзгерткізуіне (ЦГИАЛ, фонд-777, опись 3, 1880, дело № 10, л. 182-184) көп нәрсенің астарлы сыры жатыр. Яғни Дулат мұрасының өз заманында жаңылыс танылып, біздің заманымызда қате бағалануының басты себебін де, бірінші рет мұра ретінде әділетсіз күюін де жыраудың өмір сүрген заманындағы саяси-әлеуметтік тарихи оқиғалар мен отаршылдық саясаттың бағыт-бағдарымен тікелей байланыста ала отырып қарастырғанда ғана түсіне алмақпыз.

Ал “Өсиетнама” жарияланып жарық көрген жылы отыз бес жастағы жігіт ағасы Абайдың ғылым жолына түсіп, іштей түлеп, қорлану жолында “Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілген” заманы болатын. Осыдан сегіз жыл өткен соң, яғни 1888 жылы Абай “Біреудің кісісі өлсе қаралы ол” деген атақты өлеңін жазды.

Сонда:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Сөзінің бірі — жамау, бірі — құрау.  
Әттең дүние, сөз таныр кісі болса,  
Кемшілігі әр жерде көрініп тұр-ау,

— деп Дулат өлеңіне де өткір сыншыл пікір білдіргенде сүйенген дәлелі Мәулеки қолынан шыққан “Өсиетнамадағы” Дулат атынан құрап-жамап берілген өлең табиғатын айтып отыр емес пе екен деген ой маза бермейді.

Екіншіден, Дулат мұрасының біздің заманымызда, әсіресе, 40-50 жылдарда теріс бағаланып, әділетсіз екінші рет күйі де “Өсиетнаманы” негізге алып, соған сүйенуде жатыр. Дулатты зерттеушілердің көбі ақын шығармаларынан негізгі сарыны мән тақырыбын тудырған өзіндік ерекшелігі бар саяси-әлеуметтік тарихи жағдайды XIX ғасырдың алғашқы жартысына орай қарастырмай, XIX ғасырдың екінші жартысындағы ақындармен бірлікте алып баға беруі де ақын мұрасы әдебиет тарихындағы жасанды түрдегі ақтандаққа айнала бастағаны жасырын сыр емес. Дәлел үшін бір-екі нақтылы мысалдар келтірейік: Дулат мұрасы “Өсиетнама” бойынша берілсе де, 1960 жылғы “XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары” (“Ғылым” баспасы) мен 1965 жылғы “Үш ғасыр жырлайды” жинақтарында жарияланып келді. Ал енді жиырма жыл өткен соң молығудың орнына тарылып, Дулат шығармалары 1984 жылы жарық көрген үш томдық қазақ поэзиясының антологиясы ретіндегі “Бес ғасыр жырлайды” жинағы мен 1985 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының “Ғылым” баспасынан жарық көрген “XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы” деп ғылыми орталықтан шыққан кітаптан сыпырылып тасталуын қалай түсінеміз? Дулат мұрасының бүгінгі зерттеушісі болған Құлмат осы қиянатқа қатты налып, өзінің “Дулат жыраудың” “Ғылым” баспасына өкпесі деген уытты өлеңінде:

“Бес ғасырға” кіргізбей,  
Ұрпаққа атым білгізбей,  
Халық қайғысын жыр еткен  
Мұрамды көзге ілгізбей,  
Ғалым болған, балам-ау,  
Аса кеше болмасаң,  
Елге емші сөзімнен  
Жүрермең бүгін кір іздей,

— деп Дулат атынан ұлы ақын мұрасына теріс баға берушілерге қатты сын айтатыны бар.

Бұл құбылыс айтуға күлкілі, солай болса да Дулат мұрасы туралы танымдағы бір адым алға басқан қадамның екі адым кейін кеткені шындық.

Дулат жайында қалам тербеп, пікір айтқан, бірақ ол мұраны танып-біліп бағалауы әрқилы нысана танытқан зерттеуші тобы болды. Бірақ оларды түгел тізіп, пікір таластырып жатуға орын тар болуы себепті, ең соңғы және де ғылыми басылым ретінде 1986 жылы жарыққа шыққан “ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы” деп аталатын кітапта Дулатқа берілген бағаны еске алсақ та жетіп жатыр.

Бұл кітапқа да Дулат өлеңдері шамадан тыс сақтық жасалынып, кірмей қалды. Бірақ Дулат мұрасына: “Дулат... өмірге көзқарасы, идеялық позициясы жағынан феодал тобының тілек-мүддесінен, дүниетанымынан аулақ кете алған жоқ (?). Феодалдық өмір салтының қаймағы бұзылуынан қатты қорықты: “Заманның түрі бұзылды, Текеметтің түріндей”, “Құрттай нәрсе қалсашы, Бұрынғыдан ырымға” деп күйзеледі (?), феодал тобы сияқты Россия тарапынан келіп жатқан жаңалықтан (?), патша отаршылдарының қазақ жұртына жасаған озбыр қылықтарынан басқа ештеңені (?) көрмеді” (45-б.), — деп таптаурын болған ескі таным тұрғысынан шегелей баға бере кетуді ұмытпаған.

Осы бір сөйлемде ғана айтылған айыптай бағалаудың іргелі де жүйелі таным негізінде берілмеуі себепті, автор төрт түрлі қайшылыққа ұрынғаны көрініп тұр:

Дулатты феодал тобының дүниетанымынан, тілек-мүддесінен кете алмады деп бағалауды негізі жоқ, шындықтан алыс деп білеміз. Себебі Дулат өз өлеңдерінде малсыздардың, мұндылардың мүддесі тұрғысынан феодал тобының ел билеуші атқамінерлерін әшкерелей сынаған бірегей ақын болуымен дараланады. Өйткені Дулат өз заманында қазақ даласында орын тепкен саяси-әлеуметтік өмір шындығын ой елегінен өткізе суреттеуімен де көп сырға молықтырады.

1752-1755 жылдары Тобыл, Ертіс, Сібір линиясы Орынбор линиясымен түйісті. Оралдан Бұқтармаға дейінгі екі аралыққа 141 қорған салынып орнықты. Яғни:

Шыр айналап қорған тұр,  
Артында өрт, алдында ор,— (65-б.)

дегеннің өзі болды. Бұл кезеңде Россия патшалығы басты назарды Европа жағына бұруы себепті, қазақ даласын отарлауды үлкен сақтықпен, асықпай, қазақ жеріне көз алартып отырған Қытайдың қытығына тимеу үшін аралық жағдайды қатаң есепке алып жүргізді. Мұны “Жетісу қазақ әскерінің тарихы” (СПб. 1908) деген кітаптың авторы Леденев те айтады. Қазақ жерін отарлаудағы асса бір айлакерлік тәсілді және де мейлінше ащы бір шындықты: “... қазақтар арасындағы үздіксіз өзара ру таласын пайдаланып отырды. Олардың билік құмар ел билеушілері орыс ұлығының көмегімен билігін сақтап қалу мақсатында өздерін орыстардың қол астына алуға қол жеткізіп отырды” (55-бет), — деп жазуында тани білген кісіге көп нәрсенің қатпарлы сырларын ашып береді. Яғни “бөлшекте де билей бер”, “жабайыларды жабайылардың қолымен табындыр” дейтін отарлаудың ғасырлар бойы сыннан өткен классикалық тәсілдерін қамырдан қыл суырғандай ептілікпен жүргізіп, көздеген мақсаттарына оңай жолмен жетіп отырғанын көреміз.

1824 жылы орта жүзде бірнеше округтар құрылып, ел билеудің аға сұлтандық жаңа жүйесі орныға бастады. Бірақ Қытай мен екі арадағы жағдайға алаңдаған Сібір генерал-губернаторы Аягөз округын 1831 жылы ғана ашып, оған қоса Жетісуды отарлап алуды мақсат етіп қойды.

Міне, осындай ерекшелігі бар саяси-әлеуметтік жағдайды өз көзімен көріп, оның қайнаған ортасында ғұмыр кешкен Дулат жырау әскери қызмет адамы Леденев зерттеп барып ойтқан тарихи шындықтарды ақындық тілмен көркемдік шындыққа айналдыру арқылы қазақ қауымының саяси-әлеуметтік болмасында орын тепкен қосқыртыс құбылыстарды шыншылдықпен суреттеп бере алды. Мысалы, ел билеуші үстем тап өкілін:

Малсыздарды таптадың,  
Малдыларды жақтадың.  
Арамдарды ақтадың,  
Өсекшіні мақтадың...  
Орыс болды жаққаның,  
Қашан сенің ашылар,  
Мұндыларға құрылған,  
Қанды қара қақпаның,

— деп, Леденев айтқан шындықты дәл меңзейді. Дулат өз ішкі танымында “қанды қара қақпанның” иесіне іш

тартпайды, қайта мұңдыларды, малсыздарды ашық жақтап, отаршыл орыс ұлығына иық тірейтінін от ауызды, орақ тілді ақындарға тән батылдықпен ашық айтады.

Дулаттың әшкерелей сынайтын шыншыл ойының адресі кімдерге арналатынын да көруге болады:

Халыққа емес сыйымды,  
Парақор баспақ биінді,  
Ел бүлдіргіш бегінді,  
Улы тілмен ұлаттым,

— деп, кімдерді таянбалап, кімдерді қалқалап отырғанын ашық меңзейді.

Ал “Кеудеме қайғы толған соң, тұнық жырмен жуынам” дейтін ақиық ақын Дулаттың ұйқы бөліп, қайғы алған жүрекжарды ақындық ойының қозғаушысы кімдер? Қазақ қауымының қай тобы, қай жігі десек те бұған жауапты Дулаттың өзі береді:

Сана беріп ойына,  
Қуат беріп бойына,  
Аққан жасы сел болған,  
Етегі толып кел болған,  
Беріш боп шері байланған,  
Ұйқы беріп; қайғы алған  
Қайғылыны уаттым,

— деп тебіренген ашық таным, айқын ойдың сыншыл жыршысын қалайша феодал тобының тілегін жақтаушы деп көзін жұмған мысықтай көлгірси қаламыз?

2. “Заманның түрі бұзылды, текеметтің түріндей...” деп, феодалдық ескі өмірдің бұзылуына күйзелді деп, Шортанбай өлеңін Дулатқа тели салу білгірлікті көрсетпейді. Екіншіден, бұл өлең ХІХ ғасырдың екінші жартысында Россияда крепостнойлық правоның күйреуімен-ақ капитализм өріс жая бастаған тұста қазақ даласын да осы өріске тарту процесі күшейген кезеңдегі Шортанбай заманының шындығы болатын-ды. Осыған орай ел билеу жүйесі де жаңа нұсқа ережесі негізінде жүргізілді. Ал Дулат болса ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында өзіндік ерекшелігі бар ел билеудің аға сұлтандық жүйесі сырттан таңылған заманның ақыны. Осы себепті де дәуірдің екі бөлек ақыны әрқайсысы өзі жасаған саяси-әлеуметтік ортаның шындығын жырлағандықтан, олардың дәуірін алмастыру жаңылыс танымға алып келген.

3. Дулат “Феодал тобы сияқты Россия тарапынан келіп жатқан жаңалықтан (?), патша отаршылдарының қазақ



жұртына жасаған озбыр қылықтарынан басқа (?) ештеңені көрмеді" (14-бет), — деп айыптаудан екі түрлі қайшылық сезіліп тұр. Біріншіден "Россиядан келген жаңалық" деп нені айтамыз? Әлде отаршылдар сырттан таңған ел билеудің аға сұлтандық жүйесін айтамыз ба? Мұның өзі Россия империясының үстем табының отаршылдық мүддесінен туған айла-шарғылар емес пе?

Екіншіден, Дулат жасаған заманда қазақ даласына Россия отаршылдарының қарулы қолы келсе де, демократиялық азат ойлы Россияның еңбекшіл қауымы келе қоймаған түс болатын. Бұл іспеттес аралық жағдайды, ерекшелікті еске алмау да жаңылыс ұғымға әкеледі.

4. Отаршылдардың озбырлығынан басқаны көрмеді дедудің өзі де біржақты теріс ұғым тудырады. Өйткені Дулат өз заманы тудырған еңбекші халықтың екі жақты қанау процесін айқын түсініп, сырттан енген отаршылдық қанау мен мүддесі жағынан соларға қосылып, елді қосыла талаған қазақ атқамінерлерінің қорқау қасқыр құлықты мінезін көріп ашық сынға алған шыншыл ақыны болды. Яғни ол екі жақты қанауды да көре білген, әрі оны аяусыз ақындық ащы тілмен әшкерелей алған мұндылар мен қайғылылардың ақыны бола білді.

Міне, автор Дулат мұрасына баға берген бір тұтам сөйлеміндегі танымында төрт рет сүрініп жатқан себебі де айтыла-айтыла жауыр болған ескі таным тұтқынынан шыға алмай, тағы да Дулаттай дарынды ақын мұрасын екінші рет әділетсіз күйдіріп отырған замандасымызды көреміз.

Дулат мұрасының біздің заманда екінші рет жазықсыз күйінің басты себебін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, қадірменді жаңашыл ғалым Рәбиға Сыздықова өз мақаласында: "Дулатты тануымыз "Өсиетнаманың" идеялық-эстетикалық мазмұны мен сипатына қарай болып келгендігіне көзіміз жетті", — деп тұжырым жасауында қазіргі күнде әдеби оқырман қауым үлкен шындық болмысы жатыр. Әрі бұл расында мойындалған нақтылы танымға да айналып отыр.

Дулат мұрасын жаңа таным тұрғысынан әділ бағалап, әдебиеттегі заңды орнын алуына өмірден ерте кеткен аса талантты ғалым Құлмат Әмірәлиевтің 1983 жылы басылым көрген "Қазақ поэзиясының жанры және стилі" деп аталатын монографиясының мәні ерекше болды. Өйткені ғалымды ақын мұрасын танып білу жолында жаңаша зер-

ттеу әдісіне сүйене отырып Дулат өлендерінің басты сарынын тудыруға себепкер болған сол кезеңнің тарихи жағдайларымен бірлікте ала отырып қарастыруы жаңа танымға алып келді. Бірақ Дулат мұрасын жаңаша бағалап, әдебиеттегі орнын анықтау Қ.Өмірәлиевке оңайға түспеді. Мұндай жаңаша танымға қарсыластар әдеби қауым арасынан шықпай, мүйізі қарағайдай лауазымды ғылым адамдары арасынан бой көрсетті. Өз таным тұрғысынан екі жақты қаналып, езгіге түскен халқын:

Хайуанмен тең саналдың,  
Терідей болып тоналдың,  
Жол таба алмай қамалдың,

— деп, кеудесіне халық қайғысы тұнған ақын мұрасын терең зерттеп, бойлай танып білуге ұмтылған ғалымның азаматтық әрекетіне әриқилы сылтаулармен тосқауыл қоюға тырысқан ғылым адамына арналған өлеңінде Құлмат:

Азамат ұл тарихтан сыр іздеген,  
Сыр іздеген, көнеден тіл іздеген.  
Тіл іздесе, көлденең біреу тұрды,  
Ой-қиялды тарихқа жүргізбеген.  
Жүргізбеген, тарихты білгізбеген,  
Білсем деген ниеттен кір іздеген,

— деп ашына жазуында күдікшіл, кертартпа жандарды таңбалап өтетіні бар. Академик Д.С.Лихачев те ескі мұраны бағалауда мезі болған танымға табынған кісілер жөнінде: "...кісінің мәдени ой-өрісі қаншалықты тар әрі шектеулі болса, онда мұндай кісі барша жаңалықтарға және "барынша көнеге" солғұрлым жаны төзгісіз, мұнымен бірге ол кісі өзінің әдетіне айналған ұғымның билігіне солғұрлым тәуелді, барынша күдікшіл жан",— болып келеді деп ескертетіні де жай нәрсе болмаса керек-ті.

Қазақ әдебиеті тарихындағы ойдым-ойдым ақтаңдақ болып жатқан жерлерді танып-білуге, оның жақсы жақтары мен көлеңкелі тұстарын тұтас алып, шындықты бар болмысымен ашуға тосқауыл болып келе жатқандар да осындай мейлінше күдікшіл, әдетке айналған ескі ұғымтанымның тұтқынынан шыға алмаған жандар екені сөзсіз, әрі ондайлар әлі де ұшырасып отырады.

Дулаттың бүкіл туындыларына текстологиялық зерттеулер жүргізіп, оның атына таңылып келген жамау, жасқаулардан арылтып, асылынан жасығын ажыратып екселген "Дулат жырау. Замана сазы" (көлемі 8 баспа

табак) деген жинақ 1982 жылы “Жазушы” баспасының қоржынына түскен еді. Қ.Өмірәлиев даярлаған Дулат өлеңдерінің жинағын енді ешкім де дәл ондай дәрежеде даярлап бере алмайтынын баспагерлер білсе де, күдікшіл жандардан сескеніп, жариялауды қолға алмай-ақ келді. Арада тоғыз жыл өткен соң барып, 1991 жылы әрең басып шығарды. Өйткені, дүлдүл ақын Лияс:

Өзгеге ұғындырмас, өзі бұзбай,  
Сыншыдан сақта құдай сортаң тұздай,

— деп дөп басып айтқандай, ескі таным шеңберінен шықпай пікір білдіретін тұрпайы ұғымдар жаңбырдан кейін бой көтеретін саңырауқұлақтай тіпті бүгінгі кезеңде де әр тұстан қалқайып бой көрсетіп жүр емес пе?

Отарлаушы патша жендеттері және олармен ауыз жаласып бірігіп кеткен жергілікті ел билеушілер халықты жерден айырып, хайуанмен тең санап зорлық-зомбылық көрсетіп қорлауы саналы ақын Дулаттың арқасына аяздай батты. Өмірден көрген рухани азабы тілінен у боп төгілді. Халықтың мұңы мен қайғысына ем бола сөйлеген сөзінде ақын шығармаларының ең басты әлеуметтік сарыны жатты. Туған халқының екі жақты қанауға түсіп, көз жасының көл боп ағуы, қайғысы мен мұңы патриот ақын Дулаттың сыры ретінде жыр болып төгілді:

Шенділердің қылығы,  
Елге істеген былығы,  
Парақор би мен ұлығы,  
Ұйықтасам кіріп түсіме,  
Өңімде қуат күшіме,  
Есерлердің ішіне,  
Азған елдің ішінде,  
Дулат сымды сорлыда,  
Ұйқы, тыныштық бола ма?

— деп өзінің бүкіл жан дүниесін, танымын, ой-пікірін алдымызға жайып салады.

В.И.Ленин “Великорустардың ұлттық мақтанышы” деген мақаласында патша жендеттеріне тойтарыс берген күштің әрқилы өкілдерін ұлттық мақтаныш көрсе, ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқын екі жақты қанау мен жүгенсіз кеткен зорлық-зомбылыққа қарсы ба-тыл үн көтерген, ақындық сөзімен шенділер мен парақор ұлықты улатқан, қорлық көріп еңіреген мұңдыларды жұбатқан Дулат мұрасын неге мақтан көріп, өз дәрежесінде бағаламасқа.

## МАЗМҰНЫ

Педагогика. Мораль . . . . .	3
Психология. Этика . . . . .	12
Философия. Этика . . . . .	21
Эстетика. Әдебиет . . . . .	26
Сатиралық сөздер . . . . .	28
Абай афоризмдерінің туу негіздері жайында . . . . .	32
Абайды танудың жайы мен міндеттері . . . . .	47
Абай және М.Әуезов . . . . .	64
Абай қарасөздері синтаксисіндегі екі ерекшелік . . . . .	91
Ұлы ақын туралы бір-екі мағұлмат . . . . .	96
Абайдың қарасөздерін оқыту . . . . .	100
Мекемтас Мырзахметов. Екі күймек бір жанға әділет пе? . . . . .	110

**“Қазақстан баспасынан  
1993 жылы мынандай кітаптар  
жарық көреді:**

1. Қ. Салғараұлы. **ТАНЫМ БАСПАЛДАҚТАРЫ.** Көлемі 6 баспа табақ.
2. Ж. Абылаев. **КІШКЕНЕ БЕЗДЕРДІҢ ҮЛКЕН ҚҰПИЯСЫ.** Көлемі 8 баспа табақ.
3. **ҚОРҚЫТ АТА.** Аударған Әнуәр Дербісалин. Көлемі 5 баспа табақ
4. Ж. Қасымбаев. **КЕНЕСАРЫ ХАН.** Көлемі 6 баспа табақ.
5. Ж. Сыдықов, Ф. Қабиев. **ГИДРОГЕОЛОГИЯ МЕН ИНЖЕНЕРЛІК ГЕОЛОГИЯ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫСША-ҚАЗАҚША ЖӘНЕ ҚАЗАҚША-ОРЫСША ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК.** Көлемі 9 баспа табақ.

**Құлмат Өмірәлиев**  
**АБАЙ АФОРИЗМІ**  
**АФОРИЗМЫ АБАЯ**

Редакторы *М. Қазбаков*  
Суретшісі *Ә. Рехманов*  
Көркемдеуші редакторы *Б. Машрапов*  
Техникалық редакторы *Л. Конысова*  
Корректоры *Г. Бектәмісова*